

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ  
ХРОНИКАСЫ  
2000 ЖЫЛ**



АСТАНА 2012

УДК 342  
ББК 67.400.6  
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

**Редакциялық-баспагерлік топ:**

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,  
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,  
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,  
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,  
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет  
хроникасы. 2000 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 252 б.

**ISBN 978-601-7259-40-2**

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2000 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2000 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт-дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған. Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342  
ББК 67.400.6

**ISBN 978-601-7259-40-2**

© Қасымбеков М.Б., 2012  
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012  
© Барлық құқықтары қорғалған

**2000** жыл мыңжылдықтар тоғысына сәйкес келе отырып, әлемдік қауымдастықты өткен XX жүзжылдықтың қорытындыларына сыни тұрғыдан қарауға ұмсындырып қана қоймай, әлемнің алдағы онжылдықта даму келешегінің бағыт-бағдарын болжамдауға байланысты, сол кезеңнің ерекше даму динамикасын да алдын ала айқындап берді. Тәуелсіз дамудың алғашқы онжылдық кезеңін аттағалы отырған жас мемлекет Қазақстан Республикасы үшін 2000 жыл тарихи өлшем бойынша егеменді дамудың қысқа мерзімінде қол жеткізген барлық нәтижелерді қайта ойлау, бағалау және сараптау кезеңі болды.

Әлемдік дағдарыстар кезеңдерінен аман-есен шыққан және қиын әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізуде даусыз әрі елеулі табысқа қол жеткізген Қазақстан, мемлекеттік дамудың жаңа, сапалы кезеңіне өтуге дайындалып жатты. Бұл жыл бойында жүзеге асырылған немесе қабылданған барлық бастамалар мен жоспарларда, әрекеттер мен іс-шараларда байқалып тұрды. Көрсетілген кезеңде сондай-ақ ұлттық экономиканы одан әрі нығайту, оның нарықтық негізін және инвестициялық тартымдылығын нығайту бойынша бірқатар нақты шаралар қолданылды.

2000 жылға қарай Қазақстанның сыртқы саясаттағы таңдап алған көп векторлылық үлгісі тұжырымдама түрінде жасалып қана қоймай, әрі саяси, әрі ұйымдастырылған түрде жүзеге асты. Республика өңірлік қауіпсіздік жүйесін нығайту бағытында және еуразиялық кеңістіктегі өңірлік кең интеграцияны дамытуға нақты қадамдар жасады. Жалпы алғанда, тәуелсіздік таңында таңдалып алынған тұрақтылық пен орнықтылық, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтармен сындарлы ынтымақтастық және әріптестіктің достық саясатын жүргізу принциптеріне беріктілігі республикамызды жақсы жағынан көрсеткен Қазақстанның визит карточкасына айналды.

2000 жылы Мемлекет басшысының экономикалық саладағы басты назары макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықтың басты факторы ретіндегі бюджеттің тапшылығын қысқартуға, сондай-ақ икемді макроэкономикалық саясатты жүргізуді және дағдарыс жағдайларында бюджетке резерв құруды жүзеге асыруға бағытталған еді.

Жылдың басында және ортасында өткен екі Үкімет отырысында Елбасы бірінші кезектегі жұмыстарды анықтап берді. Олардың қатарында әлеуметтік климатты жақсарту, экономиканы басқарудың тиімділігін арттыру, өндіріс секторын несиелеу, экономиканың шикізаттық бағытын өзгерту және өңірлік тепе-теңсіздікті жою бар.

Жыл ішінде Мемлекет басшысы тұрақты негізде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің, Қазақстан Республикасы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есебін тыңдап отырды, бұл бюджет тапшылығынан арылу мен бюджет шығындарын бақылау қажеттігінен туындады.

Желтоқсан айында Алматы қаласында өткен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен кездесуде Президент 2000 жылға Үкіметке және өңірлердің басшыларына берілген негізгі тапсырмалардың орындалуы жөніндегі әкімдердің есебін тыңдады. Келесі — тәуелсіздіктің 10 жылдығы тойланатын Қазақстанның мерейтой жылына арналған тапсырмаларға Н.Ә. Назарбаев 5 басым бағытты жұмыстарды атады. Олар: кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа кәсіпорындарды іске қосу және зауыттарды қайта құру, автомобиль жолдарын салу, нашақорлыққа қарсы күрес.

Сондай-ақ Президент 2000 жылы ел ішінде 20 жұмыс сапарында болды. Олардың барысында Шығыс Қазақстан облысындағы ерігіш ильменит концентратының кешені мен Ертіс өзеніндегі көпір, Алматы облысында «Philip Morris» жаңа өндіріс кешені сияқты және т.б. ірі нысандарды ашты.

Аталған нысандардың көбі Қазақстанға шетел инвестициясын тарту арқасында қатарға қосылды. Бұл тұрғыда Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қамқоршылық етуімен Давостың қолдауымен сәуірде Алматы қаласында өткен I Еуразиялық экономикалық саммит ерекше мәнге ие болды. Оған әлемнің 37 елінен келген іскерлік және саяси элитаның 500-ден астам өкілі, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, ХВҚ, ЕҚДБ, ХҚДБ, ЭЫҰ, ИҚҰ, БҰҰДБ, ДСҰ, ТМД, ЕҚЫҰ, Ислам даму банкі, Азиялық даму банкі және т.б. басшылары қатысты. Сондай беделді форумның өткізілуі әлемдік қоғамдастық тарапынан республикаға деген қызығушылықтың өскенінің куәсі болды.

Инвестициялық саясат мәселелері желтоқсан айында Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің IV отырысында да талқыланды, онда Н.Ә. Назарбаев инвесторлардан жеткілікті салық төлемдерін енгізуді, шетелдік жұмыс күшін тасудан бас тартуды және теңқұқықты халықаралық бәсекелестік принциптерін сақтауды талап етті.

Сондай-ақ Президенттің жеке қабылдауы барысында экономиканың алуан түрлі қырлары талқыланды. Жыл ішінде олардың қатарында еліміздің барлық өңірлерінен келген шағын және орта бизнес өкілдері және ірі компаниялардың топ-менеджерлері болды. Бұл кездесулердің күн тәртібіндегі мәселелері шағын кәсіпкерлікті несиелеумен, тау-кен саласын инвестициялаумен, шаруа қожалықтарын дамытумен, астықты өткізумен және т.б. байланысты болды.



Саяси жағынан бұл жыл Қазақстан үшін демократиялық реформаларды тереңдету бағытында болды. Оның басты мақсаты саяси және экономикалық даму деңгейіндегі тепе-теңсіздікті төмендетуге, сондай-ақ елдегі демократияны одан әрі дамытуға бағытталған.

Өзінің 24 қазандағы «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Қазақстан халқына Жолдауында Н.Ә. Назарбаев құқықтық мемлекет негіздерін нығайту, азаматтық қоғамды және бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, сондай-ақ

мемлекеттік тұрақтылықты сақтай отырып, саяси жүйенің институттарын одан әрі либералдау қажеттігіне баса назар аударды.

Президенттің екінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті ІІ сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі де осы мәселеге арналған еді. Сессияның ашылуында, сондай-ақ Парламент Палаталарының төрағалары О.Ә. Әбдікәрімовпен, Ж.А. Тұяқбаймен және депутаттармен тұрақты кездесулерінде Н.Ә. Назарбаев депутаттардың назарын халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, құрылыс жинағы, трансферттік баға белгілеу, бәсекелестік, монополиялық қызметті шектеу туралы өмірлік қажетті заң жобаларын тездетіп жасауға аудартты.

Мемлекет басшысы сондай-ақ дәстүрлі түрде, Орталық Азия өңіріндегі экстремистік қозғалыс күрт жанданып тұрған шақта ерекше маңызға ие болып отырған елдегі этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелеріне көбірек назар аударды. Мамыр айында Президент Алматы қаласында ашылған І Қазақстан халықтарының достығы фестиваліне қатысты. Оған әлемнің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі этностардан 400-ден астам делегаттар қатысты. Жыл соңында Мемлекет басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының VII сессиясына төрағалық етті. Онда Қазақстанның және тұтас Еуразияның аумағындағы этностар мен діндердің өзара әрекеттестігінің мәдени дәстүрінің бар екендігін көрсете отырып, Қазақстандағы біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастырудың негізгі шығу нүктелерін тұжырымдады.

2000 жылдың Мәдениетті қолдау жылы болып жариялануына байланысты, Президент Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына, Солтүстік Қазақстан облысындағы көрнекті қазақ жазушысы С.М. Мұқановтың 100 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты, сондай-ақ әдебиет пен өнердің көрнекті қайраткерлеріне мемлекеттік наградалар мен стипендиялар табыс етті.

Н.Ә. Назарбаев қоғаммен тығыз байланыс жасап отырды. Жүйелі түрде кездесулер өткізіп, қоғамдық іс-шараларға қатысып және үндеулерін айта отырып, елдегі және қоғамдағы жағдайды, халықтың жағдайын, сондай-ақ оларды мазалаған мәселелер жайында халықтың өз аузынан естіп білу мүмкіндігіне ие болды.

Президент 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында әйелдерді мерекелерімен құттықтады және көп балалы аналардың үлкен тобын «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапаттады, мамырда «Ақ жол» фестивалінде Алматы мектептерінің түлектеріне бата берді, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының белсенділерімен және басшыларымен кездесті. Жыл ішінде Президент сондай-ақ Қазақстан кәсіподақтары Федерациясының төрағасы С.Ө. Мұқашевпен, Социалистік Еңбек Ері К.Б. Дөненбаевамен, «Болашақ» бағдарламасының түлектерімен, Қазақстанның ұлттық олимпиадалық құрамасымен, елдің қоғамдық жастар қозғалыстарының жетекшілерімен, шағын және орта бизнес өкілдерімен, Қазақстанның агроөнеркәсіп одағының мүшелерімен және т.б. кездесті.

Мемлекет басшысының 2000 жылдағы сыртқы саясаттағы қызметі қанық сипатқа ие болды. Н.Ә. Назарбаев жыл ішінде көптеген мемлекеттік және жұмыс бабындағы шетелдік сапарларда болды, халықаралық форумдарға және көпжақты кездесулерге қатысты, сондай-ақ Қазақстанға келген шетелдік беделді қонақтармен кездесті.

Президенттің 2000 жылдағы сапарларының географиясы мен мазмұны халықаралық байланыстарды ұйымдастыруға және дамытуға Қазақстанның

көпвекторлы әдіс тізбегін қолданғанын көрсетті. Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің басшыларымен (Қытай, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және т.б.) және халықаралық ұйымдардың басшыларымен (БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО) кездесті.

2000 жылы Қазақстан Республикасына сапарларымен Ресей Федерациясының, Түркия Республикасының, Литва Республикасының президенттері В.В. Путин, А.Н. Сезер, В. Адамкус, ҚХР Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтао, Пәкстан Ислам Республикасы Атқарушы билігінің басшысы П. Мушарраф, Қырғыз Республикасының, Украинаның, Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының премьер-министрлері, АҚШ Мемлекеттік хатшысы М. Олбрайт, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Я. Кубиш, НАТО Бас хатшысы Дж. Робертсон және т.б. келді. Жыл ішінде шетел мемлекеттерінің елшілері Президентке 10 сенім грамоталарын табыс етті.

Қазақстанның Таяу Шығыс мемлекеттерімен жемісті қарым-қатынастары жалғасын тапты. Жыл басында Н.Ә. Назарбаев қысқамерзімді демалыс уақытында Біріккен Араб Әмірліктерінде болды. Онда ол БАӘ Президенті шейх Заид бен Сұлтан әл-Нахаянмен кездесіп, онымен 1998 жылғы мамырдағы Н.Ә. Назарбаевтың БАӘ-не ресми сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықты жылдам жүзеге асыру, сондай-ақ Астана қаласындағы нысандардың құрылысына БАӘ-нің қатысуы мәселелерін талқылады.

Н.Ә. Назарбаевтың Израиль мемлекетіне жасаған сәуірдегі ресми сапарының жұмыс бағдарламасы өте қанық болды. Сапар барысында Мемлекет басшысы Президент Э. Вейцманмен, Премьер-министр Э. Баракпен, Палестинаны Азат ету ұйымы атқару комитетінің төрағасы Я. Арафатпен кездесті және «Инвестициялар Қазақстанға» атты халықаралық конференцияға қатысты.

Қазақстан еуропалық мемлекеттермен ынтымақтастығын белсенді дамытып отырды. Н.Ә. Назарбаев ақпан айында Вена қаласында ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің жұмысына қатысты, оның аясында ЕҚЫҰ төрағасы, Австрия Республикасының Федералды сыртқы істер министрі Б. Ферреро-Вальднермен, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Я. Кубишпен, ЕҚЫҰ Демократия және адам құқықтары жөніндегі бюросының директоры Ж. Штудманмен, МАГАТЭ Бас директоры М. әл-Барадеимен және т.б. кездесті.

Мемлекет басшысының Дания мен Ұлыбританияға сапарлары айрықша болды. Бельгия Корольдігіне сапары да үлкен мәнге ие болды, онда ол Король II Альбертпен, НАТО Бас хатшысы Дж. Робертсонмен және Еуропалық комиссия Президенті Р. Продимен кездесті. Франция Республикасына сапары барысында Н.Ә. Назарбаев Франция Президенті Ж. Ширакпен, Премьер-министр Л. Жоспенмен, Парламент Палаталарының төрағалары Р. Форнимен және К. Понселемен және т.б. келіссөздер жүргізді.

Америка Құрама Штаттарымен нәтижелі қатынастарды дамыту жалғасын тапты. Сәуір айындағы АҚШ Мемлекеттік хатшысы М. Олбрайтпен кездесуі демократия мен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамытуды қоса алғандағы кең ауқымды мәселелер бойынша екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға арналды. Қыркүйек айының басында Президенттің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 55-сессиясы аясында өткен мемлекет және үкімет басшыларының үлкен форумына — мыңжылдық саммитіне қатысу үшін АҚШ-тың Нью-Йорк қаласына сапары маңызды болды.

Н.Ә. Назарбаевтың посткеңестік кеңістіктегі дипломатиясы нәтижелі болды.

Мемлекет басшысының Әзірбайжан Республикасына ресми сапары барысында экономикалық, ақпараттық және мәдени ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелері көрініс тапқан бірқатар құжаттарға қол қойылды. Сол елде Мемлекет басшысы түркі тілдес мемлекеттердің IV саммитіне қатысты. Онда Каспий теңізінің

табиғи байлықтарын игеру, соның ішінде Каспий мұнайын тасымалдау және Каспий қайраңында зерттеу және өндіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі теңіздің және өңір тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Мамырда Президент Беларусь Республикасына ресми сапармен барды. Мұнда Н.Ә. Назарбаев Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Кеден одағының Мемлекетаралық кеңесі отырысы мен ҰҚШ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиясына қатысты.

Маусымда Мемлекет басшысы ресми сапармен Тәжікстан Республикасында болды. Онда Президент Э.Ш. Рахмоновпен кездесті және халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелерін, экстремизмге, лаңкестікке, есірткі бизнесіне және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті бірлесе күшейту мәселелерін, сондай-ақ екіжақты сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Маусымның ортасында Ресей Президентінің лауазымына В.В. Путиннің келу сәтінен бастап Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясына алғашқы ресми сапары сәтті өтті. Сапар барысында экономикалық ынтымақтастыққа, әскери-саяси саладағы өзара әрекеттестікке және мәдени-гуманитарлық саладағы бірлескен қадамдарға қатысты мәселелердің үш топтамасы қаралды. Атап айтқанда, Каспий теңізінің қайраңындағы табиғи ресурстарды бірлесе игеру және қазақстандық мұнайды Ресей аумағы арқылы тасымалдау, «Байқоңыр» ғарыш айлағын одан әрі қолдану, Қазақстан әскерінің офицерлерін Ресейдің әскери оқу орындарында оқыту және Қазақстанға ресейлік әскери техника мен жабдықтарды жеткізу, ТМД аумағында арнайы орыс тілі мен мәдениетін қорғау қорын құру және т.б. мәселелер қозғалды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Украинадағы өзі металлург мамандығын алған Днепродзержинск қаласының 250 жылдығын тойлауының құрметті қонағы болды. Онда Н.Ә. Назарбаев Украина Президенті Л.Д. Кучмамен кездесті және экономикалық қатынастарды одан әрі нығайту, екі ел арасындағы сауда көлемін арттыру шараларын талқылады.

2000 жылы Достастық кеңістігіндегі интеграциялық үдерістер жандана түсті. Бұл мәселелер ТМД-ның қаңтарда, маусымда, тамызда және желтоқсанда өткен төрт саммитінде, сондай-ақ Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Кеден одағының Мемлекетаралық кеңесінің екі отырысында басты талқылау тақырыбына айналды. Олардың нәтижесінде интеграциялық үдерістерді дамытуда маңызды оқиғаға айналған жаңа халықаралық ұйым — Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) бекітілді.

Жыл соңында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында Мемлекет басшысы республиканың халықаралық қызметінің бастапқы қорытындысын жасады және сыртқы саясат ведомстваларының жұмыстарына баға берді. Ол жаңа жүзжылдық қарсаңындағы әлем дамуының негізгі бағытының талдауын ұсынды және әлемдік қоғамдастықтағы Қазақстанның орны мен рөлін сипаттады, сондай-ақ Қазақстан дипломатиясының болашақтағы әрекетінің стратегиясын белгіледі.

Мемлекет басшысының 2000 жылдағы сыртқы саяси қызметінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері ерекше орын алды.

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің сәуір айындағы отырысының қорытындысы бойынша лаңкестікке, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыс және тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне қарсы күрес жөніндегі бірлескен әрекет туралы келісімге қол қойылды.

ТМД органдарының желісі бойынша да ұқсас жұмыстар жүргізілді. Халықаралық лаңкестікке қарсы күрес бағдарламасын әзірлеу және ТМД лаңкестікке қарсы орталығын құру қажеттігі туралы Н.Ә. Назарбаевтың ұсыныстары жоғарыда айтылған Достастық саммиттерінің аясында қолдау тапты және талқыланды. 1 желтоқсанда Минск қаласында өткен ТМД мемлекет басшыларының кеңесі отырысында ол туралы ереже қабылданды.

Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың тамыздағы Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері басшыларының бiшкектік кездесуіне және ҰШҚ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мамырда Минск қаласында және қазанда Бішкек қаласында өткен екі сессиясына қатысуын атап өту керек.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты жандандыру көбінесе Орталық Азиядағы қиын ахуалға және Ауғанстандағы шиеленіскен әскери-саяси жағдайға байланысты болды. Осыған орай ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жыл ішінде Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің үш отырысына қатысты. Онда жаңа әскери доктрина жобалары, әскери реформа, 2005 жылға дейінгі әскери құрылыстың мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамалары, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің және әскери техниканың түгелдігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ Президенттің елдің Қарулы Күштерінің жоғары басшылығымен, «Шанхай бестігі» мемлекеттерінің қорғаныс министрлерімен, Астана қаласында өткен ТМД елдерінің арнайы қызметінің және қауіпсіздік органдары басшылары кеңесінің VIII отырысына қатысушыларымен кездесулері өтті.

2000 жылы мемлекеттің қорғаныстық қабілетін арттыру мәселелері басты назарда болды. Атап айтқанда, осы кезеңде жаңа әскери доктрина қабылданды, 2001 жылдан бастап әскерді қаржыландырудың жылдық көлемін ЖІӨ-нің 1%-нан кем емес етіп арттыру туралы мәлімдеме жасалды, әскери округтердің қайта құрылымдалуы жүргізілді.

Жыл ішінде Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес мәселелері және құқық қорғау органдары қызметін жетілдіру мәселелері жөніндегі екі кеңеске төрағалық етті. Оларға Үкімет мүшелері және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.



Жалпы алғанда 2000 жыл Қазақстанның мемлекеттік дамуының жаңа мақсаттарына, мүмкіншіліктеріне және межесіне өтуінің бастамасы болды. Олардың жүзеге асырылуы келер жылдардың еншісінде еді. 1990 жылдардың аяғында әлемдік экономикалық және өңірлік экономикалық дағдарыс кезеңінен өткен ел, әлемдік қоғамдастықпен бірге жаңа жүзжылдыққа қадам басуға дайындалып жатты. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығының аяғына қарай, өзінің жастығына қарамастан, Қазақстан стратегиялық дамуда көрсетілген өзінің ұзақмерзімді мүддесі мен басымдықтарын белгілеп қана қоймай, оның сәтті іске асуының мықты тетігін жасай білді. Сырттан келетін қауіптерді сезіне отырып, Қазақстан экономикалық қарым-қатынастар саласының және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың халықаралық және өңірлік үдерістерінің белсенді қатысушысына айналды. Бұл ретте республика дипломатиялық байланыстардың қарқынын күшейтіп қана қоймай, бірқатар өміршең интеграциялық бастамаларымен сенімді түрде алға шықты. Олардың тиімділігі кейінірек дәлелденетін болады.



# ҚАҢТАР



|    |   |   |    |    |    |    |
|----|---|---|----|----|----|----|
| Дс |   | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Сс |   | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Ср |   | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Бс |   | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Жм |   | 7 | 14 | 21 | 28 |    |
| Сн | 1 | 8 | 15 | 22 | 29 |    |
| Жк | 2 | 9 | 16 | 23 | 30 |    |



## 1 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстанская правда» газетінің тілшілері мен оқырмандарына басылымның 80 жылдығына байланысты құттықтау жолдады. Құттықтауда: «...Еліміздің жарқын әрі қайғылы өмірбаянының беттері көне әрі нағыз халықтық газет «Қазақстанская правда» газетінің беттерінен көрініс тапты. Менің «Қазақстанская правдамен» достығым тура 37 жыл бұрын алғашқы мақаламды жариялаған уақыттан басталды. Бүгінде газет жаңа, демократиялық Қазақстан құруға белсенді атсалысуда.

«Қазақстанская правда» алдағы ғасырда да отандық журналистиканың флагманы болып қала береді деп үміттенемін...», — делінген.

## 3 қаңтар

Мемлекет басшысы «В.В. Богатырьды II дәрежелі «Достық» орденімен награптау туралы» №322 Жарлығына қол қойды.



*Богатырь В.В. — 1993–1999 жылдардағы Украинаның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі.*

## 6 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 тамыздағы №3621 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №323, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі №3436 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №324 жарлықтарына қол қойды.

## 7 қаңтар

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Ораза айт және Христыстың туған күні мейрамдарымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президентінің міндетін атқарушы В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Қазақстан-Ресей қатынастарының жағдайы мен даму перспективалары, сондай-ақ 2000 жылдың 25 қаңтарында Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына дайындық барысы талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиадалық комитетіне құрылғанына 10 жыл толуына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.



*Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті (ҚР ҰОК) 1990 жылдың 3 ақпанында құрылды және 1992 жылдың наурызында Халықаралық олимпиадалық комитет болып танылды. ҚР ҰОК дербес тәуелсіз қоғамдық ұйым болып табылады. Оның міндеті — Қазақстан аумағында олимпиадалық қозғалысты дамыту.*

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Б. Римованың қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына және жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

## 8 қаңтар

Мемлекет басшысы «Еуропалық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы» №325 Жарлығына қол қойды.

## 10–22 қаңтар

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

## 12 қаңтар

Мемлекет басшысы И.А. Каримовке Өзбекстан Республикасы Президенті болып қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

## 19 қаңтар

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста Біріккен Араб Әмірлігінде жүріп, осы елдің астанасы Абу-Даби қаласында БАӘ Президенті шейх Заид бен Сұлтан әл-Нахаянмен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында мемлекет басшылары екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың даму барысына қанағаттанатындарын білдірді және 1998 жылдың мамыр айындағы Н.Ә. Назарбаевтың БАӘ-не ресми сапары кезінде қол жеткізілген келісімдерді жылдамырақ жүзеге асыру, сонымен қатар Астана қаласындағы нысандардың құрылысына БАӘ-нің қатысу мәселелері талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев БАӘ Президентін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

## 21 қаңтар

Мемлекет басшысы «ҚХЖБ-топ» Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы» жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері ту-

ралы» №326, «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы» №327, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін бекіту туралы» №328 жарлықтарына қол қойды.

## 23 қаңтар

Мемлекет басшысы ұзаққа созылған аурудан қайтыс болған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бұрынғы төрағасы М.Т. Оспановтың Алматы қаласындағы отбасында болып, туған-туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтты.



*Оспанов М.Т. — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тұңғыш төрағасы (1996–1999 жж), Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің I және II шақырылымдарының, Парламент Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық «Еуразия» академиясының академигі.*

## 24 қаңтар

Мемлекет басшысы 2000 жылдың 25 қаңтарында өтетін ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының Президенті А.Г. Лукашенкомен екіжақты келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында алдағы саммиттегі бірлескен ұстанымы келісілді.

## 25 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте ТМД орталық ұйымдарының ағымдағы қызметінің, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын тойлауға дайындық және құқық қорғау саласындағы ынтымақтастықты тереңдетудің мәселелері талқыланды.

Саммит барысында Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған халықаралық лаңкестікке қарсы бағдарламаны жасау және лаңкестікке қарсы біртұтас орталық құру туралы ұсынысқа ерекше назар аударылды.



*Мемлекет басшыларының кеңесі ТМД жоғарғы органы болып табылады. Оның жұмысы 1991 жылғы 8 желтоқсандағы ТМД-ны құру туралы келісіммен және 1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД Жарғысымен реттеледі. Жарғыға сәйкес Кеңесте төрағалық ету мерзімі — 1 жыл.*



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президентінің міндетін атқарушы В.В. Путинмен кездесті және экономикалық, саяси және қорғаныс саласында Қазақстан-Ресей қатынастарын одан әрі дамытудың өзекті мәселелерін талқылады.



## 27 қаңтар

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Армения Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Хуршудяннан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Астана қаласының Конгресс-холл ғимаратында жайылған Қазақстанның жаңа астанасындағы басты құрылыстардың нақтыланған жоспарымен танысты.

Қала әкімшілігінің басшылығымен және сәулетшілермен тыңғылықты әңгімеден кейін Н.Ә. Назарбаев Астана қаласының көгалдандыруына, Есіл өзені жағалауының жобасына, астана орталығын қайта құруға қатысты бірқатар ескертулер айтты.



## 28 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Көлік министрі С.О. Франкты және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі С.М. Бүркітбаевты қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев министрлердің, сондай-ақ Қазақстан және Ресей азаматтарының назарын екі елдің экономикалық сұраныстарын толық қанағаттандыру үшін көлік коммуникациясын жылдам дамыту қажеттігіне аударды.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы М.С. Өтебаевты қабылдады. Ол 1999 жылдағы ел бюджетінің орындалу қорытындылары және комитет жұмысы жайлы хабардар етті.

Президент М.С. Өтебаевқа залалды кәсіпорындардың санациясына берілген несиелердің бюджетке қайтарылуын, сондай-ақ ел азаматтарына жалақы мен зейнетақының өз уақытында төленуін қадағалауды күшейтуді тапсырды.

# АҚПАН



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс |   | 7  | 14 | 21 | 28 |
| Сс | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Ср | 2 | 9  | 16 | 23 |    |
| Бс | 3 | 10 | 17 | 24 |    |
| Жм | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Сн | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Жк | 6 | 13 | 20 | 27 |    |





## 2 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста 1999–2005 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясына сай жасалған Қазақстан Республикасы жаңа Әскери доктринасының жобасы және орташа мерзімді кезеңге арналған елдің әскери-саяси басымдықтарын анықтаған тапсырмалар қарастырылды. Олардың қатарында әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қарулы қақтығыстарды болдырмау, алдағы әскерді қайта құру аясындағы әскери құрылыс, халықаралық міндеттерді орындау бар.

Талқылау қорытындысы бойынша Президент Қазақстан Республикасы Үкіметіне жаңа доктрина ережелерін жүзеге асырумен байланысты бірқатар нақты тапсырмалар берді, сондай-ақ 2001 жылдан бастап әскери саланы қаржыландыруды 30%-ға ұлғайту туралы ұсынысты қолдады.



Мемлекет басшысы «Н. Н. Якубовты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №329 Жарлығына қол қойды.



*Якубов Н.Н. — 1993–2000 жылдардағы Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі.*

## 4 ақпан

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ережені бекіту туралы» №330, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №331 жарлықтарына қол қойды.

## 7 ақпан

Мемлекет басшысы ірі еуропалық басылымдардың бір топ тілшілерін қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, елдің инвестициялық саясаты және Еуразиялық экономикалық форум туралы «Financial Times» (Ұлыбритания), «Le Monde» (Франция) және «Frankfurter Allgemeine Zeitung» (Германия) тілшілерінің сұрақтарына нақты жауап берді.

Батыс тілшілерін сонымен қатар жаңа астананың даму перспективасы, жемқорлыққа қарсы күрес жағдайы және перспективалары, халықаралық өзекті мәселелер бойынша Қазақстанның ұстанымы қызықтырды.

### 8 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесінің жұмысына қатысты.

Президент жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған 2000–2002 жылдарға арналған Ауылшаруашылық өндірісін дамыту бағдарламасының күшті және осал тұстарын атап көрсете отырып, аграрлық секторда қалыптасқан жағдайды талдады.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев «...соңғылар өздерінің қаржыларын қайтару құқығынан айрылған кезде шаруашылықты күйрету, жұртты тарату және несие берушілерді алдау мақсатын қойған жоқ...» дей келе, залалды ауылшаруашылық өндірістерін санациялау үдерісін аяқтау қажеттігін атап көрсетті.



Мемлекет басшысы Астана қаласының технопаркіне жайылған ауылшаруашылық техникалары көрмесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент алыс шетелдегі әріптестерімен бірлесе отырып қазақстандық кәсіпорындарда шығарылатын ауылға арналған жаңа техниканың үлгілерімен танысты, фермерлік техника өндірушілермен әңгімелесті және отандық конструкторлар мен өнертапқыштарға жаңа сәтті өнімдер шығаруды тіледі.

### 9 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Өз сөзінде Президент Қазақстан қоғамының және экономикасының заманауи даму кезеңін «жамау салу» саясатынан арылуға мүмкіндік беретін кезең ретінде сипаттады және Үкімет пен барлық мемлекеттік басқару органдарының белсенді және мақсатты қызметіне нақты ұмтылыс жасауға шақырды. Н.Ә. Назарбаев мұндай жұмыстың белгісі ретінде анық перспектива көрінісін атады және Үкімет пен әкімдер қызметінің

5 негізгі бағытын атап көрсетті. Олардың ішінде — әлеуметтік климатты жақсарту, басқару тиімділігін арттыру, өндіріс секторын несиелеу, экономиканың шикізатқа бағытталғандығын өзгерту, өңірлік тепеңсіздіктерді жою болды (Қосымшаны қараңыз).

## 10 ақпан

Мемлекет басшысы ТМД Атқару комитетінің төрағасы Ю.Ф. Яровты қабылдады.

Кездесу барысында ынтымақтастық аумағында еркін сауда аймағын құру мәселелері, ТМД Атқару комитетіндегі жұмыс жағдайы, сондай-ақ ТМД Лаңкестікке қарсы орталығын құру барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің төрағалары О.Ә. Әбдікәрімовпен және Ж.А. Тұяқбаймен жұмыс кездесулерін өткізді.

Кездесу барысында ағымдағы заң шығарушылық жұмыстың мәселелері талқыланды және елдің жоғарғы заң шығарушылық органдары жұмысының басым бағыттары туралы пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» №332, «Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №333, «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» №334 жарлықтарына қол қойды.

## 11 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласының бұрынғы Теміржолшылар мәдениет сарайы ғимаратын қайта құру барысымен танысты, онда қайта қалпына келтірілгеннен кейін К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры ашылатын болады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі №3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №335, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы №3039 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №336 жарлықтарына қол қойды.

## 14 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, өзінің алматылық резиденциясында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Я. Балиева, Қазақстандағы парламенттік сайлау барысын бақылаған ЕҚЫҰ арнайы миссиясы қызметінің негізгі қорытындысы жайында хабардар етті.

«Мысль» журналының редакторы А.С. Қалмырзаевпен әңгіме барысында Қазақстандағы әлеуметтік реформаларының аспектілері, ең алдымен, халықтың тұрмысы төмен жігіне мемлекеттік қолдау қырынан талқыланды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Президенті Н.А. Айтхожинамен әңгіме кезінде қазақстандық ғылымның жағдайы және оны дамыту перспективалары туралы пікір алмасты.



## 15 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Президент аудиенциясында Ақтөбе облысынан кеден инспекторы Н. Әлжанов болды. Н. Әлжанов облыстың Кеден басқармасының жұмысы жайлы баяндады.

Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы «Дария» сауда үйінің басшысы Г. Досжановамен әңгіме барысында сауда проблемалары қозғалды.

Солтүстік Қазақстан облысының Студенттер одағының төрағасы Д. Иванов елдегі жастар қозғалысының жағдайы туралы әңгімеледі.

«Нарын» антиядролық бірлестігінің төрағасы К. Көбейсінов Н.Ә. Назарбаевқа экология мәселелеріне назар аударғаны үшін шексіз алғысын білдірді.

Республикалық Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының төрағасы Б.Ә. Сағынтаевпен кездесу барысында шағын өндірісті дамыту туралы пікір алмасты.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Алтын және асыл металдар мұражайында болды және осы бірегей сақтау орнының экспонаттарымен танысты.



Қазақстан Республикасының алтын және асыл металдар мемлекеттік мұражайы 1990 жылдан бастап ғылыми-зерттеу және мәдени-бұқаралық мекеме

*болып табылады. Ол елдің көркем металлопластика ескерткіштерін, соның ішінде көне алтын зергерлік бұйымдарын, дәстүрлі қазақ әшекейлерін, қаруларын, үй аспаптарын жинаумен, зерттеумен және насихаттаумен айналысады. Мұражай экспонаттарды есепке алуды, оларды ғылыми өңдеуді жүргізеді, Қазақстанның түрлі өңірлерінің зергерлік әшекейлерінің техникасын зерттейді.*

## 16 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзіне медаль және «Ғасыр адамы» атағы лауреатының дипломын табыстау салтанатты рәсіміне қатысты.



*Президент көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қызметі, Қазақстанды дамытудағы қайта құрушы рөлі мен еркі, ел халқының достығы мен келісімін қамтамасыз еткені, басқа елдермен халықаралық ынтымақтастықты нығайтқаны үшін «Ғасыр адамы» атағына ие болды.*

*Науқанды «Абылай хан» қоғамдық қоры, Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы және «Алтын адам» қоры ұйымдастырды.*

Мемлекет басшысы өзінің жеке бастамасымен және тікелей қолдауымен 1997 жылы құрылған Алматы қаласындағы Спорттық және олимпиадалық даңқ мұражайында болды.

Н.Ә. Назарбаев мұражай экспозициясын аралап көріп, спорт жетекшілерімен және Қазақстандағы олимпиадалық қозғалыс ардагерлерімен кездесті.



*Спорттық және олимпиадалық даңқ мұражайын құру идеясы Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылы Халықаралық олимпиадалық комитеттің Президенті Х.А. Самаранчпен кездесуінен кейін жарияланды. Еліміздің даңқты атлеттерінің жеке заттарына, фотосуреттердің, спорттық жүлделердің бірегей жиынына ғимарат бөлініп берілді. Мұражай экспонаттары қазақстандық күрес, бокс, жеңіл атлетика және басқа да көптеген спорт түрлері мектептерінің жетістіктері мен даңқын еске салады.*

Күн соңында Мемлекет басшысы Алматы қаласында орналасқан «Қазкоммерцбанк» АҚ бас кеңсесінде болып, банк ұжымымен кездесті.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №337, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан

бас тарту туралы» №338, «Кешірім жасау туралы» №339, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №340–341, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №342, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №343 жарлықтарына қол қойды.

### 17 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №344, «Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігін құру туралы» №345 жарлықтарына қол қойды.

### 20 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар нысандарын қарап шықты.

Президент салынып жатқан Президенттік мәдени орталық кешенінде және астананың жаңа «Сinema City» мәдени ойын-сауық орталығында болды.



### 21 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылығымен кездесті.

Кездесу барысында Қарулы күштерді қайта құрудың бірінші кезекті мәселелері талқыланды.

Президент әскерді оңтайландыру үдерісі оның соғысқа жарамдылығына кері әсерін тигізбеу керектігін атап өтті. Ол ұтқыр әскердің құрылу барысымен, офицерлік құрамның дайындалу үдерісімен, отандық әскери жоғарғы оқу орындарының жағдайымен және әскери қызметкерлерді шетелде оқыту мүмкіндігімен толық танысты.

### 22 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Отын және энергетика министрі В.И. Калужныйды қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь біртұтас отын-энергетикалық кешенін құру перспективалары, «Атырау-Самара» мұнай құбырының өткізгіштік қабілетін ұлғайту, Орынбор қаласындағы Қарашығанақ мұнай-газ кен орнынан газды ұдайы

жеткізіп тұруды ұйымдастыру және Астана қаласын газдандыру туралы тыңғылықты пікір алмасу болды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы» №35-II, «Қазақстан Республикасы мен Кувейт Мемлекеті арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №36-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Араб экономикалық дамуының Кувейттік қоры арасындағы жаңа үкіметтік ғимарат құрылысы жобасына арналған грантты пайдалану жөніндегі келісімді бекіту туралы» №37-II, «Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияны бекіту туралы» №38-II заңдарына қол қойды.

## 23 ақпан

Мемлекет басшысы 2000 жылдың 24 ақпанында өтетін ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің отырысына қатысу үшін Австрия Республикасының астанасы Вена қаласына келді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір облыстық соттары мен оларға теңестірілген соттарының судьяларын және сот алқасы төрағаларын қызметтерге тағайындау мен қызметтерінен босату және кейбір аудандық (қалалық) соттарының судьяларын, аға судьялары мен төрағаларын қызметтерінен босату туралы» №346 Жарлығына қол қойды.

## 24 ақпан

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Австрия Республикасында болған кезінде ЕҚЫҰ іс басындағы төрағасы, Австрия Республикасының Федералды Сыртқы істер министрі Б. Ферреро-Вальднермен және ЕҚЫҰ Бас хатшысы Я. Кубишпен екіжақты кездесулер жүргізді.



Мемлекет басшысы Австрия Республикасының астанасы Вена қаласында өткен ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің отырысына қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев «...әлемде беделді бұл ұйымның соңғы 20 жыл ішінде қызметінің бағыты өзгергендігін» атап өтті. ЕҚЫҰ қақтығыстардың алдын-алуға, ескертуге және шешуге қатысатын болды. Бұл тұрғыдан ЕҚЫҰ — Еуропа мен Орталық Азия арасындағы өзара әрекеттестіктің ең дамыған арнасы еді.

Өз сөзін қорытындылай келе, Президент Қазақстан мен ЕҚЫҰ ынтымақтастығының негізгі бағыттарын тұжырымдады. Н.Ә. Назарбаев олардың қатарына халықаралық лаңкестікке және саяси экстремизмге, сондай-ақ есірткі және есірткі құралдарының заңсыз айналымы мен тасымалына қарсы бірлесе күресуді атап өтті (Қосымшаны қараңыз).



Сол күні Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Демократия және адам құқықтары жөніндегі бюро директоры Ж. Штудманмен, МАГАТЭ Бас директоры М. әл-Барадеимен және Австрияның іскерлік орта өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

## 25 ақпан

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Австрия Республикасында болған кезінде Австрия Республикасының Федералды Президенті Т. Клестильмен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар халықаралық сипаттағы кең көлемдегі мәселелер мен екіжақты ынтымақтастық мәселелері туралы пікір алмасты.

Кездесу соңында Т. Клестиль Австрия Республикасының алдындағы сіңірген еңбегі үшін Н.Ә. Назарбаевқа осы елдің жоғарғы мемлекеттік наградасы — «Үлкен құрмет жұлдызы» орденін табыс етті.



«Үлкен құрмет жұлдызы» ордені — Австрияның жоғарғы мемлекеттік наградасы, 1952 жылғы 2 сәуірде бекітілген. Өз елінің және шетелдің азаматтары марапатталады. Марапаттауды Австрия Республикасының Федералды президенті жүргізеді.



# НАУРЫЗ



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс |   | 6  | 13 | 20 | 27 |
| Сс |   | 7  | 14 | 21 | 28 |
| Ср | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Бс | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Жм | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Сн | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Жк | 5 | 12 | 19 | 26 |    |



## 4 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президенті міндетін атқарушы В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Келіссөз барысында тараптар энергетика саласында Қазақстан және Ресей шекарасы бойындағы серіктестік қатынастарды дамыту мәселелерін талқылады.



## 6 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясында болып, онда ғимараттың жаңартылған қасбетін, оқу сыныптарын, сондай-ақ академияның жаңа концерт залын қарап шықты.

Мемлекет басшысы Қазақстанға жеке байланыс үшін келген бейресми елші, Америка Құрама Штаттарының Президенті Б. Клинтонның ағасы Р. Клинтонды қабылдады.

Мемлекет басшысы «Х. Мицухашиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №347, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №348, «Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметін жүзеге асыратын инвесторлармен контракт жасау кезінде жеңілдіктер мен преференциялар берудің ережелерін бекіту туралы» №349, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №350, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №351, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №352 жарлықтарына қол қойды.

## 8 наурыз

Мемлекет басшысы 8 Наурыз Халықаралық мейрамына байланысты өткен салтанатты жиынға қатысып, Қазақстан әйелдерін құттықтады.

## 10 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Украина Премьер-министрі В.А. Ющенконы қабылдады.

Келіссөздер барысында тараптар экономиканың мұнай-газ секторындағы екі елдің ынтымақтастығын

дамыту мәселелерін, соның ішінде Украинаның мұнай өндіретін кәсіпорындарын жекешелендіруге Қазақстан компанияларының қатысу мүмкіндіктерін, сондай-ақ ұзақ мерзімді лизинг негізінде Қазақстанға ауылшаруашылық техникасының жеткізілуін талқылады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Украина Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Е.Г. Карташовтан сенім грамотасын қабылдады.

Кездесу барысында дипломат Н.Ә. Назарбаевқа Украина Президенті Л.Д. Кучманың Днепродзержинск қаласының 250 жылдығына байланысты өтетін мерекелік іс-шараға қатысуына шақыруын жеткізді.



Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Р. Хашимнен және Түрікменстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Абалақовтан сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы «Г. Берстокты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №354, «2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын түзу жөніндегі бюджеттік комиссия құру туралы» №355, «Ақтөбе, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атауларын қайта атау және транскрипцияларын өзгерту туралы» №356, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» №357 жарлықтарына қол қойды.



## 13 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қ.К. Тоқаевтың, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы С.С. Қалмырзаевтың, сондай-ақ экономикалық блоктың мемлекеттік орталық органдары басшыларының қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңесте Тұрақтандыру қорын құру мәселелері, сондай-ақ жалған банкроттылыққа қарсы әрекеттердің тетігі және әдістері, валютаның және бағаның күрт өзгеру мәселелері талқыланды.

## 14 наурыз

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Бас хатшысы Я. Кубишти қабылдады.

Кездесу барысында өңірлік ынтымақтастықты дамыту, экономикалық және саяси реформаларды кеңейту және тереңдету, қылмысқа, халықаралық лаңкестікке, саяси экстремизм мен есірткі бизнесіне қарсы күресті ұйымдастыру мәселелері жайында пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы БҰҰДБ Тұрақты өкілі Г. Берстокты қабылдады және Құрмет грамотасын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы» №358, «Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000–2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №359 жарлықтарына қол қойды.

## 15 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Х. Мицухашиді қабылдады.

Кездесуде Қазақстан-Жапония қатынастарының жағдайы, екі елдің іскер ортадағы ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету перспективалары, гуманитарлық салада өзара әрекеттестікті жандандыру мәселелері туралы пікір алмасты.

## 16 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының орталық мешітінде болып, Қазақстан мұсылмандарын Құрбан айт мейрамымен құттықтады.



*Құрбан айт (құрбандыққа мал сою) — исламдағы қажылықтың аяқталуын білдіретін, Рамазан мейрамынан 70 күннен кейін, Ибраһим пайғамбарымыздың құрбандығының құрметіне, ислам ай күнтізбесінің он екінші айының (зұль-хидж) 10 күні аталып өтілетін мейрам.*

Мемлекет басшысы «Ә.Қ. Ахметовке II сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №360, «А.В. Смирновқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №361 жарлықтарына қол қойды.

## 17 наурыз

Мемлекет басшысы «Кейбір аудандық (қалалық) және соларға теңестірілген соттардың төрағаларын және судьяларын қызметтерге тағайындау және қызметтерінен босату туралы» №362 Жарлығына қол қойды.

## 18 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның құрамындағы өзгерістер туралы» №363 Жарлығына қол қойды.

## 20 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №364 Жарлығына қол қойды.

## 21 наурыз

Мемлекет басшысы американдық «Goldman Sachs International» банк басқармасының төрағасы П.Д. Саттерлендті қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар Қазақстанның халықаралық капитал нарығына шығуы, инфрақұрылымды дамытуды қаржыландыру және үлкен қазақстандық мұнайды тасымалдау перспективалары туралы пікір алмасты.

## 22 наурыз

Мемлекет басшысы Наурыз мейрамына байланысты астанада өткен мерекелік іс-шараға қатысты.

Астана қаласының орталық алаңында Президент мейрамға арнап мәнерлеп безендірілген қонақ киіз үйлерін аралады, С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университетінің студенттері мен оқытушылары дайындаған тамақтарынан дәм ауыз тиді және астана тұрғындары мен қонақтарын мерекемен құттықтады.

Кешке Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның өнер жұлдыздарының мерекелік концертінде болды.

## 23 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» №39-II; «Қазақстан Республикасы Президентінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу



туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №40-II заңдарына қол қойды.

## 24 наурыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Яо Пэйшэннен сенім грамотасын қабылдады.

## 27 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев В.В. Путинді Ресей Федерациясының Президенті лауазымына сайлануымен құттықтады және Қазақстан-Ресей қатынастарының кеңеюі мен тереңдеуіне бағытталған ынтымақтастықтың одан әрі дамуына сенім білдірді.

Сонымен қатар мемлекет басшылары энергетика, мұнай және газды өндіру мен тасымалдау саласындағы әріптестікті дамыту, өңіраралық байланысты нығайту перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №366, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №367 жарлықтарына қол қойды.

## 28 наурыз

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Орталық барлау басқармасының (ОББ) директоры Д. Тенетті қабылдады.

Әңгіме барысында лаңкестікке және экстремизмге бірлесе күресу саласындағы екі елдің ынтымақтастығының жағдайы мен оны дамыту перспективалары талқыланды.

## 29 наурыз

Мемлекет басшысы қоғам өкілдері — импорттың орнын басуға бағытталған отандық өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарының басшыларымен кездесті. Ашық және мүдделі пікір алмасулар барысында Президент Қостанай «Жаслан» тау-кен рудасы компаниясының дамуы жөніндегі өзекті мәселелер бойынша ақпарат алды. Оның өкілі М.М. Әбдірахманов болатын.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Фитохимия институтының директоры С.М. Әдекеновпен болған әңгімесі барысында республикалық онкомекемелерді отандық ісікке қарсы «Арглабин» препаратымен қамту мәселелері талқыланды.

«Арай» шаруа қожалығының басшысы Б.К. Оспановпен және «Қаратал-Агро» ЖШС дайындау фирмасының Бас директоры Ф. Сонмен әңгімесінде 2000 жылғы астық өнімінің перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №41-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк құпиясы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №42-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2000 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №368 Жарлығына қол қойды.

## 31 наурыз

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Сыртқы істер министрінің орынбасары Дж. Керраны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы көмірсутек шикізатының табиғи қорларын игеруде Ұлыбритания іскер ортасының қатысуын кеңейту, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы 2000 жылдың 29–30 наурызында Астана қаласында өткен кездесуге қатысуға келген «Шанхай бестігіне» қатысушы елдердің Қорғаныс министрлерін қабылдады.

Әңгіме барысында «Шанхай бестігіне» қатысушы елдердің әскери ведомстволар ынтымақтастығының бағыттары, азиялық өңірде тұрақтылыққа қол жеткізу жолдары және өзара әрекеттестіктің басымдылықтары туралы пікір алмасты.



# СӘУІР



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс | 3 | 10 | 17 | 24 |    |
| Сс | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Ср | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Бс | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Жм | 7 | 14 | 21 | 28 |    |
| Сн | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Жк | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |



### 3 сәуір

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінде ресми сапармен болып, Иерусалим қаласында осы елдің Президенті Э. Вейцманмен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзара ортақ мүддеге ие халықаралық проблемалар жөнінде пікір алмасты.



Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінің Өңірлік ынтымақтастық және Сыртқы істер министрлері Ш. Переспен және Д. Левимен кездесті.

Күн соңында Мемлекет басшысы Израильге көшіп барған бір топ бұрынғы Қазақстан азаматтарымен және Иерусалим қаласында орналасқан «Яд Вашем» Холокост құрбандарын еске алу мемориалдық кешенінде II Дүниежүзілік соғыс ардагерлерімен кездесті.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлеріне Мемлекеттік стипендия тағайындау туралы» №369 Жарлығына қол қойды.

### 4 сәуір

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетіне ресми сапар барысында осы елдің Ішкі істер министрі Н. Щаранскиймен кездесті.

Мемлекет басшысы діни жанкештінің қолынан қаза тапқан Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі И. Рабиннің қабіріне гүлдесте қойды, одан соң Израиль жоғарғы технологиялары орталығында болды. Компьютерлер мен робототехникаға арнап микрочиптер өндіретін халықаралық «Intel» корпорациясының Иерусалимдік филиалы оның өзегі болып табылады.

Мемлекет басшысы Палестинаны азат ету ұйымы атқару комитетінің төрағасы Я. Арафатпен кездесті және онымен палестина мәселесін бейбіт жолмен реттеу мәселелерін талқылады.



Кездесу аяқталғаннан кейін Н.Ә. Назарбаев тілшілерге арнап қысқа баспасөз мәслихатын өткізді, оның барысында палестина мәселелесін бейбіт жолмен реттеуге қол жеткізу мүмкіндігіне сенімді екендігін жеткізді.

Мемлекет басшысы кешке Иерусалим мэрі Э. Ольмертті, Кнессет депутаттар тобын және «Ликуд» партиясының төрағасы А. Шаронды қабылдады.

### 5 сәуір

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетіне ресми сапар барысында «Инвестициялар Қазақстанға» конференциясына қатысты.

Израильдің іскер орта өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде Президент бірлескен жобаларды жүзеге асырудың басымды бағыттары ретінде жоғарғы технологиялар, ауылшаруашылық және медицина салаларын атап өтті. Конференцияға қатысушыларды елдің инвестициялық және заңнамалық мүмкіндіктерімен таныстырған соң, Н.Ә. Назарбаев «орасан зор, бірақ қазіргі уақытқа дейін толық түрде сұранысқа ие болмаған екі ел арасындағы экономикалық өзара қатынастар әлеуетін» атап өтті және 2000 жылғы сәуірдің аяғында Алматыда өтетін Дүниежүзілік экономикалық форумда Израиль өзін лайықты қырынан көрсететініне сенімін білдірді.

Конференция аясында сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысын таныстыру рәсімі өтті, оны облыс әкімі Б.М. Сапарбаев таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі Э. Баракпен кездесті.

Келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективалары қарастырылды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Өзара түсінушілікті және ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияға, Кәсіпкерлік, инвестиция және өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту туралы келісімге қол қойылды.



### 7 сәуір

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Баку қаласында Президент Г.А. Алиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту жағдайы мен перспективалары талқыланды. Мемлекет басшылары ертеректе жабылған «Ақтау-Баку» сал өткелін пайдалануға енгізу екі ел арасындағы тауар айналымы көлемінің өсуіне мүмкіндік туғызатынын ерекше атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдемеге, шекара арқылы заңсыз тасымалданып жатқан мәдени құндылықтарды қайтару және тоқтату мәселелері бойынша өзара көмек туралы, контрабандамен және кедендік ережелерді бұзуға қарсы күрес туралы, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотропты заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы; кедендік құжаттарды өзара тану және т.б. туралы келісімдерге қол қойылды.



## 8 сәуір

Мемлекет басшысы Түркітілдес мемлекеттердің IV саммиті қарсаңында Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті және екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттердің IV саммитіне қатысты.

Саммитте Каспий теңізінің табиғи байлықтарын игеру, соның ішінде Каспий мұнайын тасымалдау, Каспий аймағында зерттеу және мұнай шығару жұмыстарының жүргізілуі кезінде теңіздің және өңір тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Түркітілдес мемлекеттер басшыларының қолдары қойылған қорытынды құжатта экономикалық, ақпарат-тық және мәдени ынтымақтастықты қайта дамыту мен тереңдетуге деген ұмтылыстары қайта расталды.



Түстен кейін Мемлекет басшысы «British Petroleum» компаниясының «Сангачалы» мұнай терминалында

болды және терминал арқылы мұнайды тасымалдау жағдайларымен танысты, одан соң «Китаби Деде Коркуд» атақты түрік эпосының 1300 жылдығына арналған салтанатқа қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде түрік мәдениетін, тарихын насихаттау және қайта дамыту бойынша ұзақ мерзімді бағдарламаларды өмірде жүзеге асыратын ТЮРКСОЙ ұйымының аясында ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігін ерекше атап өтті.



*«Китаби Деде Коркуд» — оғыздардың көне батырлық дастаны, оғыздар — түріктердің, әзірбайжандардың, түрікмендердің және гагауыздардың этногенезіне қатысқан түркі тайпаларының тобы. Дастан XVI ғасырдың — Дрездендік және Ватикандық екі қолжазбасы бойынша жазбаша түрде белгілі. Дрездендік — «Менің Қорқыт атамның кітабы оғыз тілінде» — 12 бөлімнен тұрады. Ватикандық 6 бөлімнен тұрады. Дрездендік те, Ватикандық та өте көне дерек көзінен көшірілген.*

## 10 сәуір

Мемлекет басшысы Э.А. Шеварднадзеге Грузия Президенті қызметіне қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

## 11 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанның хоккей федерациясының президенті В.В. Храпуновқа, республиканың шайбалы хоккейден жасөспірім және әйелдер құрамасына Еуропа чемпионатындағы және әйелдер арасында әлем чемпионатындағы жеңістері үшін құттықтау жеделхатын жолдады.

## 13 сәуір

Мемлекет басшысы «NBC» (АҚШ) телевизиялық компаниясының тілшілеріне сұхбат берді.

Н.Ә. Назарбаев жаппай қырып-жою қаруын таратпаудағы Қазақстан саясаты мен қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау саласындағы Қазақстан-Америка ынтымақтастығының перспективаларына, сондай-ақ екі елдің экономикалық ынтымақтастығының жалпы келешегіне байланысты сұрақтарға жауап берді.



Мемлекет басшысы «Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген



лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы» №371, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшілерінің ант беру тәртібін бекіту туралы» №372 жарлықтарына қол қойды.

## 14 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар қазақстандық кәсіпорындардың «Газпром» және «Ресей БЭЖ» РАҚ-пен ынтымақтастық мәселелерін, сондай-ақ 2000 жылдың мамырында Минск қаласында өтетін Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің саммитіне және Мәскеу қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысына дайындық барысын талқылады.



Сол күні Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Сөйлесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін, сондай-ақ 2000 жылдың 21 сәуірінде Ташкент қаласында өтетін ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңес отырысына дайындық барысын талқылады.

## 15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы М. Олбрайтты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қатынастардың өзекті мәселелері талқыланды, сондай-ақ өңірлік және халықаралық маңызды проблемалар туралы пікір алмасты. Тараптар бірлескен энергетикалық жобаларды және ортаазиялық аймақтағы демократиялық үрдістерді дамытуды жүзеге асыруда Қазақстан-Американ ынтымақтастығын кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша Ғаламшарда климаттың өзгеруін болдырмау жөніндегі ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ азаматтық авиация саласында Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі мен АҚШ Көлік министрлігінің Федералды авиация әкімшілігінің арасындағы



ынтымақтастық туралы меморандумға және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі екі елдің үкіметінің арасындағы талап туралы меморандумға жақын перспективада қол қою ниетін білдірді.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы маңызды нысандардың құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Атап айтқанда, британдық компания «Fitzpatrick International Ltd.» салып жатқан аурухана кешенінің, дипломатиялық қалашықтың, «Жерұйық» мәдениет және демалыс саябағының және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің жаңа оқу ғимаратының құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 1999–2009 жылдарға арналған шартты бекіту туралы» №373 Жарлығына қол қойды.

## 17 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ю.Н. Мерзляковты қабылдады.

Кездесу барысында «Байқоңыр» ғарыш айлағын қолданғаны үшін жалдама ақысын төлеу жөніндегі уағдаластықтың ресей тарапынан орындалу мәселелері талқыланды.

Ю.Н. Мерзляков сондай-ақ ресей тарапының елшілікті 2000 жылы Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы шешімі жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Өзбекстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Бутояровты қабылдады. Ол Қазақстан-Өзбекстан шекарасындағы жағдай және шекараны белгілеу бойынша үкіметаралық комиссияның жұмысы туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Х. Кашкавиді қабылдады.



Президент Х. Кашкавиді Қазақстандағы миссиясының сәтті аяқталуымен құттықтады және дипломатиялық іс майданындағы жұмысына сәттілік тіледі.

## 18 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Смессовты, сондай-ақ «MEDEF International» компаниясының вице-президенті К. Монс бастаған Франция Республикасының іскерлік орта өкілдерінің делегациясын қабылдады.

Өңгіме барысында Қазақстан экономикасының машина жасау, мұнай және газды өндіру мен өңдеу, көлік және коммуникация, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда Франция фирмалары мен компанияларының қызметін кеңейту перспективалары талқыланды.

## 19 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласында ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Н.Ә. Назарбаев ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы құқық қорғау органдарының қызметін сараптады, нақты тапсырмалар берді және әлеуетті ведомстволардың басшыларына қылмысқа қарсы күресті күшейтуге шақырды.

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен өзіне диплом және Халықаралық шығармашылық академиясының құрметті мүшесі медалін табыстау салтанатты рәсіміне қатысты.

Халықаралық шығармашылық академиясының Президенті Г.П. Гладышев Н.Ә. Назарбаевқа Академияның ерекшелік және мүшелік белгісін, сондай-ақ арнайы бас киім мен мантияны табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі №3057 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №374, «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының арасындағы 1999–2008 жылдарға арналған ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық

туралы шартты бекіту туралы» №375 жарлықтарына қол қойды.

## 20 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының төрағасы Г.Н. Селезневті қабылдады.

Кездесу барысында экономика, ғылым және мәдениет саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының кең ауқымды мәселелері, өңірлік және халықаралық өзекті проблемалар, соның ішінде экстремизм мен лаңкестікке қарсы бірінші кезекті шараларға қатысты мәселелер бойынша пікір алмасты.

Кездесуде сондай-ақ екі елдің жоғарғы заң шығарушылық органдарының қатынастарын реттеу жөніндегі арнайы келісімді бекіту туралы уағдаластыққа қол жеткізілген Қазақстан мен Ресей парламентаралық байланысын дамыту және нығайту мәселелеріне үлкен назар аударылды.



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің мүшесі М. Стэнфордты және онымен бірге келген тұлғаларды қабылдады.

Әңгіме барысында АҚШ Әкімшілігінің Қазақстанға ұсынылатын кредиттерді қолдану мәселелері және «Байқоңыр» ғарыш айлағын бірлесе қолдану перспективалары қарастырылды.



Сол күні Мемлекет басшысы 2000 жылдың 21 сәуірінде өтетін ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесі отырысына қатысу үшін Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласына кетті.

Келген бетте Н.Ә. Назарбаев Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық байланыстардың жағдайы және соңғы жылдардағы тауар айналымының төмендеу себептері туралы пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары тату көршілікті дамытуға, экономиканы ықпалдастыруға, тауар айналымын кеңейтуге және гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдетуге

бағытталған ортақ мәселелерді шешу жолдары туралы Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 маусымдағы №3041 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №376; «Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы» №377 жарлықтарына қол қойды.

## 21 сәуір

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен ОАЭҚ Мемлекетаралық кеңесі отырысына қатысты.

Саммитке қатысушылар өңірлік қауіпсіздік мәселелерін талқылады және лаңкестікке, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыс және тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне қарсы күрес жөніндегі бірлескен әрекет туралы келісімге қол қойды.



*Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым. Интеграциялық үдерістер 1994 жылы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының қол қойылуынан бастау алады. 1998 жылғы 26 наурызда Келісімге Тәжікстан қосылды.*

*ОАЭҚ органдары: Мемлекетаралық кеңес, Премьер-министрлер кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Атқару комитеті, Орта Азиялық ынтымақтастық және даму банкі.*

*2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналды. 2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының кейбір мәселелері туралы» №378 Жарлығына қол қойды.

## 22 сәуір

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Түркістан қаласына барды.

Түркістан қаласында Н.Ә. Назарбаев «Әзірет Сұлтан» мемориалды кешенін аралады және мұсылман әлемінің қасиеттілігі жағынан екінші болып саналатын



арнайы дайындалған Құранды сыйға тартты, қаланың 1500 жылдығын тойлауға дайындық барысымен танысты, сондай-ақ «Прогресс» корпорациясының көпір салушыларымен, Сарыағаш және Мақтаарал аудандарының тұрғындарымен кездесті.

## 24 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасындағы президенттік институттың 10 жылдығына орай бір топ қазақстандық тілшілерді қабылдады.

Әңгіме барысында Президент тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаларға толық талдау жасады, ел және қоғам экономикасын реформалаудағы жетістіктер туралы айтты.

Тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев: «...жалпы айтқанда, мен қиялшыл адам емес, қиялдауға уақыты да жоқ жұмыс істеуші адаммын. Алдамай-ақ қояйын, мен бақытты адаммын. Үш мәрте халықтың қалауы болу әркімге, тіпті үлкен мемлекет қайраткерлеріне де бұйыра бермейді. Менің ең басты тілегім — қазақстандықтардың өмірін жақсарту...», — деп атап өтті.

## 25 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерімен, Президенті Әкімшілігі және Ұлттық банкі басшыларымен, министрліктері мен ведомстволарының басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңес барысында Қазақстан экономикасын одан әрі оңтайландыру және ырықтандыру бойынша шаралар қарастырылды және талқыланды.

Президент ұлттық валюта — теңгенің бағамын АҚШ долларына қатысты тұрақтандыруды, басқа постсоциалистік және посткеңестік елдермен салыстырғанда республикалық инвестициялық тартымдылығын, ел өңірлерінде, әсіресе ірі өнеркәсіп орталықтарында «экономикалық өсу аймақтарының» пайда болуын, сондай-ақ ғылымды қажет ететін өндірісті негізге ала отыру керектігін атап өтті.

## 26 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында Давостың қолдауымен өткен I Еуразиялық экономикалық саммитке қатысты.



Президент өз сөзінде Еуразиялық өңір дамуының басым бағыттарын, оның мүмкіндіктері мен проблемаларын, инвесторлар үшін тартымдылығын және әлемдік аренадағы рөлін түсіндіріп айтты (Қосымшаны қараңыз).



*2000 жылы Орталық Азияда тұңғыш рет Давостың қолдауымен Алматы қаласында I Еуразиялық экономикалық саммит өткізілді. Оған әлемнің 37 елінен келген іскерлік және саяси элитаның 500-ден астам өкілі, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, ХВҚ, ЕҚДБ, ХҚДБ, ЭЫҰ, ИКҰ, БҰҰДБ, ДСҰ, ТМД, ЕҚЫҰ, Ислам даму банкі, Азиялық даму банкі және т.б. басшылары қатысты.*

*Еуразиялық экономикалық форумның міндеті — өңір елдерін әлемдік шаруашылық байланыстарына интеграциялауға мүмкіндік туғызу, өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін мүмкіндіктерді тыңғылықты түсіндіріп көрсету.*

## 27 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен I Еуразиялық экономикалық саммиттің қорытынды пленарлық отырысында сөз сөйледі.

## 28 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы жазасын одан әрі өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы шартты бекіту туралы» №43-II, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің аумақтарында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің болуы мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы шартты бекіту туралы» №44-II, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №45-II, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №46-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ә.Қ. Ахметовті Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №379, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1999 жылғы есебін бекіту туралы» №380, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1999 жылғы таза табысының жұмсалуды туралы» №381 жарлықтарына қол қойды.

## 29 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, онда бірқатар қалалық нысандарды аралады.

Атап айтқанда, Президент Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының, «Қазақконцерт» және «Арман» кинотеатры бірлестігінің қалпына келтіру жұмыстарының ба-рысымен танысты.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев Свято-Вознесенский кафедралды соборына барды. Онда Қазақстанның православтық христиандарын қасиетті Пасха мейрамымен құттықтады. Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде 1995 жылғы ғибадатхананы шіркеу меншігіне беру туралы Жарлығына қол қоярда көздеген мақсаты рухтандырушылықтың қайта дамуына және әділеттіліктің қалпына келтірілуіне көмектесу екенін атап өтті.



*Пасха (христиан дінінде Христостың Қайта тірілуі деп те аталады) — христиан дінінің ежелгі әрі құдайға құлшылық ету жылының ең маңызды мейрамы. Христостың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. Қазіргі кезде оның күні әр жылда ай-күн күнтізбелері бойынша есептеледі (ауыспалы мейрам).*

# МАМЫР



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Сс | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Ср | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Бс | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Жм | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Сн | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Жк | 7 | 14 | 21 | 28 |    |







## 1 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында осы қалада ашылған елдің барлық түкпірінен әртүрлі этностарды танытатын 400-ден аса делегаттар келген Қазақстан халықтары достығының I Фестиваліне қатысты.

## 2 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қалалық әкімшілікте Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығына орай өткен салтанатты жиынға қатысты.

Өз сөзінде Президент гитлерлік фашизмді жеңу жолында алматылықтардың қосқан елеулі үлесін ерекше белгілеп өтті және: «...Қала майданға 70 мың адам жіберді, ал республикада құрылған дивизияның Мәскеуді қорғау кезінде әлемге атағы шықты...», — деп атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев ардагерлерді қару бойынша бауырлықты, халықтар арасындағы достықты, қоғамдық келісімді сақтауға шақырды.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы А.М. Жолдасбековті қабылдады. Ол құнды қағаздар нарығындағы жағдай туралы ақпарат берді.

Президент Ұлттық комиссияның кейбір жетістіктерін ескерді, сондай-ақ «оның экономиканы дамытуға қатысу деңгейін жоғары етуге де болар еді, және шетелден тартылған 1,5 млрд. долларды да ішкі резервтермен қамтуға болар еді», — деп атап өтті. Н.Ә. Назарбаев ең маңызды мәселелердің қатарына «қаржылық құрылымдар мардымсыз жүргізіп келе жатқан және жандандыруды қажет ететін» халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жатқызды. Себебі азаматтардың сенімсіздік танытуы және құнды қағаздармен жүргізілетін операцияларға аз қатысуы көбінесе толық әрі анық ақпараттың болмауымен байланысты.

## 5 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» №47-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне нысанды киім киіп жүру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №48-II заңдарына қол қойды.

### 8 мамыр

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Ұлы Отан соғысына қатысушы — жеңімпаз жауынгерлердің құрметіне салтанатты қабылдау өткізді.

Іс-шараға сондай-ақ елдің орталық мемлекеттік органдары мен діни конфессия басшылары және Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Президент өз сөзінде: «...Фашизмді талқандауда қазақстандықтардың қосқан үлесіне баға жетпейді. Еліміз майданға 1 млн. 366 мың әскерін берді. Іс жүзінде олардың екеуінің бірі ұрыс майданында қаза болды. Бұл сол уақыттағы республика халқының 11%-ы.

...Соғысқа қарсы, ол басталмай тұрып күресу керек. Мұндай қасіреттің алдын алу үшін бәрін істеу, дау мен келіспеушілікті шешудің құралы қатарынан соғысты шығару — біздің ортақ мақсатымыз...», — деп атап өтті.



Мемлекет басшысы «Жоғары әскери атақ беру туралы» №382, «Бір топ әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №383 жарлықтарына қол қойды.

### 9 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығына орай өткен мерекелік іс-шараға қатысты.

Салтанат аясында жаңа астанада тұңғыш рет Президент елдің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде әскери парадты қабылдады.



### 10 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Өзбекстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Бутояровты оның өтініші бойынша қабылдады. Ол Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтың арнайы жолдауын жеткізді.

Кездесуде екіжақты қатынастардың кейбір өзекті мәселелері, екіжақты ынтымақтастықты дамыту және тереңдету перспективалары, екі халық арасындағы достықты нығайту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №384, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №385–387, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №388, «К. фон Клитцингі, В.А. Садовничийді, Ж.Т. Хуфтты «Астана» Естелік медалімен наградтау туралы» №389 жарлықтарына қол қойды.

## 11 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сәпармен келген Литва Республикасының Президенті В. Адамкуспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында халықаралық және өңірлік саясаттың өзекті мәселелері, көлік, ауыл шаруашылығы, ғылым және техника, мәдениет салаларындағы Қазақстан — Литва ынтымақтастығының жағдайы мен перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша ынтымақтастық және кеден істерінде өзара көмек туралы мемлекетаралық келісімге қол қойылды. Тараптар сондай-ақ ұйымдасқан қылмысқа, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына, лаңкестік пен қылмыстың басқа да түрлеріне қарсы бірлесу туралы келісті.

Кездесу соңында Литва Республикасының Президенті В. Адамкус Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстан мен Литва арасындағы мемлекетаралық қатынастарды дамытуға қосқан еңбегі мен өзіндік үлкен үлесі үшін Литвалық Ұлы князь Витаутас орденін табыс етті.

Өз кезегінде В. Адамкустың Қазақстан — Литва қатынастарын дамытуда қосқан үлесі үшін Президент Литва Республикасының Президентін I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



*Литваның Ұлы князі Витаутас ордені — Литва Республикасының жоғарғы наградасы. Орден Литваның Ұлы князі Витаутас қайтыс болғанына 500 жыл толуына орай 1930 жылы бекітілген. Литва және шетел азаматтарына Литва мемлекетінің, оның халқы алдындағы және адамзаттың игілігі жолындағы ерен еңбегі үшін беріледі.*



1



2



3

*«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.*

*I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — омырауға тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.*

Сол күні Мемлекет басшысы Литва Республикасының Президенті В. Адамкуспен бірге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде болды. Онда профессорлық-оқытушылық құраммен және студенттермен кездесті, сондай-ақ «Astana Food — 2000» халықаралық арнайы мамандандырылған азық-түлік және сусындар көрмесінде болды.



*«Astana Food — 2000» көрмесінде әлемнің 15 елінен келген 50-ден астам компания өздерінің азық-түлік, сусын үлгілерін, өңдеуші және этикеткалау жабдықтарын, сондай-ақ азық-түлікті орауға арналған технологиялық желісін көрсетті.*

Түстен кейін Мемлекет басшысы Канада Парламенті Қауымдар палатасының мүшесі Д. Марло бастаған делегацияны қабылдады.

Әңгіме барысында жаһандық және өңірлік саясаттың өзекті мәселелері, қазіргі кезеңдегі заң шығарушылық жұмысты жетілдіру проблемалары мен демократиялық түрлендірулерді кеңейту және тереңдету мәселелері талқыланды.

Канада Парламенті Қазақстан Президентіне Канада генерал-губернаторы А. Кларксонның өз еліне сәпармен келуге шақыруын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Үшінші мыңжылдық ғылымы» халықаралық конференциясының қатысушыларына құттықтау жолдады.

Президент өз сөзінде: «...Үздік ғалымдардың, Нобель сыйлығы иегерлерінің, халықаралық қорлар мен ұйымдар өкілдерінің «Үшінші мыңжылдық ғылымы» конференциясының жұмысына қатысуы әлемдік кеңістікке Қазақстан ғылымының алдағы уақытта ин-

теграциялануына, ғылыми жетістіктерді қоғам өмірінің түрлі салаларында белсенді қолдануға деген сенімді нығайтады...», — деп атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев конференцияның барлық қатысушыларына жемісті шығармашылық жұмыс, нәтижелі пікірсайыс және өзара тиімді ғылыми байланыстардың орнатылуын тіледі.

Мемлекет басшысы «В. Адамкусты I дәрежелі «Достық» орденімен наградау туралы» №390 Жарлығына қол қойды.

## 12 мамыр

Мемлекет басшысы физика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаттары К. Клитцингі, Ж.Т. Хуфты және Қазақстанға «Үшінші мыңжылдық ғылымы» халықаралық конференциясына қатысу үшін келген М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А. Садовничийді қабылдады.

Жылы әрі достық әңгімеде қазіргі кезеңдегі білім мен ғылымды дамыту туралы мүдделі пікір алмасу өтті.

Кездесу соңында Президент ғалымдарға «Астана» естелік медальдарын ұсынды.



*«Астана» Естелік медалі 1998 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді.*

*Медальмен Қазақстан астанасының әлеуметтік-экономикалық дамуына, орнығуына және құрылысына елеулі үлес қосқан Қазақстан және шетел азаматтары марапатталады.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы, штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдар мен лауазымды адамдардың тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы № 89 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №391, «Жоғары офицерлік және басшы құрамының адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы» №392 жарлықтарына қол қойды.

## 15 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №393 Жарлығына қол қойды.

## 16 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001–2005 жылдарға арналған стратегиясы туралы» №394, «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000–2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №395, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №396, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №397, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №398 жарлықтарына қол қойды.

## 17 мамыр

Мемлекет басшысы Катар Мемлекетінің Көлік және коммуникация министрі шейх Ахмад бен Насыр бен Фалих әл-Таниді қабылдады.

Кездесуде екі елдің экономика және мәдени саладағы ынтымақтастығын одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды, сондай-ақ Катардың Астана қаласында Сұлтан Бейбарыс мешітін салу туралы ұсынысы қаралды.

Шейх сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевқа 2000 жылы қазанда Катар қаласындағы мұсылман мемлекеттерінің IX саммиті жұмысына қатысуға шақыруын жеткізді.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы О.Ә. Әбдікәрімовті қабылдады.

Кездесу барысында Сенаттағы жаңа Салық кодексі мен Жер туралы заң жобалары талқылану барысы жайында тыңғылықты пікір алмасу өтті.

Тараптар бұл заң жобаларын қабылдау көбіне елдегі экономикалық реформалардың барысын одан әрі жылдамдататынын атап өтті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады. Ол Мәжілістегі заң шығарушылық жұмысының барысы жайлы ақпарат берді және депутаттардың сот-құқықтық реформалар бойынша республикалық конференцияға дайындығы және жүргізілуі туралы ұсынысымен таныстырды.

Әңгіме барысында сондай-ақ халықаралық лаңкестікке және діни экстремизмге қарсы күрестің заңнамалық аспектілері қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы М.С. Өтебаевты қабылдады. Ол комитеттің ағымдағы қызметі жайлы хабардар етті.

Есеп беру барысында 2000 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша бюджет кірісі 22,7%-ды, ал бекітілген жылдық көрсеткіш бойынша шығындар мен несие беру 17,7%-ды құрады. Бұл ретте тексеру қорытындысы бойынша Қорғаныс министрлігінде 38,9 млн. теңге, Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік орталықтарында — 13,7 млн. теңге және Алматы қаласында — 3,4 млн. теңге мемлекеттік қаржының толық пайдаланылмағаны анықталды.

Есеп қорытындысы бойынша Президент М.С. Өтебаевқа бюджет қаражатының жұмсалуды және мемлекет қазынасына төлемдердің түсуін бақылауды күшейтуді тапсырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» №49-II, «Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы» №50-II заңдарына қол қойды.

## 18 мамыр

Мемлекет басшысы «Газпром» РАҚ Басқармасының төрағасы Р.И. Вяхиревті қабылдады және онымен газды өндіру, тасымалдау және сату



бойынша Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорнын құру мүмкіндіктерін талқылады.

### 19 мамыр

Мемлекет басшысы 2000 жылғы 18 мамырда Астана қаласында өткен қауіпсіздік органдары басшыларының VIII отырысы Кеңесіне қатысушыларды және ТМД қатысушы мемлекеттердің арнайы қызметін қабылдады.

Кездесу барысында Президент «...Қазіргі кезеңде біздің елдеріміз лаңкестіктің, экстремизмнің, есірткі бизнесінің таралуына, қарудың заңсыз айналымына байланысты қауіпсіздікке төнген жаңа қатерді ерекше өткірлікпен сезінуде. Бұл құбылыстар іс жүзінде шек дегенді білмейді. ТМД-ның барлық мемлекеттерінің күш біріктіруін алға қойып отыр. Олармен күресте тек біріге отырып жетістікке жетуге болады...», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасына өзінің арнайы шақыруымен келген Қытай Халық Республикасының суретшісі Цзен Ян Янды қабылдады.

Жас суретші бұрын Н.Ә. Назарбаевтың атына Қазақстанды көруді армандағанын жазған хат жолдаған еді. Онда: «...Мен Қазақстан балаларына, халқына және Сізге қуаныш, достық және бейбітшілік әкелуім қажет. Мен өз қылқаламыммен әдемі әлемнің суретін салғым келеді және екі елдің достығын қосқым келеді...», — делінген.

Суреттері әлемнің түрлі елдерінде жетістікпен көрсетіліп жүрген және көптеген мемлекеттердің мұражайында сақталып тұрған суретші Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына өзінің суреттерін сыйға тартты.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар нысандарын қарап шықты, атап айтқанда Орталық әмбебап дүкен ғимаратын және вокзал алаңын қайта қалпына келтіру барысымен танысты.



Мемлекет басшысы «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №51-II Заңына қол қойды.



## 20 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы №188 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №400 Жарлығына қол қойды.

## 22 мамыр

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Минск қаласында Президент А.Г. Лукашенкомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, соның ішінде мемлекетаралық құрылым аясында ТМД-дағы интеграциялық үдерістерді дамыту перспективалары, халықаралық сипаттағы мәселелер талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастық, салық заңнамасын, сот сараптамасын және т.б. сақтау туралы келісімге қол қойылды.



Күннің екінші жартысында Мемлекет басшысы Беларусь мемлекеттік университетінде және «Белресурстары» көрме орталығында болды. Онда Беларусь өндірістік кәсіпорындары өнімдерінің үздік нұсқаларымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №401 Жарлығына қол қойды.

## 23 мамыр

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасына ресми сапар барысында Минск қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде болды және дипломатиялық миссия қызметкерлерімен кездесті.

Сол күні Мемлекет басшысы «Интеграл» ғылыми-өндірістік бірлестігінде болып, оның өнімдерімен танысты.



*«Интеграл» ҰЕҰ — электронды компоненттер өндірісі жөніндегі Шығыс Еуропадағы ірі кәсіпорын. Оның бұйымдары Беларусь халық шаруашылығының барлық саласында қолданыс тапқан. Яғни, ақпараттану жүйесінде, теле-, радио-, кино- және фотоөнеркәсіпте, автомобиль жасауда, авиациялық-ғарыштық өнеркәсіпте, медицинада, спортта, тұрмыста қолданылады.*

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасына сол күні өткен Кеден одағы мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысу үшін келген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Кездесу барысында мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын талқылады, ТМД елдері және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің арасындағы интеграциялық үдерістерді кеңейту және тереңдету мүмкіндіктері жайлы пікір алмасты, сондай-ақ ТМД аясында қауіпсіздікті нығайту, лаңкестікке және есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту мәселелерін қарастырды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен Беларусь, Қазақстан, Қырғыз республикаларының және Ресей Федерациясының Кеден одағы мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Тәжікстан Республикасын Кеден одағының құрамына қабылдау, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевты Кеден одағы мемлекетаралық кеңесінің төрағасы қызметіне қайта сайлау үдерісі жүргізілді.

Саммитте сондай-ақ қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығының гуманитарлық саладағы 2000–2004 жылдарға арналған негізгі бағыттары, әлеуметтік және гуманитарлық саладағы және т.б. ұлттық заң шығарушылықты үйлестіру мәселелері талқыланды.



## 24 мамыр

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен ҰҚШ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Қазақстан Президентінің бастамасымен Бірлескен



мәлімдеме қабылданды. Оған сәйкес келісімге кірмейтін үшінші елдің әскери байланысымен салыстырғанда қатысушы мемлекеттердің арасындағы әскери-саяси байланыстарға басым сипат берілді.

Аталған шешімді дамыту үшін бірнеше регламенттеуші құжаттар қабылданды, соның ішінде Қорғаныс министрлерінің кеңесі — ҰҚШ жоғарғы органы және Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Хатшылар комитеті — жаңа кеңесші органы туралы құжаттар қабылданды.

## 25 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, онда қала мектептері түлектерінің «Ақ жол» дәстүрлі фестиваліне қатысты.

Президент: «...Білім мен шеберлік қана әр адамның және тұтас қоғамның амандығының негізін құрайды..», — дей отырып, жастарды құттықтады және болашақ кәсіптерінде жетістікке қол жеткізуі үшін білімді меңгерулерін тіледі.



## 29 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, Іле ауданындағы «Philip Morris» компаниясының өндірістік кешенін аралады.

Президент жаңа фабриканың цехтарында болды және жаңа кәсіпорында 1800 адам жұмысқа ие болғанына, ал фабрика үшін темекі шикізатының өндірісі үдерісінде Алматы облысының 20 мыңнан астам жұмысшысы әрекет ететініне ерекше көңіл бөле отырып, шикізатты өңдеудің озық технологияларының енгізілуімен танысты.

Кәсіпорынды аралау кезінде Н.Ә. Назарбаев: «Philip Morris» компаниясы мемлекеттік бюджетке салық түрінде 60 млн. доллар бөледі, сондай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша көптеген мәдени, әлеуметтік және білім беруді қолдауда елеулі үлес қосады, балалар мен жасөспірімдер арасындағы темекі шегуді ескертуге бағытталған бағдарламалардың жүзеге асуында жетекші рөл атқарады», — деп атап өтті.



## 30 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, онда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында өзінің алматылық



резиденциясында қазақстандық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының белсенділерін қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан тарихындағы бос орындарды толтырған, соның ішінде 3 мыңнан астам отандастарымыздың денесі көмілген Алматы облысының Жаңалық ауылындағы жаппай жерлеу фактісі бойынша «Әділет» қоғамының қызметін жоғары бағалады.



*Сталиндік репрессия жылдарында Қазақстан аумағында ГУЛАГ жүйесінің 93 лагері орналастырылды. Оларда әлемнің 15 елінен 1 миллионнан астам адам қамауда ұсталды.*

# МАУСЫМ



|           |          |           |           |           |    |
|-----------|----------|-----------|-----------|-----------|----|
| Дс        |          | 5         | 12        | 19        | 26 |
| Сс        |          | 6         | 13        | 20        | 27 |
| Ср        |          | 7         | 14        | 21        | 28 |
| Бс        | 1        | 8         | 15        | 22        | 29 |
| Жм        | 2        | 9         | 16        | 23        | 30 |
| <b>Сн</b> | <b>3</b> | <b>10</b> | <b>17</b> | <b>24</b> |    |
| <b>Жк</b> | <b>4</b> | <b>11</b> | <b>18</b> | <b>25</b> |    |





## 1 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында ЕҚЫҰ іс басындағы төрағасы, Австрия Республикасының Федералды Сыртқы істер министрі Б. Ферреро-Вальднер басшылық еткен делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында өңірлік қауіпсіздіктің, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық ынтымақтастығының өзекті мәселелері, еркін сайлау негізіндегі қазақстандық қоғамды демократияландыру және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту перспективалары талқыланды.



## 2 маусым

Мемлекет басшысы Днепрпетровск облысындағы Днепродзержинск қаласының 250 жылдығына орай мерекелік іс-шараға қатысу үшін Украина Президенті Л.Д. Кучманың арнайы шақыртуымен осы елге келді.



*1958–1960 жылдар аралығында Н.Ә. Назарбаев №8 Днепродзержинск техникалық училищесінде оқыды. Онда металлург мамандығын игерді.*

## 3 маусым

Мемлекет басшысы Украинаға сапары барысында осы елдің Президенті Л.Д. Кучмамен бірге Днепрпетровск облысындағы Днепродзержинск қаласының 250 жылдығына арналған салтанатты жиынға, одан соң Украинаның ұлы ақыны Т.Г. Шевченко ескерткішінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Күннің екінші жартысында Мемлекет басшысы Украина Президенті Л.Д. Кучмамен шағын құрамдағы келіссөздер өткізді. Оның барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың жағдайы мен кеңейту перспективаларын талқылады.

## 7 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Әскери реформа тұжырымдамасының және 2000–2005 жылдарға арналған әскери құрылыс мемлекеттік бағдарламасының жобалары қаралды. Сондай-ақ 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік құпиялар туралы» заң негізінде мемлекеттік



құпияларды қорғау жүйесінің жағдайымен және қару-жарақ, оқ-дәрілер мен әскери техниканың бүтіндігін сақтауға байланысты мәселелер талқыланды. Бұл ретте олардың сақталу орнын күзетуді, қару айналымының мемлекеттік бақылауын күшейтуге деген қажеттілікке үлкен назар аударылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Президент қаруды, әскери техниканы және қос мақсатты өнімді сату мәселелері жөніндегі Қауіпсіздік кеңесінің арнайы комиссиясын құруға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы (кеден қызметі қызметкерлерінің дербес атақтары мәселелері бойынша)» №52-II, «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» №53-II, «Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға қосылуы туралы» №54-II заңдарына қол қойды.

## 8 маусым

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанның жұртшылық өкілдіктерімен бірнеше жұмыс кездесулерін өткізді.

Президент аудиенциясында Қазақстанның зейнетақы қорлары қауымдастығының төрағасы А. Әлібаев (Алматы қаласы), «Жанат» мүгедектерді оңалту спорттық орталығының директоры И. Омарбеков (Павлодар облысы, Екібастұз қаласы), «Аям» АҚ төрағасы В. Яковцев (Алматы облысы) және Алматы технология және бизнес университетінің студенті А. Липчанский болды.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында мемлекет басшылары сол күні Астана қаласында өткен ОАЭҚ мемлекеттері басшылары кеңесі отырысының қорытындыларын, 2000 жылдың 21 сәуіріндегі ОАЭҚ ташкенттік саммит шешімдерінің орындалу барысын, өңірлік экономикалық ынтымақтастық проблемаларын, сондай-ақ 2000 жылдың 14 маусымында Душанбе қаласында өтетін ОАЭҚ мемлекетаралық кеңесі отырысына дайындық мәселелерін талқылады.



Мемлекет басшылары сондай-ақ бір-біріне өз елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық реформаның барысы жайлы ақпарат берді және екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың жағдайы мен даму перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы «Астана қаласының бір топ қызметкерлерін «Астана» естелік медалімен наградтау туралы» №403 Жарлығына қол қойды.

## 9 маусым

Мемлекет басшысы Қала күні қарсаңында астананың бірқатар нысандарында болды.

Атап айтқанда, Президент «ТұранӘлем банкі» ААҚ филиалының астаналық жаңа кеңсесінде, сондай-ақ «Қазақстанның Халық жинақ банкі» ААҚ филиалында болды. Онда Президентке Ғаламтор желісі бойынша Қазақстан үшін төлем жасауды жүзеге асыратын жаңа жабдық көрсетілді; Абай Құнанбаев ескерткішінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты; Қала күніне арналған, Халықаралық суретшілер фестиваліне қатысушылардың жұмыстары қойылған Заманауи өнер мұражайының экспозициясын тамашалады; қазақ этнографиялық ауылын аралап, оның экспонаттарымен танысты.

## 10 маусым

Мемлекет басшысы астанада Қала күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысты, оның аясында астананың бірнеше нысандарын аралады.

Атап айтқанда, Президент ОӘД ғимаратын қайта қалпына келтірудің және жаңа қалалық аурухана құрылысының барысымен танысты, «Қараөткел-2000» халықаралық көрме-жәрмеңкесінде болды. Онда 120-дан аса қазақстандық фирмалар мен компаниялар өнімдерінің экспозициясын және стендтерін қарап шықты, сондай-ақ Президенттік мәдениет орталығының және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жаңа оқу ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

## 12 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі И. Джемді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар екі ел қатынастарының дамуы экономика және мәдениеттің әртүрлі саласындағы ынтымақтастығының жоғары деңгейге жетуіне септігін тигізгенін қуанышпен атап өтті және өңірлік қауіпсіздік мәселелері мен екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі дамуын талқылады.



Мемлекет басшысы Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының бұрынғы тұңғыш орынбасары В.А. Гребенюктің қайтыс болуына байланысты марқұмның туыстары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

### 13 маусым

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Душанбе қаласында Президент Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелерін, экстремизмге және лаңкестікке, есірткі бизнесіне және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті бірлесе күшейтуді, сондай-ақ екіжақты сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қатынастарды одан әрі дамыту туралы декларацияға, білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық, жоғары білімді кадрларды ғылыми-педагогикалық дайындық және аттестациялау, есірткі құралдарының, психотропты заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы келісімге, сондай-ақ екі елдің кеден қызметі арасындағы бірқатар келісімдерге қол қойылды.



### 14 маусым

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен ОАЭҚ мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте ОАЭҚ-тың 2005 жылға дейінгі дамуының стратегиясы және Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру жөніндегі бірінші кезекті әрекеттер бағдарламасы қарастырылды.



Саммитке қатысушылар сондай-ақ БҰҰ мен ЕҚЫҰ Қауіпсіздік кеңесін лаңкестің, экстремизмнің және есірткінің ошағы, Орталық Азиядағы ғана емес бүкіл әлемдегі қауіптің себебі болып отырған Ауғанстандағы соғысқа үлкен көңіл бөлуге шақырды.

Отырыс соңында мемлекет басшылары Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновты ОАЭҚ мемлекетаралық кеңесінің жаңа төрағалығына сайлады.



*Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы (ОАЭҚ) — халықаралық өңірлік ұйым. Интеграциялық үдерістер 1994 жылы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының қол қойылуынан бастау алады. 1998 жылғы 26 наурызда Келісімге Тәжікстан қосылды. ОАЭҚ органдары: Мемлекетаралық кеңес, Премьер-министрлер кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Атқару комитеті, Орта Азиялық ынтымақтастық және даму банкі. 2002 жылғы 28 ақпанда ОАЭҚ «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына (ОАЫ) айналды. 2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.*

## 15–16 маусым

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысын- да жұмыс сапарымен болды.

Президент Петропавл қаласында болып, С.М. Мұқанов атындағы Қазақ драма театрының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, одан соң қаланың бірқатар кәсіпорындары — «Петропавлдың электр оқшаулағыш материалдар кәсіпорны» ААҚ және өңірге жаңа қаржы құралдарын, несиелеу құралдарын және өздерінің бірегей өңдеу бағдарламаларын енгізген «Тимей» қаржы-өнеркәсіптік компаниясының қызметімен танысты.

Жұмыс сапары барысында Н.Ә. Назарбаев қазақтың әйгілі жазушысы С.М. Мұқановтың туған өлкесінде болып, оның 100 жылдық мерейтойына арнап жаңартылған үй-мұражайының экспонаттарын қарап шықты және жаңа мектептің ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлық иегері, М.О. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының үлкен актері

Қ.О. Бадыровтың қайтыс болуына байланысты марқұмның туыстары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

## 17 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №404, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №405, «2000 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» №406 жарлықтарына қол қойды.

## 18 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар экономикалық ынтымақтастыққа, әскери-саяси саладағы өзара әрекеттестікке және мәдени-гуманитарлық саладағы бірлескен қадамдарға қатысты мәселелердің үш топтамасын талқылады. Атап айтқанда, Каспий теңізінің қайраңындағы табиғи ресурстарды бірлесе игеру және қазақстандық мұнайды Ресей аумағы арқылы тасымалдау, «Байқоңыр» ғарыш айлағын одан әрі қолдану, қазақстандық офицерлерді Ресейдің әскери оқу орындарында оқыту және Қазақстанға ресейлік әскери техника мен жабдықтарды жеткізу, ТМД аумағында арнайы орыс тілі мен мәдениетін қорғау қорын құру және т.б. мәселелер қозғалды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары «Байқоңыр» кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Бірлескен мәлімдемеге және Меморандумға, сондай-ақ байланыс және ақпарат, әскери-техникалық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. салаларындағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойды.

## 19 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына ресми сапар барысында осы елдің Үкіметінің төрағасы М.М. Касьяновпен, Федералды жиналыс Федерация



кеңесінің төрағасы Е.С. Строевпен, Федералды жиналыс Мемлекеттік думасының төрағасы Г.Н. Селезневпен, «Ресей БЭЖ» РАҚ Басқарма төрағасы А.Б. Чубайспен және «Газпром» РАҚ Басқарма төрағасы Р. Вяхиревпен кездесті.

## 20 маусым

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте ТМД Сыртқы істер министрлер кеңесі және Үкімет басшыларының кеңесі мақұлдаған құжаттардың жобасы қаралды. Соның ішінде еркін сауда аймағын құру туралы шешімнің орындалу барысы, ТМД-ның лаңкестікке қарсы орталығының және 2003 жылға дейінгі кезеңге ТМД-ны дамыту жөніндегі шаралар бағдарламасы жайында мәселелер қарастырылды.

Сондай-ақ 2005 жылға дейінгі кезеңге ТМД-ны дамыту жөніндегі шаралар бағдарламасы бекітілді, Еркін сауда аймағындағы техникалық кедергілер жөнінде келісімге, Стандарттау, метрология және сертификация саласындағы келісілген саясатты жүргізу туралы келісімге, Достастықтың сыртқы экономикалық қызметіндегі бірыңғай Тауар номенклатурасы туралы келісім хаттамасына, ТМД қатысушы мемлекеттердің бюджет құралдарының есебінен қаржыландырылатын ТМД органдары бірыңғай бюджеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.



*Мемлекет басшыларының кеңесі ТМД-ның жоғарғы органы болып табылады. Оның жұмысы 1991 жылғы 8 желтоқсандағы ТМД-ны құру туралы келісіммен және 1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД Жарғысымен реттеледі. Жарғыға сәйкес Кеңесте төрағалық ету мерзімі — 1 жыл.*

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының экс-президенті Б.Н. Ельцинге сыпайылық сапарын жасады.

## 23 маусым

Мемлекет басшысы «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру

енгізу туралы» №55-II, «Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №56-II, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №57-II, «Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы» 1993 жылғы 24 қыркүйектегі келісімге хаттаманы бекіту туралы» №58-II, «Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы келісімді бекіту туралы» №59-II, «Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы» №60-II, «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы ретінде) мен Кореяның Экспорт-импорт банкі (Кредитор ретінде) арасындағы 3 400 000 АҚШ доллары сомасына заем туралы келісімді бекіту туралы» №61-II, «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы» №62-II заңдарына қол қойды.

## 24 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Ресей Федерациясына ресми сапардың және ТМД мемлекет басшылары кеңесінің кезекті отырысының қорытындысы жөнінде баспасөз-конференциясын өткізді.

Президент Мәскеуге жасаған сапарын аса маңызды және жемісті деп сипаттады. Ол Ресеймен қарым-қатынастың нақтылана түскенін, ал Достастықта тараптардың өзара түсіністігінің артқанын, бірлескен шаралардың нақты нәтижелері көріне бастағанын атай отырып, талқыланған мәселелердің тізіміне тоқталды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №407, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №408–412 жарлықтарына қол қойды.



## 26 маусым

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігінде жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Брюссель қаласында Король Альберт II-шімен кездесті.

Кездесу барысында тараптар халықаралық саясат, өңірлік қауіпсіздіктің және екіжақты байланыстың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Антверпен қаласына келіп, Бельгия Корольдігінің Мемлекеттік министрі Ж.-Л. Деанның, Бенилюкс елдері бойынша ЕҚДБ директоры Б. Снойдың және Бельгияның іскерлік ортасы өкілдерінің жетекшілігімен жүк айналымының көлемі бойынша Еуропада екінші орын алатын кемежай айдыны бойынша теплоходпен экскурсия жасады.

Күн соңында Мемлекет басшысы Бельгияның іскерлік ортасының өкілдерімен кездесті және еліміздің еуропа нарығына энерготасымалдаушыларды жеткізуді айтарлықтай арттыруға ниетті екенін айта отырып, энергетика саласында Қазақстанмен ынтымақтастықты кеңейту перспективаларына олардың назарын аударды.

## 27 маусым

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігіне жұмыс сапары барысында НАТО штаб-пәтерінде болып, Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымының Бас хатшысы Дж. Робертсонмен кездесті.

Келіссөздер барысында НАТО қатысушы елдер мен Қазақстан Республикасының әскери-техникалық, экономикалық, саяси және гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейту перспективалары қаралды.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Қарулы Күштері кадрларын кәсіби оқытуға, Семей өңірін ядролық сынақтардан кейін оңалтуға мүмкіндік туғызатын «Бейбітшілік үшін әріптестік» және «Бейбітшілік үшін ғылым» НАТО бағдарламаларына Қазақстанның қатысу маңыздылығын ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Еуропалық комиссия президенті Р. Продимен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан және ЕО арасындағы өзара байланыс жағдайы мен перспективалары, Қазақстанның Орта Азиялық өңірдегі көшбасшылығын ескере отырып, олардың стратегиялық әріптестік жазықтығына өту мүмкіндігін, Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру, Қазақстан болатының импортына квотаны арттыру, сондай-ақ қазақстандық қара уылдырық импортын шектеу туралы шешімді қайта қарау мәселелері қарастырылды.



*Еуропалық комиссия немесе Еуропалық қоғамдастық комиссиясы — ЕО-ның басты атқарушы органы және оның негізгі екі құраушылары — Еуропалық экономикалық қоғамдастық және Атом энергиясы жөніндегі еуропалық қоғамдастықтың бірыңғай басқарушы институты.*

*1967 жылғы маусымда құрылған орган қазіргі кезде Еуроодақтың әр елінің мүддесін білдіретін 25 комиссардан тұрады. Олар өз елдерінің үкіметімен өкілеттілігін атқарудың 5 жылдық мерзіміне тағайындалады.*

*Қазіргі таңда Еурокомиссия ЕО-ның негізін құраушы шарттардың сақталуының басты кепілі болып табылады, қажетті заңнамаларға бастама жасайды және олар бекітілгеннен кейін жүзеге асуын бақылайды.*

Сол күні Мемлекет басшысы алдыңғы қатарлы бельгиялық «La Libre Belgique» газетінің тілшісіне сұхбат берді, сұхбатта Қазақстан-Бельгия ынтымақтастығының барлық параметрлерін және перспективаларын сипаттады.

## 28 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Париж қаласында «Vivendi SA», «TotalFinaElf», «Thompson», «BRGM» және т.б. сияқты Францияның ірі компанияларының басшыларын қабылдады.

Кездесу конструктивті жағдайда өтті, кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы тығыз ынтымақтастықтың алдағы дамуына қызығушылықтарын білдірді. Оның қорытындысы бойынша «BRGM» компаниясы мен Павлодар қаласындағы «Химпром» АҚ химиялық зауытының жұмысы нәтижесінде сынаппен ластанған аймақтарды қайта қалпына келтіру жөніндегі жобаны бірлесе жүзеге асыру туралы келісімге, сондай-ақ Атырау

және Маңғыстау облыстарындағы мұнай-газ кен орындарында инфрақұрылым нысандарын бірлесіп салу мақсаты туралы хаттамаға қол қойылды.

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Франция ынтымақтастығының кең ауқымды мәселелерін талқылады, бұл ретте Қазақстанға Франция капиталының ағымына кедергі болып отырған факторларды жою және инвестициялық қызметті реттеу саласындағы инвестиция тарту және өзара қорғау жөніндегі шараларға баса назар аударылды. Мемлекет басшылары сондай-ақ өзара мүддеге ие мәселелер жөнінде халықаралық аренадағы шаралар жағдайы туралы пікір алмасты.

Президенттер өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер бойынша көзқарастардың сәйкес келуін разылықпен белгілеп өтті, екі елдің экономикалық ынтымақтастығының кеңею және өсу қарқынының оң динамикасын атап өтті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Франция Президентін ресми сапармен Қазақстанға келуге шақырды.



Күннің екінші жартысында Мемлекет басшысы Франция Республикасының Премьер-министрі Л. Жоспенмен, Парламенті Ұлттық жиналысының төрағасы Р. Форнимен және Өнеркәсіп жөніндегі мемлекеттік хатшысы К. Пьерремен екіжақты кездесулер өткізді.

## 29 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапар барысында Еуропаның қаржылық және іскерлік орта өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесу «MEDEF International» халықаралық кәсіпкерлер қауымдастығының франциялық штаб-пәтерінде өтті.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде Қазақстандағы инвестициялық климаттың айтарлықтай жақсаруын атап өтті және шетелдік инвестицияның елдің әр тұрғынына шаққандағы деңгейі кез-келген ТМД-ның немесе Венгрияны қоспағандағы Шығыс Еуропа елдерінен жоғары екенін айтты.



Президент Қазақстан экономикасына Франция капиталы инвестициясының көлемінің аз екенін және оның 1994–1999 жылдар аралығында 115 млн. долларды құрағанын атап өтті. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев «Франция компанияларының қатысуымен жаңа басымды жобалардың жүзеге асырыла бастауы өзара тиімді ынтымақтастықты санаудың жаңа нүктесі болатындығына» сенім білдірді.



Сол күні Мемлекет басшысы Франция Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы К. Понселемен және Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының Бас хатшысы Д. Джонстонмен кездесті.

# ШІЛДЕ



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Сс | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Ср | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Бс | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Жм | 7 | 14 | 21 | 28 |    |
| Сн | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Жк | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |



### 3 шілде

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Теміртау қаласында болып, тұңғыш қазақстандық шойын қорытудың 40 жылдығына байланысты салтанатқа қатысты.

Облыс жұртшылығы мен металлургтердің салтанатты жиынында сөйлеген сөзінде Қарағанды металлургия комбинатының ұжымы бүкіл елдің ауыр өнеркәсібінің дамуына зор үлес қосқанын ерекше атап өтті.



*1960 жылғы 3 шілдеде металлург Н.Ә. Назарбаев Қарағанды металлургия комбинатында қазақстандық шойынның алғашқы тоннасының қорытылуына тікелей қатысты.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №63-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі №3436 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №414, «Оңтүстік Қазақстан облыстық соты сот алқасының төрағасын және Қазақстан Республикасының облыстық соттары мен оларға теңестірілген соттардың судьяларын қызметке тағайындау мен қызметтен босату және аудандық, қалалық соттардың судьяларын қызметінен босату туралы» №415 жарлықтарына қол қойды.

### 4 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген НАТО Бас хатшысы Дж. Робертсонды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен НАТО-ның «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы аясында ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды, лаңкестікке және есірткі саудасына қарсы бірлескен күрестің басым бағыттары, табиғат апатының салдарын жою кезінде көмекті үйлестіру жөніндегі шаралар және ортақ мүддеге ие басқа да бірқатар мәселелер қарастырылды.



*«Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы ұйымның құрамына кірмейтін еуропалық 23 мемлекетпен және Кавказ бен Орталық Азияның бұрынғы*



*кеңестік республикаларымен НАТО-ның арасындағы әскери ынтымақтастықты дамыту мақсатында 1994 жылы бекітілген. Қазақстан Республикасы 1994 жылы бағдарламаның қатысушысына айналды.*

Сол күні Мемлекет басшысы Атырау облысына жұмыс сапарымен келді.

Президент бірінші барлау скважинасының бұрғылауы аяқталған және ірі мұнай кен орнының бар екендігі расталған Шығыс Қашаған кен орнында болды.

Аталған фактіге түсінік бере отырып, Мемлекет басшысы: «...Біздің мамандардың бағалауы бойынша, жаңа мұнайдың өнімділік коэффициенті теңіздікіне қарағанда бірнеше есе жоғары. Қысым 200 атмосфераға жоғары, демек ол әлдеқайда жеңілірек, ал аумақтың ауданы Теңізге қарағанда, 6 есе кеңірек...», — деп ерекше атап өтті.



*Қашаған — соңғы 40 жылда ашылған әлемдегі ірі мұнай-газ кен орнының бірі, сондай-ақ теңіздегі ең ірі мұнай-газ кен орны. Каспий теңізінің солтүстігінде орналасқан. Каспий маңы мұнайлы-газды провинциясына жатады. 2000 жылғы 30 маусымда «Восток-1» скважинасында ашылған.*

*Қашағанның мұнай қоры 1,5-10,5 млрд. тонна аралығында. Оның 1,1-ден 8 млрд. тоннаға дейінгісі Шығысқа, Батысқа — 2,5 млрд. тоннаға дейінгісі, ал Оңтүстік-Батысқа — 150 млн. тоннасы тиесілі.*

## 5 шілде

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен «Шанхай бестігі» мемлекеттерінің саммитіне қатысты.

Қазақстан Президенті саммитте сөйлеген сөзінде «бестікке» қатысушы елдер алдағы уақытта да әртүрлі саладағы ынтымақтастықты кеңейтетінін атап өтті. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев «Шанхай бестігінің» премьер-министрлерінің алғашқы кездесуін өткізу туралы ұсыныс жасады және ол ұсыныс бір ауыздан қолдау тапты.

Саммиттің қорытынды құжаты ретінде Душанбе Декларациясына қол қойылды. Онда «Шанхай бестігіне» қатысушылардың «бестікті» көпжақты ынтымақтастықтың өңірлік құрылымына түрлендіруге деген ынтасы білдірілген.

Саммит барысында Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов екі ел халқының арасындағы

бауырластық байланыстарды тереңдетуге сіңірген еңбегі, Тәжікстанда бейбітшілік орнатуға қосқан үлесі, сондай-ақ ТМД халықтарын жақындастыруға жұмсаған қажырлы жігері үшін Н.Ә. Назарбаевқа I дәрежелі «Исмоили Сомони» орденін табыс етті.



*«Шанхай бестігі» — өңірлік халықаралық ұйым, әскери саладағы сенімді нығайту және шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасының арасындағы келісімге 1996–1997 жылдары қол қойылу нәтижесінде құрылды.*

*«Исмоили Сомони» орденімен мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым және мәдениет қайраткерлері және Тәжікстан Республикасының басқа азаматтары еңбектегі жоғары жетістіктері, мемлекет құрылысы ісіндегі елеулі үлесі, әскери қызметтегі жетістігі, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық және қайырымдылық қызметі үшін марапатталды. Орденнің үш дәрежесі бар.*

«Шанхай бестігі» мемлекеттері саммитінің жұмысы аясында Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзэминмен және Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияны және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға хаттаманы бекіту туралы» №64-II, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына автокөлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №65-II, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шартты бекіту туралы» №66-II, «Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс туралы келісімге Түзетулер енгізу туралы хаттаманы бекіту

туралы» №67-II, «Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №68-II, «Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісімді бекіту туралы» №69-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ресей Федерациясының 4-ші Мемлекеттік орталық полигонының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілері мен әскери алаңдарын жалдау туралы шартты бекіту туралы» №70-II, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 4-ші Мемлекеттік орталық полигонын (Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілері мен әскери алаңдарын) пайдалану тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №71-II, «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» №72-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартты бекіту туралы» №73-II, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру және Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету шарттары туралы келісімді бекіту туралы» №74-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгеріспен толықтырулар енгізу туралы» №75-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ресей Федерациясының 929 — Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілері мен әскери алаңдарын жалдау туралы шартты бекіту туралы» №76-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді және оның хаттамасын бекіту туралы» №77-II, «Қаржы лизингі туралы» №78-II, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №79-II, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 929 — Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын (Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілері мен әскери алаңдарын)

пайдалану тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №80-II, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ембі полигонын пайдалану мен жалдау шарттары туралы келісімді бекіту туралы» №81-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартты бекіту туралы» №82-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры туралы» №416 Жарлығына қол қойды.

## 6 шілде

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы бірнеше жаңа нысандардың салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Атап айтқанда Президент К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрын және қайта қалпына келтірілгеннен кейін қолданысқа берілген Орталық әмбебап дүкенді ашты.

Ашылу рәсіміне Қырғыз, Тәжікстан, Өзбекстан республикаларының президенттері А.А. Ақаев, Э.Ш. Рахмонов және И.А. Каримов бастаған делегация, сондай-ақ Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужков, Ресей Федерациясының Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының депутаттары В.С. Черномырдин және Е.М. Примаков және т.б. қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы бірқатар кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрі Абдалла бен Мұхаммад бен Ибрагим әл-Аш-Шейхті қабылдады және онымен екіжақты қатынастарды кеңейту, заң шығарушылық жұмысы және құқық саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковпен, Ресей Федерациясының Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының депутаты Е.М. Примаковпен және танымал ресейлік кинорежиссер Н.С. Михалковпен кездесуде ынтымақтастықты кеңейту және әртүрлі салада екі ел арасындағы тату көршілік қатынастарды дамыту мәселелері қарастырылды.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Қостанай облысындағы «Заречный» кәсіпорнының директоры

В. Двуреченскиймен кездесті. Ол Президентке фермерлер мен ауыл тұрғындарының атынан елдегі жүргізілген реформалар үшін алғысын айтты және ескірген ауылшаруашылық техникасын ауыстыру қажеттігіне байланысты мәселені атап өтті.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы» №417 Жарлығына қол қойды.

### 10–26 шілде

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

### 20 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» №83-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ү.Ж. Кулинов туралы» №419, «Ж.С. Мақажанова туралы» №420 жарлықтарына қол қойды.

### 27 шілде

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болды. Оның барысында өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанның бірқатар жұртшылық өкілдерін қабылдады.

Шығыс Қазақстан облысындағы «Бұқтырма цемент компаниясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Р.А. Ващенкомен кездесуде елдің өнеркәсіп секторындағы жағдай туралы пікір алмасу өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Ж.К. Солтиевамен әңгіме кезінде әйелдер мәселелері жөніндегі зерттеу институтын құру туралы мәселе қарастырылды.

Оңтүстік Қазақстандағы «Қайнар құс» АҚ Бас директоры М.Қ. Тағаевпен әңгіме барысында ауылдық кәсіпкерлікті жеңілдігі бар несиелермен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.


### 28 шілде

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық

Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзинь-таоны қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастардың үдемелі даму сипатын, кең ауқымды мәселер бойынша көзқарастардың сәйкес келуін және саяси, экономикалық ынтымақтастықты өзара тереңдетуге деген ұмтылыстарын разылықпен атай отырып, мұнай-газ, сауда, көлік-транзиттік және электроэнергетикалық салалардағы ынтымақтастық мәселелерін тыңғылықты талқылады. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев Батыс Қытай экономикасын дамытуға «Шанхай бестігі» елдерінің қатысуы туралы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэ-минмен жасалған уағдаластықты Қазақстан екі ел ынтымақтастығындағы жаңа өзара тиімді бағыт деп білетінін ерекше атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия жұмысын бастау, көлік және бақылау-өткізу пункттері мәселелері жөнінде арнайы топ құру, сондай-ақ ҚХР Үкіметінің Қазақстан Үкіметіне өтеусіз көмек көрсетуі туралы келісті.



Мемлекет басшысы «Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын тарату туралы» №421, «Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы» №422 жарлықтарына қол қойды.

## 31 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Жамбыл облысы Отар қаласында өткен Оңтүстік әскери округ әскерлерінің оқу-жаттығуына қатысты.

Жоғарғы Бас қолбасшыға сарбаздар мен офицерлердің жауынгерлік білімі, заманауи әскери техника мүмкіндіктері көрсетілді.



Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Г. Шредерге Франциядағы әуе апаты нәтижесінде қаза болған жолаушылардың жақындарына және туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.



Мемлекет басшысы «Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тағайындау туралы» №423, «Е.М. Асанбаев туралы» №424, «В.Х. Ғиззатов туралы» №425, «В.Х. Ғиззатовты Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №426, «Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы» №427 жарлықтарына қол қойды.



# ТАМЫЗ



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс |   | 7  | 14 | 21 | 28 |
| Сс | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Ср | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Бс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Жм | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Сн | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Жк | 6 | 13 | 20 | 27 |    |



## 1 тамыз

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Балқаш қаласында болып, төменгі сұрыпты мырыш ерітіндісін қайта өңдейтін «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ зауытының құрылыс барысымен танысып, «Алматы — Астана» автожолының қайта қалпына келтірілген бөлігін қарап шықты.



Түстен кейін Мемлекет басшысы Жезқазған қаласындағы «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ-ның ең ірі «Южный» кенішінде болды, одан соң Сәтбаев қаласына кетті. Онда жаңа Кеншілер сарайында өткен «Шашу» балалар ансамблінің концертін тамашалады және қаланың жұртшылық өкілдерімен кездесті.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «...«Қазақмыс» корпорациясының кәсіпорындары қалыпты жұмыс істеп жатқанын және «Samsung» компаниясын инвестор ретінде тарту туралы 5 жыл бұрын қабылданған шешімнің дұрыс екендігін қуана айта аламын. Бұл компания бізге басқарудың жаңа әдістерін әкелді және біздің мамандарды әлем нарығындағы бәсекелестік ортада сәтті жұмыс істеуді үйретті. Ең бастысы, адамдардың тұрақты жұмысының және уақытылы төленетін жалақысының бары...», — деді.



Күн соңында Мемлекет басшысы «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ президенті В.С. Кимді қабылдады. В.С. Ким соңғы жылдары жасалған жұмыс туралы ақпарат берді және корпорацияның алдағы уақыттағы жоспарымен бөлісті.

## 2 тамыз

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары кезінде Қарағанды қаласында болып, өңір қажеттігі үшін электроэнергияны жеткізуші болып табылатын Топар МАЭС-те және «Қазақмыс» корпорациясы» ААҚ жылыжай комбинатында болды, сондай-ақ қарағандылық резеңке-техникалық бұйымдарын шығарушы кәсіпорындардың жұмысымен танысып, оның ұжымымен кездесті.

### 3–4 тамыз

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.

Павлодар қаласында Президент қаланың бас мешітінің құрылыс барысымен танысты, жаңа кафедралды соборға барып, ғибадатханаға көне иконаны сыйға тартты, Ертіс өзенінің жаңартылған жағалауын аралады, «Асыл Ағаш» жиһаз фабрикасын, «Қазэнергокабель» АҚ және ферроқорытпа зауытын аралады, сондай-ақ ұлттық-мәдени орталық басшыларымен және қала тұрғындарымен кездесті.

### 7 тамыз

Мемлекет басшысы «Н.В. Радостовец туралы» №428, «С.М. Бүркітбаев туралы» №429, «Ә.М. Бәйменовті Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №430, «К.Қ. Мәсімовті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №431 жарлықтарына қол қойды.

### 8 тамыз

Мемлекет басшысы «Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы» №432 Жарлығына қол қойды.

### 9 тамыз

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті. Ол өзбек-тәжік шекарасындағы қақтығыс туралы хабардар етті.

Әңгіме барысында тараптар өңірдегі жағдайдың тұрақтылығын және лаңкестікке және тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне қарсы күрес жөніндегі бірлескен әрекет туралы Ташкент келісімін қолдану қажетсіздігін атап өтті. Сонымен бірге, олар Қазақстан мен Өзбекстанның тәуелсіздігі мен территориялық бүтіндігінің қауіптеріне қарсы әрекет етуге өзара дайындығы мен шешімділігін құптады.

Одан басқа тараптар екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және өңірдегі интеграциялық үдерістерді одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге Мәскеу қаласының жерасты

өткеліндегі адам өмірлерін қиған жарылысқа байланысты көңіл айту жеделхатын жіберді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №433, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №434 жарлықтарына қол қойды.

## 10 тамыз

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Грекия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Хатупистен және Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі К. Танакиден сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында халықаралық олимпиада жеңімпаздары — оқушылар тобын қабылдады.

Жас қазақстандықтармен әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев: «XXI ғасырда Қазақстанның әлемдегі дамыған елдермен бірдей болуға барлық мүмкіндіктері бар. Біздің тәуелсіздігіміз, табиғи байлығымыз, дарынды және білімді халқымыз бар. Мемлекетті алға жетектейтін жаңа зияткерлік күштерді өсіру мүмкіндігіміз бар», — деп атап өтті.



*2000 жылы халықаралық олимпиадаға республиканың 28 оқушысы қатысты, олардың 16-сы әртүрлі дәрежедегі медальдармен наградталды. Ал әртүрлі халықаралық жарыстарда 2000 жылы Қазақстанның жас зияткерлері барлығы 29 награданы жеңіп алды.*

## 11 тамыз

Мемлекет басшысы 2000 жылдың 7 айындағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Президент Үкіметтің қызметін мақұлдай отырып: «тәуелсіздік жылдарында республикамыз алғаш рет осындай экономикалық өсудің жоғары қарқынына ие болып отыр. Әрі барлық салада...», — деп атап өтті. Дегенмен, Н.Ә. Назарбаев: «...қол жеткізген

нәтижелерге қуанамыз деп масаттанып кетпеу керек. Толық тұрақтылық жайлы айтуға әлі ерте. Қазақстанның экономикасы бұрынғысынша сыртқы әрекеттерге сезімтал болып қала береді. Қыруар кәсіпорындар әлі тоқтап тұр. Бюджетті толықтыру саласында да нақты мәселелер бар. Сондықтан, қазір ең бастысы — нәтижелерді бекіту және жақын арада жұмыссыздар санын азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, шағын кәсіпкерлік үшін ең жақсы жағдайларды жасау, егінді жинау, алдағы жылу маусымына дайындық сияқты бірінші кезектегі мәселелерді шешуге тырысу», — деп күні бұрын ескертті.

Президент сондай-ақ Үкіметтің назарын импортты алмастыру бағдарламасын жүзеге асыруға, елдегі жол құрылысын кеңейту және азаматтар мен кәсіпорындардың құралдарын қаржы айналымына қолдануға және жинақтауға қабілетті сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігіне аударды.

### 14 тамыз

Мемлекет басшысы «М. Гавенцкийді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №435, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №436 жарлықтарына қол қойды.

### 16 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Шортанды ауданында Президент А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ҒЗИ-да болды және шаруашылықтың тәжірибелік егістік жерінде аудандастырылған «Саратовская», «Целинная», «Ақмола» және солтүстік өңірде үлкен сұранысқа ие басқа да суыққа төзімді бидай сұрыптарының егінін аралады.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев Степногорск қаласына кетті, онда мал мен құсқа арнап азықтық қоспалар шығаратын «Биокорм» ЖШС-да және «Қазақстан темір жолы» РМК мен ТМД елдерінің темір жолы үшін сырғанау мойынтіректерін шығаруға маманданған «Степногорск мойынтірек зауытында» болды.



### 17 тамыз

Мемлекет басшысы Жапонияның Либералдық-демократиялық партиясының Бас хатшысы Ц. Хатуды қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстандағы Семей қаласында Ертіс өзеніне көпір салу, Астана қаласының әуежайын қалпына келтіру, Батыс Қазақстанда автожолдарды жөндеу және теміржол көлігін дамыту бойынша жобалардың сәтті жүзеге асып жатқанын ризашылықпен атап өтті. Осы оң тәжірибені назарға ала отырып, тараптар Аралдың және бұрынғы Семей ядролық полигонының экологиялық мәселесін шешуге Жапонияның қатысуын кеңейту қажеттігі, Қазақстанның дамуына Жапонияның ресми көмегінің бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру туралы екіжақты келісімге келді.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы дипломатиялық миссиясы мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Египет Араб Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Айман Хамди әл-Кониді қабылдады.

Әңгіме барысында екі ел қатынастарын одан әрі дамыту, экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды, Қазақстанда Ислам мәдени орталығын ашу мәселелері қарастырылды.

Президент, дипломатты Қазақстандағы сәтті әрі өнімді жұмысы үшін құттықтады және дипломатиялық іс майданында жаңа жетістіктер тілей отырып, Египет Араб Республикасының Президенті Х. Мубаракқа Қазақстанға сапармен келуі және Ислам мәдени орталығының ашылу рәсіміне қатысуы үшін шақырту жолдады.

Мемлекет басшысы «З.Қ. Тұрысбековті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №437 Жарлығына қол қойды.

## 18 тамыз

Мемлекет басшысы Украинаның Ялта қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Саммит барысында тараптар Орталық Азиядағы жағдайды, жаһандану жағдайындағы ТМД перспективаларын және БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-сессиясының аясында 2000 жылдың қыркүйегінде



Нью-Йорк (АҚШ) қаласында өтетін мыңжылдық саммитіне қатысу мәселелерін талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуі аясында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен, Молдова Республикасының Президенті П.К. Лучинскиймен және Грузия Президенті Э.А. Шеварднадземен екіжақты кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ үшжақты форматта Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновпен кездесті және олармен Орталық Азиядағы жағдайды талқылады, сондай-ақ 2000 жылдың 20 тамызында Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өтетін Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты пікір алмасты. Тараптар өңірде барлық саяси және күш құралдарын қолдана отырып, халықаралық лаңкестікке қарсы әрекет етуге өздерінің шешімділігі және дайындығы туралы мәлімдеді.



## 20 тамыз

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өтетін Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты.

Саммит қатысушылары ең алдымен тәжік-ауған бөлігіндегі Орталық Азияның оңтүстік шекарасын түбегейлі нығайтуды және лаңкестерді орналасқан жерінде жоюды қоса алғанда, өңірдегі жағдайды реттеу бойынша шұғыл шараларды талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшылары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне, ЕҚЫҰ-ға, ИКҰ-ға, әлемнің барлық мемлекеттеріне халықаралық лаңкестікті қатаң талқылап қана қоймай, декларациядан келісілген әрекетті шараларға көшуге шақырған үндеуі бар Бірлескен мәлімдеме қабылдады.



## 22 тамыз

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Алматы қаласында болды.

Сапар барысында өзінің алматылық резиденциясында Жалпыға бірдей кәсіподақтар конфедерациясының төрағасы В.П. Щербаковты қабылдады. В.П. Щербаков қарапайым халықтың игілігі үшін бағытталған сындарлы қызметі және басқа да азаматтық бастамалары үшін Н.Ә. Назарбаевқа Жалпыға бірдей кәсіподақтар конфедерациясының ең жоғарғы наградасы — «Кәсіподақтар қозғалысына қосқан үлесі үшін» Құрмет белгісін табыс етті.



*Жалпыға бірдей кәсіподақтар конфедерациясы — халықаралық кәсіподақтық бірлестік, азаматтардың мүддесі мен әлеуметтік-еңбек құқығын қорғау және кәсіподақ қызметінің кепілдігі бойынша әрекеттерді біріктіру, халықаралық кәсіподақтық ынтымақтастықты нығайту үшін құрылған.*

*Конференция қатарында ТМД елдерінің 10 ұлттық кәсіптік орталығы және 31 халықаралық салалық кәсіподақ бірлестіктері, жалпы саны 50 млн. мүшесі бар 41 ұйым бар.*

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады. Ол банктің ағымдағы қызметі туралы есеп берді.

Кездесу барысында Президент Ұлттық банкке нақты сектордың несиелеу жүйесін одан әрі дамытуға баса назар аударуды тапсырды және шоғырландырылған негізде қаржылық топтарға бақылауды енгізу қажеттігін атап өтті.



## 23 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» №402 Жарлығына қол қойды.

## 24 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында шағын және орта бизнес өкілдері — Талғар қаласының кәсіпкері С. Калининді, Жамбыл облысындағы «Гамбург» ЖШС директоры Е. Кохты, Шығыс Қазақстан облысындағы «Алтын бидай» ЖШС директоры Т. Манкенованы қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев жеке кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау туралы өзінің тапсырмасының қалай орындалып жатқаны жайында сұрады. Н.Ә. Назарбаев: «...соңғы жылдары республикалық бюджет түсімінің ширегінен астамы

кіші және орта кәсіпорындардан келуде. Және бұл шегі емес. Жаңа заңнамалық актілер шағын және орта кәсіпкерліктің одан әрі гүлденуіне септігін тигізеді және шенеуніктердің озбырлығынан қорғайтын болады», — деп ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге «Курск» сүңгуір қайығының апаты нәтижесінде болған теңізшілердің қайғылы қазасына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.



*«Курск» сүңгуір қайығы 2000 жылғы 12 тамызда қанатты зымыранның оқу-жаттығулық ұшыру кезіндегі жарылыс салдарынан Североморск қаласының 175 шақырымында 108 метр тереңдікке Баренцев теңізіне батып кетті. Апат нәтижесінде 118 адам қаза болды.*

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы №355 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №438 Жарлығына қол қойды.

## 25 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында өзінің алматылық резиденциясында Сидней қаласында өтетін (Австралия) XXVII Жазғы олимпиада ойындарына бара жатқан Қазақстанның ұлттық олимпиадалық құрамасын қабылдады.

Президент өзінің тілегінде мемлекет қиын экономикалық жағдайда да спортшыларды ұмытпағанын және олардың шеберлігін шыңдауына, ірі халықаралық жарыстарға жемісті дайындықтарына көмектескенін атап өтті. «Сендер тек қана спортшы емес, Қазақстанның өкілетті өкілі екендерінді есте ұстауларың керек. Сендерге қарап отырып, сендерді бағалай отырып, бүкіл әлемнің адамдары Қазақстан туралы ойлайды. ...Отанымыздың қасиетті символы — Қазақстан Республикасының мемлекеттік байрағын — спортшыларға 4 жыл бұрын да тапсырғанмын. Сол кезде, Атлантадан кейін, олар маған 11 медальмен бірге қайтарды. Қазір де, байрақты Сиднейден кейін одан да көп жетістікпен қайтарарсыңдар деп үміттенемін. Сендерге жеңіс, амандық және ақ жол тілеймін!», — деді Н.Ә. Назарбаев.





*XXVII Жазғы Олимпиада ойындары 2000 жылдың 15 қыркүйегі мен 1 қазан аралығында Австралияның Сидней қаласында өтті. Оның аясында 28 спорт түрінен 300 медаль жиынтығы ойнатылды.*

## 29 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің кезекті отырысына қатысты. Онда Жоғарғы сот кеңесінің төрағалық қызметіне Қ.Ә. Мәмидің кандидатурасын ұсынды.

Жоғарғы сот кеңесі Президент ұсынысын қолдап, Қ.Ә. Мәмидің кандидатурасын бұл қызметке сайлау үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына енгізуді ұсынды.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Энергетика министрі Б. Ричардсонды және «Chevron Corporation» компаниясының Директорлар кеңесі төрағасы — компанияның Бас атқарушы директоры Д. О' Райлли бастаған өкілдерді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның мұнай ресурсын игеруде екі ел ынтымақтастығын кеңейту перспективалары қарастырылды.

Мемлекет басшысы «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №439 Жарлығына қол қойды.

## 30 тамыз

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында шийт-исмаилит мұсылмандарының имамы, Аға Хан қорының Президенті ханзада Кәрім Аға Ханды қабылдады.

Кездесу барысында Тәжікстан Республикасының Хорог қаласында Орталық Азия биік таулы аудандарындағы тұрғындардың мәселесін зерттеу жөніндегі университеттің бірлескен құрылысы туралы келісімге қол қойылды.



*Аға Хан қоры 1967 жылы құрылған. Ұйым жылына бейкоммерциялық қызметке 150 млн. доллар жұмсайды. Қор әлем бойынша 500-ге жуық білім ордасы мен медициналық орталықтар салған.*

Мемлекет басшысы Астана қаласының сол жақ жағалауын салу жоспарымен танысты.

Ұсынылған әкімшілік ғимаратының үлгісін қарап шығып, Президент оларды қолдады, бірақ құрылыста ұлттық сәулет стилін және ерекшелігін жасауға және қолдануға үлкен көңіл бөлуді ұсынды.

Сол күні Мемлекет басшысы елорданың жаңа алаңын қарап шықты және Астана қаласының тұрғындарымен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев қалалықтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтады және әр үйге тыныштық пен амандық тіледі.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 жылдығына байланысты астаналық Конгресс-холлда өткен салтанатты жиналысқа қатысты.


«Біз, Қазақстан халқы...», — Конституциямызды ашатын бұл тіркесте, мемлекеттің қайта жандануына, жаңа әділетті қоғамның құрылуына ұмтылған көптеген ұрпақтың тарихи сабақтастығының барлық тереңдігі жинақталған. Мемлекет — бұл тек аумақтан, азаматтар бірлігінен, билік институтынан ғана тұрмайды, оның қатарында, алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен жарқын болашаққа үмітін парақтарына жинақтаған Конституция да бар», — деді Президент өзінің «Конституция — Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты баяндамасында (Қосымшаны қараңыз).



# ҚЫРКҮЙЕК



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Сс | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Ср | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Бс | 7 | 14 | 21 | 28 |    |
| Жм | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Сн | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Жк | 3 | 10 | 17 | 24 |    |





## 1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Палатасының бірлескен отырысына қатысып, Парламенттің екінші шақырылымының II сессиясын ашты.

Президент депутаттардың алдында сөйлеген сөзінде олардың назарын халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, құрылыс жинақтары, трансферттік баға белгілеу, бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу, астық туралы өмірлік маңызы бар заң жобаларын тез арада қабылдау қажеттігіне, сондай-ақ банк қызметі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, сот жүйесі мен соттар мәртебесі, жер туралы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелеріне аударды.

Н.Ә. Назарбаев сөзін: «Біз реформа жүргізіп жатырмыз деп айтып үйреніп қалғанбыз. Енді реформалардың негізінен жүргізіліп болғанын көрсетуіміз керек. Біз саясат пен экономикада қайғылы әрі ауыр, бірақ ауқымы жағынан тарихи кезеңді өткердік. Әрі қарай жылжу керек. Біз келесі кезеңге өтеміз, онда қол жеткізген оң нәтижелерді бекіту үшін жағдайлар жасалған және әрі сыртқы, әрі ішкі тәуекелдерден экономиканы қорғау қамтылған болуы керек», — деп қорытындылады (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» №440 Жарлығына қол қойды.

## 4 қыркүйек

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы аясындағы мыңжылдық саммитіне қатысу үшін Америка Құрама Штаттарына кетті және жолда Ұлыбританияға аялдап, осы елдің астанасы Лондон қаласында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Н.Ә. Назарбаев ЕҚДБ Президенті Ж. Лемьерді қабылдады және Қазақстандағы бірқатар жобаларды жүзеге асырудың жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Президент сондай-ақ «BAE Systems» Аэроғарыштық компаниясының Атқарушы директоры Д. Вестонмен

келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында авиализингті компания және Астана қаласында әуе лайнеріне сервистік қызмет көрсету орталығын құру туралы жобалар қарастырылды.

Лондонға сапарының соңында Мемлекет басшысы Ұлыбритания экс-премьері М. Тэтчерге сыпайылық сапарын жасады.

### 5 қыркүйек

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы аясындағы мыңжылдық саммитіне қатысу үшін Америка Құрама Штаттарына келді.

### 6 қыркүйек

Мемлекет басшысы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-сессиясы аясында өткізілген мемлекет және үкімет басшылары қатысқан ірі форумға — мыңжылдық саммитіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев саммитте сөйлеген сөзінде жаһанданумен байланысты мәселелерге және оны шешу жолдарына тоқталды: «Жаңа мыңжылдық жай жаһандық өзгерістер ғана әкеліп қоймай, адамзат өміріне де өзгеріс кезеңін әкелері сөзсіз.

Алайда, қазірдің өзінде жаһандану жаңа әлемдік тәртіптің сұлбасына мәжбүрлеуші екенінде күмән жоқ, әлбетте, үдерістің құбылыстарына жататын жаһандану көптеген мемлекеттер үшін талай келеңсіз зардап әкелуі мүмкін.

Бұл көптеген факторларға негізделген, олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі әлемдік қоғамдастықтың айқын теңсіздігі болып табылады. Бұл тіпті аталған теңсіздіктің өрбуін көрсететін біздің күнделікті терминологиямызда да кездеседі. Олар — байлар мен кедейлер, дамыған және экономикалық жағынан қалыс қалғандар, ресурстық әлеуеті барлар және оны тауысқандар және т.б.

Егер жаһанданудың жемісі мен жетістіктерін жоғары дамыған мемлекеттердің тек кішігірім тобы ғана қолданатын болса, онда бұл жер өркениетінің соңғы және алдыңғы жүзжылдықта басынан кешіргенінен әлдеқайда ауырырақ қарсылықтарға, жанжалға және әлеуметтік катаклизмге әкеп соғады. Әлем халықтары БҰҰ көшбасшылары жаһандық мәселелердің оңтайлы шешу жолдарын таба алады деген үмітпен қарап отыр.



...Әлем жаһанданды, өзара тәуелді болды, онда басты қағидат жаһандық әріптестік болуы керек» (Қосымшаны қараңыз).

## 7 қыркүйек

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы аясындағы мыңжылдық саммитіне қатысуына байланысты Америка Құрама Штаттарында болған кезінде БҰҰ Бас хатшысы К. Аннанмен, Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сержермен, АҚШ Мемлекеттік хатшысы М. Олбрайтпен және Израиль Мемлекетінің Премьер-министрі Э. Баракпен екіжақты кездесулер өткізді.



## 8 қыркүйек

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы аясындағы мыңжылдық саммитіне қатысуына байланысты Америка Құрама Штаттарында болған кезінде жұмыс сапарындағы таңғы аста АҚШ-тың іскерлік орта өкілдерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев американдық бизнесмендерге Қазақстандағы экономикалық жағдай және шетелдік капитал мен инвестиция салуға болатын салалар жайында айтқан соң: «Қазақстанға сіздер сияқты достар табу үшін және бұл достықтың шын мәнінде берік болуы үшін мен қолдан келгеннің бәрін жасаймын», — деп түйіндеді.



Мемлекет басшысы БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасы Тұрақты өкілдігінің кеңсесінде болды. Онда Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою және бала құқығы туралы конвенцияға факультативтік хаттамаға, сондай-ақ қазақстандық және американдық компаниялар арасындағы бериллий мен уран қорын игеру туралы келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

Күн соңында Мемлекет басшысы өзінің құрметіне АҚШ жетекші еврейлік ұйымдары президенттерінің конференциясымен ұйымдастырылған ресми қабылдауға қатысты.

## 12 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Кейбір аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын,

аға судьялары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №441 Жарлығына қол қойды.

### 13 қыркүйек

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Қазақстанға «Центразбат-2000» халықаралық бітімгершілік оқу-жаттығуларына қатысу үшін келген Америка Құрама Штаттары Штаб бастықтарының біріккен комитетінің төрағасы генерал Г. Шелтонды қабылдады.



*«Центразбат-2000» халықаралық бітімгершілік оқу-жаттығуы «Бейбітшілік үшін әріптестік» НАТО бағдарламасының аясында Қазақстан аумағында Алматы қаласына жақын жерде өткізілді. Оған әлемнің 10 елінен 2 мыңға жуық әскери қызметкерлер қатысты. Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты — өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің қарулы құрамын үйлестіру.*

Мемлекет басшысы «Б.Ә. Мұхаметжанов туралы» №442, «И.И. Роговты Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №443 жарлықтарына қол қойды.

### 14 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Қостанай қаласында Президент фарфор бұйымдарын шығаратын «Континент» зауытының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты; «Унипор» жаңа технологиясын қолдана отырып шығарылатын «Кунай Девелопмент» ЖШС-нің өнімімен танысты; А. Байтұрсынов ескерткішін ашты, облыстық драма театрында «Абылай хан» спектаклінің тұсаукесерінде болды, қайта қалпына келтірілген Мұз сарайын аралады.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев Лисаковск өнеркәсіптік аймағына кетті, онда «Соколов-Сарыбай МӨБ» АҚ-ын, «Өркен» ЖШС-ін және «Арай» АҚ-ын аралады.

Жұмыс сапарының соңында Мемлекет басшысы «Заречное» шаруашылығының тәжірибелік егістік жерінде болып, «John Deere» және «Енисей» заманауи комбайндарын қолданып егін жинау барысымен танысты.

Сапарды қорытындылай келе, Президент: «Жалпы, көргендерге көңілім толды. Өнеркәсіп көтеріліп келеді.

Ауыл да былтырғы егіннің арқасында қарыздарынан құтылды, табыс және техниканы жаңартуға қаржы болуы керек...», — деді.

## 15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы гольф-клубтың салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



*Гольф-клуб қаладан 7 шақырым қашықтықта орналасқан және барлық халықаралық стандарттарға сай келеді. Ол 2 жылда салынды және ең заманауи жабдықтармен және спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталды. 36 гектар жерді жайластыру үшін 1 млн. текше метр топырақ тасылды, Канададан әкелінген 7 сұрыпты аралас шөп егілді.*

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары туларының сипаттамасын бекіту туралы» №445, «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамы антының мәтінін бекіту туралы» №446 жарлықтарына қол қойды.

## 18–30 қыркүйек

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

## 27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Түркияда қысқа мерзімді демалыста жүрген кезінде Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезермен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстардың үдемелі дамуын разылықпен атап өтті, одан әрі ынтымақтастықтың перспективалары туралы пікір алмасты, сондай-ақ ортақ мүддеге ие халықаралық мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Ұлттық олимпиада құрамасының мүшелеріне, Сидней қаласында өткен (Австралия) XXVII Жазғы олимпиада ойындарында кедергі арқылы 100 метрге жүгіруден алтын медаль алған О.В. Шишигинаға және күміс жүлдегер атанған велошабандоз А.Н. Винокуровқа құттықтау жеделхатын жолдады.

## 30 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2000 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №447, «Білім» мемлекеттік бағдарламасы туралы» №448, «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №449 жарлықтарына қол қойды.

# ҚАЗАН



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Сс | 3 | 10 | 17 | 24 | 31 |
| Ср | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Бс | 5 | 12 | 19 | 26 |    |
| Жм | 6 | 13 | 20 | 27 |    |
| Сн | 7 | 14 | 21 | 28 |    |
| Жк | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |





## 2 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Президент өз сөзінде әлем дамуының бағыттарын және халықаралық қоғамдастықтағы Қазақстанның орнын талдай келе, сыртқы саясат ведомстволарының жұмысына ескертулер айтты: «Сапарларға дайындалған талдау материалдарында жаңа ойлар, ұсыныстар жоқ, бір келіссөзден басқасына көшірілген қажетсіз қағаздар көп. Осының бәрінен кеңес жылдарындағы классикалық бюрократизмнің иісі аңқиды. Ұсыныстар қайдан болсын, егер олар, баратын елі туралы нюанстардың бәрін білуге тиісті елшіліктерде болмаса. Олардың бәрі шала-шарпы, ал көбінесе жай ғана мазмұнсыз. СИМ-ге қорытынды шығару керек».

Мемлекет басшысы Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын заманауи жағдайларға бейімдеу тапсырмасын алға қойды.

## 3 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы М.С. Өтебаевты қабылдады. М.С. Өтебаев 2000 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша комитет жұмысы туралы есеп берді.

Атап айтқанда, төраға Алматы қаласы әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігінің бюджетті атқаруы және қаржыны толық пайдалануы турасындағы тексерулері жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы №2066 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №450 Жарлығына қол қойды.

## 4 қазан

Мемлекет басшысы «Болашақ» бағдарламасының түлектерімен кездесіп, оларды шетелдің беделді оқу орындарының дипломын алуларымен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев: «...«Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырудың 6 жылында 571 степендиат әлемнің ең мықты университеттерінде тегін білім ала алды, ал «Болашақ» бағдарламасының аясында тек бір

маманды дайындауға мемлекет 70 мың доллар қаржы бөлінеді...», — деп атап өтті.

Президент жас мамандарды реформаларды дамытуға және демократиялық құқықтық мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтуға белсенді атсалысуға шақырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан жастары қорғамдық қозғалыстарының көшбасшыларымен кездесті.

Кездесуде жастар үшін өзекті — әлеуметтік қорғалу, жұмысқа орналасу, білім алу және тұрғын үймен қамтылу мәселелері талқыланды.

Мемлекеттік жастар саясатының басымдықтарын түсіндіре отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда жүйелік негізде шоғырландырылған түрде жастар мүддесін қорғайтын бірыңғай жастар қозғалысын құру қажеттігін айтты.

Мемлекет басшысы «Польша Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №451, «Тәжікстан Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №452 жарлықтарына қол қойды.

## 5 қазан

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Сыртқы сауда жөніндегі Мемлекеттік хатшысы және Қазақстан-Франция жұмыс тобының тең төрағасы Ф. Ювер бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесуде Н.Ә. Назарбаев делегацияның Қазақстанға сапары барысында Алматы қаласында сумен жабдықтау бойынша бірлескен кәсіпорын құру және Франция Республикасы Үкіметінің ұзақ мерзімді несиелері арқылы Павлодар химиялық зауыты ауданының сынаппен ластануын тазарту туралы келісімге және қорытынды хаттамаға қол қойылғанын ризашылықпен атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №453, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №454, «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №455 жарлықтарына қол қойды.

## 6 қазан

Мемлекет басшысы Беларусь, Қазақстан, Қырғыз, Тәжікстан республикаларының және Ресей Федерациясының Кеден одағына қатысушы мемлекеттерінің үкімет басшыларын қабылдады.

Кездесуде 2000 жылдың 5 қазанында Астана қаласында болып өткен Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің үкімет басшылары кеңесінің жаңа халықаралық ұйым — Еуразиялық экономикалық қоғамдастығын (ЕурАзЭҚ) құру туралы шешім қабылдаған отырысының қорытындысы талқыланды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы М.М. Касьяновты және Беларусь Республикасының Премьер-министрі В.В. Ермошинді қабылдады.

М.М. Касьяновпен кездесуде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің үкімет басшылары кеңесі отырысының қорытындысы талқыланды, сондай-ақ 2000 жылдың 9 қазанына жоспарланған Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің Қазақстанға ресми сапарына дайындық барысы қаралды.

В.В. Ермошинмен әңгіме барысында Беларусь тарапынан Павлодар трактор зауытына құрамдас заттардың жеткізілуі және Беларусьқа мөлшерленген бағадағы қазақстандық астықтың қарсы жеткізілуінің мәселелері қаралды.



Мемлекет басшысы НАТО бас хатшысы Дж. Робертсонмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар Ауғанстандағы жағдайдың дамуы, Орта Азиядағы шаралар жағдайы туралы пікір алмасты, «Центразбат-2000» бірлескен оқу-жаттығуларының қорытындысын және Қазақстан мен НАТО ынтымақтастығының перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі №3436 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №456, «Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Жем елді мекенін аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызу туралы» №457 жарлықтарына қол қойды..

## 9 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында энергетика, көлік, білім беру, әскери-техника саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен коммюникесі қабылданды; сондай-ақ отын-энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға; өзара саудадағы жанама салықтарды төлеу принциптері туралы; Ресей Федерациясындағы қазақстандық БАҚ тілшілерінің және Қазақстан Республикасындағы ресейлік тілшілердің мәртебесі туралы; Астрахань қаласында Қазақстан Республикасы консулдығын және Орал қаласында Ресей Федерациясы консулдығын ашу туралы келісімге; Қазақстанда М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалын құру туралы хаттамаға қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Өзара қаржылық мәселелерді реттеу туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы» №458, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №459 жарлықтарына қол қойды.

## 10 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Беларусь, Қазақстан, Қырғыз, Тәжікстан республикалары және Ресей Федерациясының Кеден одағының Мемлекетаралық кеңесі отырысына қатысты.

Саммитте Кедендік одақ базасында жаңа халықаралық ұйым — Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕурАзЭҚ) бекіту туралы шешім қабылданды. Тараптар процедуралық шешім қабылдау тәртібін қатысушы елдердің әлеуетіне сәйкес (Ресей — 40%, Беларусь және Қазақстан — 20%-дан, Қырғызстан мен Тәжікстан — 10%-дан) етіп бекітті және Мемлекетаралық кеңестің шешімдері жай дауыс көпшілігімен қабылдануын бекітті. Сондай-ақ Комиссияда мемлекет басшылары тағайындайтын тұрақты өкілдердің қызметі туралы және Бас хатшы-



мен басқарылатын Ықпалдастық комитет хатшылығы Мемлекетаралық кеңесінің ұйымдастырылуын қамту қызметі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің төрағасы болып Н.Ә. Назарбаев сайланды.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекет басшылары ЕурАзЭҚ құру туралы келісімге қол қойды және сәйкесінше Бірлескен мәлімдеме қабылдады.



*Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына кіретін мемлекеттердің ортақ нарығын қалыптастыруды мақсат тұтқан халықаралық экономикалық ұйым.*

*ЕурАзЭҚ құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылы 10 қазанда Астанада қол қойды. Оған 2006 жылдың қаңтарынан Өзбекстан қосылды.*

*2002 жылдан бері ұйым жанындағы байқаушы мәртебесіне Украина мен Молдова, 2003 жылдан Армения ие.*

*2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін алды.*

*ЕурАзЭҚ органдары: Мемлекетаралық кеңес, Ықпалдастық комитеті, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея және Қоғамдастық соты.*

## 11 қазан

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен ҰҚШ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

Сессия барысында мемлекет басшылары Ортаазиялық өңірдегі ахуалды қарастыруға баса назар аударып, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің өңірлік күштерін құру туралы шешім қабылдады, оны қалыптастыру жөніндегі 5 жылға арналған жоспарды бекітті және олардың құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәртебесі туралы келісімге қол қойды.



## 12 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, өзінің алматылық резиденциясында түрік бұқаралық ақпарат құралдары — «Саманьюлу» телекомпаниясының, «Заман» газетінің, «Аксьон» журналының және «Джихан» ақпараттық агенттігінің тілшілерін қабылдады және оларға 2000 жылдың 19–20 қазан аралығында өтетін Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезердің Қазақстанға ресми сапармен келуіне байланысты сұхбат берді.

Мемлекет басшысы «Бір топ спортшыларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік

нағрадаларымен марапаттау туралы» №460, «Сотталғандарға кешірім жасау туралы» №461, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №№462-465, «Кешірім жасау туралы» №466, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №467–469, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереже мен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекіту туралы» №470, «Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №471 жарлықтарына қол қойды.

### 13 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті, келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының бірқатар өзекті мәселелерін талқылады және ағымдағы мәселелер бойынша тұрақты жұмыс бабындағы байланысты қолдау туралы шешім қабылдады.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновты, Алматы облысының әкімі З.К. Нұрқаділовті, Жамбыл облысының әкімі С.А. Үмбетовті қабылдады және олардың 2000 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есептерін тыңдады.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Сидней қаласында (Австралия) өткен XXVII Жазғы олимпиада ойындарына қатысып, жетістікке жеткен Қазақстанның ұлттық олимпиада құрамасын қабылдады.

Спортшыларды үлкен жетістіктерімен құттықтай келе, Президент: «Біз бірден, дәл қазірден бастап, келесі Олимпиадаға дайындық барысын ойластыруымыз керек. Арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдау қажет және жоғарғы сыныпты атлеттерді дайындауды дәстүрге айналдырған ірі спорттық орталықтарда олимпиадалық резерв мектептерін қалпына келтіру керек», — деп мәлімдеді.



Н.Ә. Назарбаев спортшыларға, жаттықтырушыларға және Қазақстан спортын ұйымдастырушыларға жоғарғы мемлекеттік наградаларды табыс етті. Барлық марапатталғандармен және Сидней олимпиадасының чемпиондарымен естелік суретке түсті.



*Сидней қаласындағы (Австралия) XXVII Жазғы олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы 7 медаль жеңіп алды, олардың ішінде 3 алтын және 4 күміс бар. Бұл Олимпиадаға қатысқан 199 елдің ішінде 22 орынға көтерілуге мүмкіндік берді.*

*Тұғырдың жоғарғы сатысына кедергі арқылы жүгірген О.В. Шишигина, боксшылар Е.С. Ыбырайымов пен Б.С. Саттарханов көтерілді. Қазақстан қоржынына күміс медаль әкелгендер — велошабандоз А.Н. Винокуров, күресші И.И. Байрамуков, боксшылар Б.Н. Жұмәділов пен М.Қ. Ділдәбеков.*

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында қазақстандық ғалымдардың бір тобына Қ.И. Сәтбаев, Ш.Ш. Уәлиханов, М.О. Әуезов және Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтарды табыс етті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктері А.А. Абдулин, Б.А. Жұбанов, корреспондент-мүшесі Қ.Ж. Пірәлиев, химия ғылымдарының докторлары Г.И. Бойко, Е.О. Батырбеков және т.б. Президенттің қолынан лауреат куәліктерін және естелік медальдарын қабыл алды.

## 14 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында болып, оны қайта қалпына келтіру барысымен танысты.

Мәдениет қайраткерлері және студент жастармен әңгімесінде Президент: «...мәдениет пен білім беру — кез-келген елдің негізгі тірегі және Қазақстан да мәдениеті мен білім беруді дамыта отырып, дамыған елдердің қатарына кіруге ұмтылып келеді», — деп атап өтті.

## 16 қазан

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Өскемен қаласында Президент Үлбі металлургиялық зауытында, сондай-ақ Өскемен титан-магний комбинатында болып, онда комбинатқа Канададан шикізат сатып алудан бас тартуға мүмкіндік берген, титан кеуегін алатын ильменитті ерітінді қорытпасы кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Семей қаласында болды. Онда жапондық тараппен салынған Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпірді салтанатты жағдайда қатарға қосты.

Көпірдің ашылу рәсімінде Н.Ә. Назарбаев: «Бұл көпір әрі семейліктерге, әрі бүкіл елге бізді Ресеймен, Қытайдың шығысымен, республикамыздың оңтүстігі мен солтүстігін қосатын байланыс ретінде керек. Шығыс Қазақстанда жағдай жылдан жылға жақсарып келеді. проблемалы кәсіпорындар жоқ десе де болады, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде, жалақы бойынша қарыздар жоқ. Облыс көптеген көрсеткіштері бойынша жалпы республикалықтан жоғары нәтижеге ие, соның ішінде ауыл шаруашылығынан да. Экономикалық өмірдің айқын жандануы Семейде де байқалады. Жаңа кәсіпорындар ашылып, қосымша жұмыс орындары пайда болуда», — деп ерекше атап өтті.

Одан соң Президент Семей тері былғары комбинатында болды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Шығыс әскери округі штабының ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өзінің Шығыс Қазақстанға жасаған жұмыс сапарын қысқаша қорытындылай келе, тілшілерге берген сұхбатында: «Экономикадағы алған бағыттың нәтижесін мен өз көзіммен көріп отырым. Енді біз индикативтік бесжылдық жоспарды іске асыруға көшеміз. Республиканың экономикалық өсіміндегі мақсат жылына 3-тен 5 пайызға дейін. Және бұл да 2030 жылға арналған даму стратегиясына қатысты. Бізде елдің гүлденуіне міндетті түрде итермелейтін үлкен территориямыз, зор байлығымыз бар. Бәрі сіз бен біздің қолымызда. Тек жұмыс істеу керек, сонда бүгінгідей мейрам жиірек болады», — деп атап өтті.



## 17 қазан

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында «ІНІ» жапон компаниясының президенті, Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласына Ертіс өзені арқылы өтетін көпір құрылысының мердігері Т. Такеиді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев Т. Такеиді құрылыстың аяқталуымен құттықтады және жапондық көпір салушыларға нысанды белгіленген мерзімнен 13 ай бұрын қолданысқа бергені үшін алғысын айтты.

## 18 қазан

Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша Әлемдік банктің вице-президенті И. Линнді қабылдады.

Әңгіме барысында Әлемдік банк желісі бойынша Қазақстанда инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы және болашаққа басымдықты қарыздар туралы пікір алмасу өтті. Тараптар ынтымақтастықтың жоғары деңгейі мен өзара тиімділік сипатын ризашылықпен атап өтіп, оны одан әрі дамыту туралы пікірлерін ортаға салды.

## 19 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезермен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында мемлекет басшылары Орталық Азия өңіріндегі лаңкестік қаупінің артуына байланысты саяси жағдайды, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының лаңкестікке қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығы туралы бірлескен декларацияға және екі елдің еңбек пен тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрліктерінің арасындағы өзара тиімді ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі арасындағы екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының тәртібі жөніндегі келісімді бекіту туралы» №84-II, «Күзет қызметі туралы» №85-II заңдарына қол қойылды.

## 20 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, Қазақстан Республикасында ресми сапармен жүрген Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезермен бірге Түркістан қаласында қаланың 1500 жылдығына байланысты өткен мерекелік іс-шараға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев салтанатқа келген мемлекет басшыларымен және делегациямен бірге Түркістан қаласының орталық алаңында қала тұрғындарымен кездесті, этнографиялық саябақты аралады, онда



Қазақстанның қолөнер шеберлерінің көрмесімен танысты және орталық саябаққа ағаштар отырғызды.

Одан соң Мемлекет басшысы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық университетте болып өткен «Түркістан мен Қожа Ахмет Яссауи түркі әлемі және Қазақстанның тарихы мен руханиятында» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Конференция жұмысын аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Гүлденудің маңызды кепілі — сыртқы ынтымақтастық пен ішкі бірлікті үйлестіре білуде. Дәл осы ақиқат арқылы түсінуіміз керек және дәл осыдан қорытынды шығаруымыз керек. Самайына ақ кірген, көпті көрген қаланың тойлануының негізгі нәтижесі де осылардан тұрады. ...Әлбетте, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықты да біздің басты қаруымыз — қоғамдағы бірлік және келісіммен қарсы алуымыз керек. Және қасиетті Өзірет Сұлтанның алақанының табын ұмытпаған және сүйегін сақтаған жердегі бұл мерейтой жаппай тәубеге келудің, арылудың және тазарудың жақсы бастауы болсын...», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

## 21 қазан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстанға жұмыс сапары барысында ХХ ғасырдың басында соғылған және қала мерейтойына арнап қалпына келтірілген Түркістан қаласының темір жол вокзалына барды.

Н.Ә. Назарбаев тілшілермен сұхбатында: «Мерейтойдың арқасында, біз қаланы жаңарттық. Қонақ үйлер, алаңдар, байланыстар, көріз жүйесін салдық. Түркістан шынында қалаға ұқсап қалды және тек коммуналдық мәселелерді шешумен оның құрылысы аяқталмайды», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Шекарааралық тұрғыдан қоршаған ортаға жасалатын әсерді бағалау туралы конвенцияға қосылуы туралы» №86-II, «Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданытын тауарларды кедендік ресімдеудің және кедендік бақылаудың тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №87-II, «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы табыс пен мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы» №88-II заңдарына қол қойды.

## 23 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлері форумына қатысты.

Форум қатысушыларына арнаған сөзінде Президент: «Кәсіпкерліктің жолында кедергілер көп екені маған мәлім. Бұл әрі парақорлық, әрі билікті шамадан тыс пайдалану. Мен бұдан кеңес менталитетінің қалдығын көремін. Көптеген тексерушілер үшін саудагер — алыпсатардың синонимі, ал бизнесмен — барып тұрған жаман адам... Сіздердің қоғамдық ұйымдарыңыз кәсіпкерлікті насихаттауы керек. Сенім аурасын құруы қажет», — деп атап өтті.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев кәсіпкерлерді реформаны жүзеге асыруға белсенді атсалысуға шақырды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы» №89-II, «Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы келісімге толықтырулар туралы хаттаманы бекіту туралы» №90-II, «Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік авариялардың шекарааралық әсері туралы конвенцияға қосылуы туралы» №91-II, «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы» №92-II, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроршылдыққа қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы шартты бекіту туралы» №93-II, «Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы» №94-II заңдарына қол қойды.

## 24 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын жариялады (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы Астана қаласының ең ірі жаңа екі нысаны — Президенттік мәдениет орталығын және «Рамстор» сауда орталығын аралап шықты.

Ресми ашылуы 2000 жылғы 10 маусымда болған Президенттік мәдениет орталығында Н.Ә. Назарбаев кітапхананы, концерт залы мен экспонаттары қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін бейнелейтін және егеменді Қазақстанның қалыптасуының барлық кезеңін көрсететін галереяны аралады.

Одан соң Президент жалпы ауданы 1,5 мың шаршы метрді құрайтын «Рамстор» сауда орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Күн соңында Мемлекет басшысы Республика күніне орай астаналық Конгресс-холлда еліміздің жетекші әртістерінің қатысуымен өткен салтанатты жиынға және мерекелік концертке қатысты.

Мемлекет басшысы «Ә.М. Мәмбетовке жоғары ерекшелік белгісі — «Халық қаһарманы» атағын беру туралы» №472, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №473, «Д.Қ. Қасейіновті «Құрмет» орденімен наградтау туралы» №473а, «Жоғары әскери және арнайы атақтар мен сыныптық шендерді беру туралы» №474 жарлықтарына қол қойды.

## 25 қазан

Мемлекет басшысы Дания Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Копенгаген қаласында Маргрет II патшайыммен кездесті.

Әңгіме барысында тараптар әлемдегі ахуал, Қазақстан-Дания қатынастарының жағдайы мен перспективалары туралы пікір алмасты және екі елдің ең алдымен ауыл шаруашылығы, машина жасау және кеме құрылысы жөніндегі жан-жақты ынтымақтастығын кеңейтуге екіжақты ұмтылыстарын білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы су бетіндегі мұнайдың тасқынын жоятын және шектейтін қалқымалы сорғыш өндіретін «А.Р. Moellez» компаниясының штаб-пәтерінде болды.

## 26 қазан

Мемлекет басшысы Дания Корольдігіне ресми сапар барысында осы елдің Фолькетинг төрағасы И. Хан-

сенмен кездесті және екі елдің парламентаралық байланыстарының даму перспективаларын талқылады.



*Фолькетинг — Данияның бірпалаталы парламенті, 4 жылға сайланатын 179 депутаттан тұрады. Парламент жұмысын Төраға және оның орынбасарлары басқарады.*

*Фолькетинг бюджетті, заңды қабылдайды, Үкіметті бақылайды, сыртқы саясат және т.б. мәселелерін шешеді.*

Мемлекет басшысы Дания Корольдігінің Премьер-министрі П. Расмуссенмен кездесті.

Әңгіме барысында экономиканың әртүрлі салаларындағы, атап айтқанда экология, мұнай шығаруға арналған машина жасау, мұнай-химия, ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Тараптар екі елдің сәтті ынтымақтастығының үлгісі ретінде Кіші Аралдағы камбаланы өнеркәсіптік өндіру бойынша даттық балық аулайтын компания жобасының жүзеге асырылуын атады.

## 27 қазан

Мемлекет басшысы Дания Корольдігіне ресми сапар барысында осы елдің кәсіпкерлік орта өкілдерімен іскерлік таңғы асқа қатысты және олармен Қазақстан және Дания бизнесмендері ынтымақтастығының перспективаларын талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы даттық радио тілшісі Я. Флорианға Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайту және есірткі бизнесі мен халықаралық лаңкестікке қарсы күресті ұйымдастыру мәселелері жөнінде сұхбат берді.

## 28 қазан

Мемлекет басшысы Дания Корольдігіне ресми сапар барысында осы елдің астанасы Копенгаген қаласымен танысу үшін жаяу серуендеді, Розенборг ескі қамалында болды, одан соң Оденсе қаласындағы әлемге әйгілі жазушы Г.Х. Андерсеннің үй-мұражайын аралап шықты.



*Розенборг қамалын XVII ғасырдың басында жазғы демалыс қамалы ретінде даттық Король Фредерик IV салдырған. Қамал Копенгаген қаласының*



*орталығында Kongens Have Королдік бағының арасына орналасқан. Қазіргі таңда Розенборгты королдік отбасы қолданбайды, онда көркемдік мұражай орналасқан.*

### 30 қазан

Мемлекет басшысы Испания Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мадрид қаласында Король Хуан Карлос I-мен кездесті.



Сол күні Мемлекет басшысы Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Х.М. Аснармен кездесті.

Кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері, соның ішінде Испаниядан 50 млн. доллар көлемінде жұмсақ несие желісін ашу және «Астана-Алматы» бағытына қолдану үшін Қазақстанның «Talgo» компаниясынан екі жүйрік пойызын сатып алу мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша жолаушылар мен жүктерді халықаралық автокөліктік тасымалдау туралы мемлекетаралық келісімге, 2000–2003 жылдарға арналған мәдениет және білім беру саласындағы ынтымақтастық бағдарламасына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі мен Испания Корольдігінің Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі арасындағы өзара түсіністік туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

### 31 қазан

Мемлекет басшысы Испания Корольдігіне ресми сапар барысында Кәсіпкерлік ұйымдар конфедерациясының президенті Х. Сальвадор бастаған Испанияның іскерлік орта өкілдерімен кездесті.

Кездесуде туризм, ауылшаруашылық және мұнай-газ саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері» атты бизнес-конференцияға қатысты, одан соң Испания Корольдігі Парламенті Депутаттар конгресінің төрағасы Л. Рубимен кездесті.

# ҚАРАША



|    |   |    |    |    |    |
|----|---|----|----|----|----|
| Дс |   | 6  | 13 | 20 | 27 |
| Сс |   | 7  | 14 | 21 | 28 |
| Ср | 1 | 8  | 15 | 22 | 29 |
| Бс | 2 | 9  | 16 | 23 | 30 |
| Жм | 3 | 10 | 17 | 24 |    |
| Сн | 4 | 11 | 18 | 25 |    |
| Жк | 5 | 12 | 19 | 26 |    |



## 1 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Сауд Арабиясы Корольдігінің Премьер-министрі, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Сұлтан бен Абдел Әзиз әл-Саудты қабылдады.

Кездесу барысында Астанадағы Парламент Сенаты ғимаратының құрылысы және «Астана-Қарағанды» автожолын қалпына келтіру мәселелері талқыланды.



## 2 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі А.Н. Хамзаевты Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік турист ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №475, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 наурыздағы №3421 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №476, «Н.С. Молдахметов туралы» №477 жарлықтарына қол қойды.

## 3 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс сапарымен жүрген Сауд Арабиясы Корольдігінің Премьер-министрі, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Сұлтан бен Абдел Әзиз әл-Саудпен бірге Астана қаласындағы С.К. Нұрмағанбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінде болды. Оқу сыныптарын аралап, мектеп курсанттарымен және оқытушылармен әңгімелесті.



*«Жас ұлан» республикалық мектебі мемлекеттік және шет тілдерін, әскери пәндерді тереңдете оқытатын және дене даярлығы күшейтілген орта оқу орны болып табылады. Онда оқушылар 5-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқиды.*

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінде болды. Онда әлемдік тауар ағынының қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін арнайы жерсеріктік бағдарламалармен танысты, сондай-ақ Қазақстандағы кеден ісін дамытуға арналған экспозицияны қарап шықты.




Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар нысандарында болды. Атап айтқанда, шағын

бизнес сервистік орталығын және Гумилев көшесіндегі заманауи тұрғын-үй кешенінде болды.

### 6 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы билік басшысы П. Мушаррафпен кездесті.

Кездесу барысында тараптар бірқатар халықаралық және өңірлік өзекті мәселелерді талқылап, Ауғанстандағы жағдайдың дамуын тыңғылықты қарастырды, сондай-ақ екіжақты қатынастардың даму жағдайы мен перспективалары және Қазақстан мен Пәкстан арасындағы сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту жайлы пікір алмасты.



### 7 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан агроөнеркәсіп одағының мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында ауылшаруашылық мәселелері туралы іскерлік және сындарлы әңгіме болды.

Президент мемлекет өз тарапынан аграрлық реформаны белсенді жүргізе отырып, агроөнеркәсіп секторын дамыту мәселелерін бақылап отырғанын және реформалардың өз нәтижелерін бере бастағанын атап өтті. Қазақстанда жерді дербестендіру жүргізілді, фермерлердің орнықты тобы қалыптасты, жерді пайдалану мәселелері шешілуде. Президент атап өткендей, одан басқа, фермерлік шаруашылықты дамытуға мемлекет жеңілдікті несиелер беруде, лизинг жүйесі жақсартылған, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту туралы заң жобасы әзірленіп жатыр.

### 8 қараша

Мемлекет басшысы Ливия Араб Социалистік Халықтық Джамахириясының Сыртқы істер министрі С.М. Мужбирді қабылдады.

Кездесу барысында С.М. Мужбир Ливия көшбасшысы М. Каддафидің Қазақстан Президентіне жолдауын табыс етті, сондай-ақ Қазақстан-Ливия үкіметаралық комиссиясының бірлескен отырысына және Н.Ә. Назарбаевтың Ливияға сапарына дайындық барысы туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы өзінің астаналық резиденциясында қазақстандықтардың бір тобына жоғары мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Қазақ мемлекеттік заң академиясының ректоры М.С. Нәрікбаев «Парасат» орденімен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот судьясы К.Ж. Жалмұханбетов «Құрмет» орденімен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот судьялары С.Д. Дулатбеков және Р.Н. Юрченко «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі төрағасының міндетін атқарған Н.И. Ақуев «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.



*«Парасат» ордені (1-сурет) 1993 жылы бекітілген. Орденмен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ халықтың рухани және интеллектуалдық әлеуетін арттыру мен дамытуда, азаматтардың құқығы мен әлеуметтік мүдделерін қорғауда ерен еңбегін сіңірген азаматтар марапатталады.*

*«Құрмет» ордені (2-сурет) 1993 жылы бекітілген. Онымен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.*

*«Ерен еңбегі үшін» медалі (3-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Ерен еңбегі үшін» медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі еңбек жетістіктері үшін марапатталады.*

*«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» — құрметті атағы 1993 жылы бекітілген. Құрметті атақ республикаға сіңірген зор қызметі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылымның, мәдениеттің, өнердің, өндіріс пен әлеуметтік саланың өкілдеріне беріледі.*

Мемлекет басшысы «2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №95-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүлікті бағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» №96-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Т.Т. Жүкеевті Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №478, «Т.Т. Жүкеев туралы» №479 жарлықтарына қол қойды.



## 9 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Президент кеңесте сөйлеген сөзінде құқық қорғау органдарының қызметін барлық бағыт бойынша күшейту қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев әлеуетті органдарды жүйелі реформалаудың тұжырымдамасын тез арада әзірлеу және ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың жұмысын жандандыру қажеттігін атады.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы тілшілерге арнап баспасөз конференциясын өткізді. Оның барысында сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес алғашқы нәтижелерін бере бастағанын айтты. Сонымен бірге, Н.Ә. Назарбаев мәлімдегендей, аталған жағымсыз құбылыстарға қарсы жүйелі әрекет мақсатында елде сот жүйесін, прокуратура, кеден және полиция органдарын реформалау жалғастырылатын болады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Польша Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі З. Новицкийден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шартты бекіту туралы» №97-II Заңына қол қойды.

## 10 қараша

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Көлік министрі С.О. Франкты қабылдады.

Әңгіме барысында екі ел арасындағы көлік бағыттарын оңтайландыру және «Азия-Еуропа» желісі бойынша халықаралық жоғары деңгейдегі транзитті бағыттарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Тараптар «Үндістан — Иран — Қазақстан — Ресей — Еуропа» және «Берлин — Варшава — Минск —



Мәскеу — Новгород» жүк және жолаушылар ағынына қызмет көрсететін «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізінің даму мәселелеріне баса назар аударды. Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев Қытайға шығатын «Петропавл — Достық бекеті» бағытында «Берлин — Новгород» желісінің тез арада ұзартылуын қолдайтынын білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Каспий құбыр арнасы консорциумының (КҚК) дамуы мәселелері қозғалды.



*Каспий құбыр арнасы консорциумы (КҚК) — КҚК мұнай құбырын салған және қолданатын халықаралық акционерлік компания. Ол Батыс Қазақстанның (Теңіз, Қарашығанақ) мұнай кен орындарын Ресейдің Қара теңіз жағалауымен (Новороссийск қаласының маңындағы Южная Озереевка терминалы) жалғастырады. Мұнай құбырының ұзындығы — 1510 шақырым.*

Мемлекет басшысы Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы С.О. Мұқашевты қабылдады.

Кездесу барысында шетелдік компаниялардың басқаруындағы кәсіпорындардың қызметі жайында, әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму перспективалары және қазақстандықтардың жалақысын көтеру туралы Президенттің бастамасын жүзеге асыру жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Б.А. Исаевты Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының атқарушы директоры — комиссия мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №481 Жарлығына қол қойды.

## 13 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №98-II, «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларында, сондай-ақ тәрбиелеу колонияларында жазасын өтеп жатқан сотталғандарды ұстаудың жеңілдікті жағдайлары жөніндегі ережелерін қолданысқа енгізу туралы» №99-II, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасы Мемлекеттік

кіріс министрлігінің арасындағы Ынтымақтастық және кеден құжаттары мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тану туралы келісімді бекіту туралы» №100-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ақпараттық-мәдени орталықтарды құру және олардың қызмет жағдайлары туралы келісімді бекіту туралы» №101-II, «Қазақстан Республикасы мен Ислам даму банкі арасындағы Қарағанды — Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта жаңарту туралы Истисна' А келісін бекіту туралы» №102-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және бидайды жақсарту халықаралық орталығы арасындағы Ауылшаруашылық ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» №103-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімді бекіту туралы» №104-II заңдарына қол қойды.

### 14 қараша

Мемлекет басшысы «Ұлы Мәртебелі Елизавета II патшайымын «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы» №482 Жарлығына қол қойды.

### 15 қараша

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Лондон қаласында Елизавета II патшайыммен кездесті.

Кездесу барысында патшайым Қазақстан Президентін ғаламдық ядролық қарусыздандыру, өңірдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және Қазақстандағы демократияны дамытудағы істерінде сіңірген еңбегіне алғыс ретінде Ұлыбританияның ең жоғарғы мемлекеттік наградасы — Әулие Михаил және Әулие Георгийдің Үлкен кресті ордендерімен марапаттады.

Өз кезегінде Қазақстан Президенті Елизавета II «Алтын Қыран» орденімен наградтады.



1



2



*Әулие Михаил және Әулие Георгий ордені (1, 2-сүрет) — британдық кавалерлік орден, 1818 жылғы 28 сәуірде Георг IV бекітілген. Орден Достастықпен немесе шетелдік ұлттармен байланысты маңызды қызмет атқарған тұлғаларды марапаттау үшін қолданылады.*



3



4

*«Алтын Қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік дәрежесі болып табылады. 1995 жылдан бастап тағайындалып келеді. Онымен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (3-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (4-сурет) тұрады.*

## 16 қараша

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында «BAE Systems» британ аэроғарыштық компаниясының Басқарма төрағасы Р. Эвансты қабылдады және батыс авиациялық техника лизингін ұйымдастыру мен Қазақстанда авиациялық техниканы және жабдықты күту, жөндеу орталығын құру туралы мәселелерді талқылады.

Я убежден, что защищать гражданина в правовом государстве должен не Президент, не руководитель региона — аким и не министр, а суд. Вся судебная и правоохранительная система должна исполнять свою главную цель — обеспечение и защиту конституционных прав и свобод граждан.

Прошедшие 5 лет действия Конституции наглядно доказывают состоятельность, устойчивость, рыночную и демократическую сущность основных положений Основного закона страны. Сохраняя объективность и критически подходя к итогам деятельности за это время, надо сказать, что огромный созидательный потенциал, заложенный в Конституции, еще задействован слабо.

К сожалению, многие государственные органы и должностные лица, в том числе суды и правоохранительные органы, до сих пор не сделали всего необходимого для уяснения сути Конституции, а главное — исполнения ее положений всеми гражданами. В широком общественном сознании еще недостаточно укрепилось правильное понимание роли и места Конституции в нашей жизни. В этой связи первостепенное значение приобретает создание системы правового образования и обучения.

У нас еще не преодолен правовой нигилизм — причем на всех уровнях, начиная с министерств и ведомств, которые не реформировали свою работу, в результате чего исполнение многих законов, указов Президента и постановлений Правительства идет, что называется, со скрипом, и заканчивая отдельными гражданами, привыкшими жить по принципу “незнание закона освободит меня от ответственности”.

Поэтому не перестаю напоминать о том, что все мы должны досконально знать нашу Конституцию. Но она, предоставляя широкие права и возможности людям, нуждается в гражданской поддержке и защите.

Главное — строгое следование каждым человеком, кем бы он ни был, нормам Конституции. Очень важно, чтобы все мы знали законы. Но еще важнее, чтобы мы их исполняли. Без этого все наши усилия построить процветающее государство, а тем более навести в стране порядок будут заведомо обречены на неудачу.

Процесс государственного строительства непрерывен, он будет продолжаться столько, сколько будет существовать государство. Возможно, жизнь потребует от нас внесения каких-то корректив, в том числе конституционных. Но твердо ясно одно — в основе действующая ныне Конституция Республики Казахстан за истекшие 5 лет доказала свою состоятельность и эффективность, ее главные положения актуальны и по сей день. Как уже отмечалось в Стратегии «Казахстан-2030», дополнительные силы и уверенность нам придают накопленные в тяжелейших условиях опыт построения государственности, проведения политических и экономических реформ, знания о мире и его развитии, терпимость и понимание казахстанцев. Политическая стабильность, межнациональное и гражданское согласие, отличающие нашу страну, позволяют нам надеяться на то, что дух Конституции станет реальностью.

Основной закон страны будет для нас и впредь основополагающим документом, регламентирующим наше продвижение к высоким целям — построению независимого, экономически развитого, интегрированного в мировое сообщество государства, в котором обеспечена благополучная и достойная жизнь его граждан.

## Қазақстан Республикасы Парламенті екінші шақырылымы ІІ сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

Астана қаласы, 2000 жылдың 1 қыркүйегі

### Уважаемые депутаты!

Прежде всего хочу отметить вашу активную работу и плодотворное сотрудничество с Правительством в ходе I сессии, которые увенчались принятием важнейших для казахстанцев законов. Они уже действуют, оказывая позитивное влияние на многие аспекты реформ. Поэтому в успехах нашей экономики я вижу ваше прямое созидательное участие.

И я, как Глава государства, искренне благодарен вам за эту работу, которая способствовала укреплению нашей экономики и улучшению социального самочувствия людей.

Хочу подчеркнуть, что деятельность Парламента сродни действиям инвестора. Создание условий для предприимчивых людей — это идеальные инвестиции, оцениваемые в реальном финансовом выражении.

Только за I сессию в законодательство было внесено множество изменений и дополнений, значительно улучшивших условия рядового гражданина. Среди них — законы о налогах, финансовом лизинге, лицензировании, государственной службе, банковской тайне и др.

Для примера скажу только о законе о банковской тайне, который позволит ограничить произвол силовых структур в этой сфере. Он обеспечил рост вкладов населения за 10 месяцев почти на 30 млрд. тенге, а все депозиты за год выросли на 1 млрд. долларов.

«Народ должен защищать закон как свой оплот, как охранительную стену», — говорили еще древние.

В эти дни отмечается 5-летие со дня принятия действующей Конституции Республики Казахстан. Всенародно принятый Основной закон страны определил место каждой из ветвей единой государственной власти, их задачи и степень ответственности перед народом. На конституционном уровне сформированы и, как показало время, эффективно действуют правовые механизмы преодоления противоречий и достижения социального компромисса.

Сейчас, как никогда, важно всем ветвям власти при решении наиболее сложных и даже болезненных социальных проблем строго придерживаться конституционных основ.

Именно в Парламенте должно присутствовать глубоко осознанное понимание того, что конфронтация, бескомпромиссность чревата серьезными последствиями для нашего общества.

Надо всегда помнить о том, что главные ценности нашего народа — это стабильность, согласие, равноправие.

Только такой путь приведет нас к процветанию.

А предпосылки к этому уже созданы.

Впервые за годы реформ мы отмечаем значительный рост основных экономических показателей развития страны.

За первые 7 месяцев этого года получен самый большой в СНГ рост валового национального продукта — 11,5%!

Внешнеторговый оборот Казахстана увеличился по сравнению с июлем прошлого года на 81%, в том числе возрос почти в 2 раза экспорт. Реальные располагаемые денежные доходы населения увеличились на 5,4%.

Особенно отрадно то, что в первом полугодии 2000 года достигнут рост промышленного производства на 16,3% по сравнению с соответствующим периодом прошлого года, в том числе в горнодобывающей — 22,7%, в обрабатывающей промышленности — 19,4%.

Благодаря инвестициям пущена новая печь Аксуского ферросплавного комбината, Малеевский рудник. В соответствии с планом работ проходит строительство мостов в Семее и «Кызыласкер-Кировский», автодороги «Алматы-Астана».

К общественным работам была привлечена 61 тысяча человек. Оказана благотворительная помощь 11 тысячам человек. Общая сумма благотворительной помощи составила 3 млрд. тенге.

Благодаря принятым мерам к началу учебного года компьютеризировано 70% школ, введена 81 новая школа, в том числе — 74 в сельской местности. Новое здание получил Евразийский национальный университет.

Создается Национальный фонд Казахстана, в котором будут собираться средства, поступающие за счет разработки минеральных ресурсов страны. Его деятельность будет носить открытый характер, а ее результаты будут докладываться Парламенту.

В целом наша экономика достигает того состояния, когда реформы уже могут и должны привести к осязаемому улучшению жизни людей.

Наше благосостояние будет улучшаться тем быстрее, чем больше казахстанцев забудут об уравниловке и поймут, что только результаты труда и реальные способности каждого человека определяют его доходы и социальный статус.

Настало время сделать в наших реформах еще один решительный шаг, направленный на улучшение социального положения граждан, дальнейшее совершенствование рыночных преобразований в стране. Поэтому по моему поручению вносится на рассмотрение этой сессии блок законов, которые я считаю жизненно необходимыми для страны.

Уважаемые господа депутаты, прошу вас обратить особое внимание на то, что эти законы актуальны, своевременны и требуют рассмотрения в приоритетном порядке.

Эта группа законов должна быть принята до конца года.

Речь, в частности, идет о следующих документах.

Это 3 важнейших закона в социальной сфере.

1. Закон «О занятости населения» должен не только обеспечить эффективную политику в этом вопросе, но и сократить безработицу.

Надо защитить внутренний рынок труда путем квотирования привлечения иностранной рабочей силы. Надо, чтобы были четко определены права и гарантии, предоставляемые государством в сфере занятости. Например, гарантии на социальную защиту от безработицы, защиту от любых форм дискриминации и обеспечение равных возможностей в получении профессии и работы.

2. Закон «О социальном партнерстве в Республике Казахстан» должен обеспечить эффективный механизм регулирования социальных и трудовых отношений, гарантировать трудовые права работников, их социальную защиту. Его цель — согласование интересов исполнительной власти, работодателей и работников. Этот закон должен стать еще одним эффективным гарантом социальной стабильности в обществе. Надеюсь, что наши профсоюзы вместе с органами власти приложат все усилия для его реализации.

3. Закон большой социальной значимости «О строительных сбережениях» должен обеспечить создание нормальных условий для развития жилищного строительства, которое, как вы знаете, является одной из базовых отраслей экономики.

В современном государстве каждый гражданин должен иметь благоустроенное жилье. Задача государства — помочь своим гражданам в этом. Мы будем практиковать новую форму кредитования населения — жилищный заем, который может использоваться гражданами на приобретение либо строительство жилища, на улучшение жилищных условий на территории страны.

Второй блок — это 5 важнейших законов в финансово-экономической сфере.

1. Закон «О страховании и страховой деятельности» призван развивать страховую индустрию. Страховые институты должны стать важной составной частью системы медицинского и пенсионного обеспечения населения, выполняя, таким образом, важную социальную функцию.

Этот проект предоставляет широкие возможности для притока в Казахстан инвестиций из-за рубежа и, вместе с тем, оптимально ограничивает присутствие иностранных инвесторов на страховом рынке Казахстана.

2. Налоговый кодекс и Закон «О трансфертном ценообразовании» должны защитить экономические интересы государства и пополнить государственную казну, что позволит направить дополнительные средства на решение социальных проблем общества.

Необходимо законодательно запретить всякие способы выколачивания денег из предприятий их собственниками и менеджерами, о чем мне неоднократно приходилось говорить этим летом, таких как повышение кредитов по завышенным ценам и предоставление собственных средств взамен, продажа себе по заниженным.

Мы остро нуждаемся в новом налоговом законодательстве, и перед вами стоит задача уделить ему максимальное внимание, активно включиться в процесс его доработки и принять в ближайшее время. Все банкиры, предприниматели, население — приняли участие в обсуждении Налогового кодекса. Теперь дело за Парламентом, который должен учесть все замечания при доработке проекта Кодекса.

Считаю, что мы должны ужесточить спрос за полное поступление средств в бюджет. Необходимо обеспечить прозрачность всех финансовых потоков. Крупные налогоплательщики, особенно работающие на рынке минеральных ресурсов страны, должны увеличить поступления в казну. Это крайне необходимо для решения социальных проблем республики. Надо сократить перечень налогов, сборов, снижать прямые налоги и увеличивать косвенные. От налоговой декларации перейти к базе данных о доходах каждого гражданина.

Налоги должны создавать условия для развития товаропроизводящих компаний, которые ориентированы на интересы государства, стимулировать обновление фондов, реинвестиции в экономику страны. Выгода должна быть обоюдная.

3. Закон «О конкуренции и ограничении монополистической деятельности». Как известно, хозяйствующие субъекты, осуществляющие монополистическую деятельность, составляют основу экономики Казахстана. От результатов их работы, от цены и качества их услуг во многом зависит самочувствие нашей экономики, наших граждан. Поэтому крайне важно обеспечить эффективное государственное регулирование их деятельности в интересах всего общества.

4. Закон «О зерне», создающий экономические механизмы увеличения производства и рациональному использованию этого стратегического продукта.

5. Закон «О внесении дополнений и изменений в некоторые законодательные акты по вопросам банковской деятельности».

Нам необходимо усилить банковский надзор на консолидированной основе, чтобы учитывать финансово-хозяйственную деятельность всех акционеров банков второго уровня. Тогда больше средств пойдет в экономику страны, а не в оффшорные зоны. Вообще, предприятиям, зарегистрированным в оффшорных зонах, надо запретить быть акционерами наших банков.

Третий блок — это 3 важнейших закона в области правовой реформы.

1. Законы о местном государственном управлении и местном самоуправлении. Реформы в этой области неоправданно затянулись.

Если деятельность высших государственных органов страны осуществляется в соответствии с Конституцией и конституционными законами, то местное государственное управление до сих пор регламентируется законом, принятым еще в 1993 году. Несмотря на многочисленные поправки, этот закон уже давно устарел и должен быть, как можно скорее, заменен. Закон должен четко определить полномочия и обязательства перед государством разных уровней управления и санкции за нарушение этого правила. Закон должен при этом четко зафиксировать унитарность нашего государства и единство исполнительной ветви власти сверху донизу. Это откроет возможности для выборности местных органов власти. Мы должны четко расписать полномочия, обязанности и права аульных, поселковых, районных, областных акимов. Выход за рамки этих полномочий должен строго пресекаться. Только приняв этот закон, мы можем переходить к выборности местных органов власти.

В соответствии с уже представленными законопроектами, полномочия маслихатов в вопросах контроля деятельности акимов будут значительно расширены.

Маслихаты получат право контролировать исполнение местных бюджетов, утверждать состав акимата. Кроме того, будет определен реальный механизм, позволяющий маслихатам давать оценку деятельности акима.

Без закона о местном самоуправлении остаются нереализованными конституционные положения, предусматривающие возможность самостоятельного решения населением страны вопросов местного значения.

2. По моей инициативе Правительством будет внесен проект Закона «О судебной системе и статусе судей», во многом основанный на законопроекте, инициированном депутатами Парламента. Нужно признать, что правовая реформа у нас отстает. Этот закон нам нужен для укрепления независимости судебной системы, повышения качества отправления правосудия и надежной судебной защиты прав и законных интересов граждан. Необходимо отделить кадры судей от исполнительной власти, покончить с волокитой и бесконечными мытарствами людей по судебным инстанциям. Следует укрепить авторитет судей.

3. Нам надо наконец-то определиться по Закону «О земле», без политизации, исходя из приоритетов рационального использования и охраны земель, сохранения и улучшения природной среды, создания условий равноправного развития всех форм хозяйствования на земле, укрепления рынка недвижимости и развития рыночных институтов в области землепользования.

### **Уважаемые депутаты!**

Я знаю, что в портфеле у вас имеется немало других проектов. Но прошу в первую очередь рассмотреть именно эти законы.

Они направлены на улучшение благосостояния простого человека, на его защиту. Уверен, что общество с благодарностью встретит эти законы.

Для их принятия Парламенту и Правительству необходимо действовать в унисон, найти понимание по всем вопросам и прийти к разрешению всех возможных спорных ситуаций. Желательно названные законы принять в этом году.

Хочу остановиться еще на одном вопросе.

Стабильное экономическое развитие возможно только при надежном обеспечении национальной безопасности страны. Этому было посвящено мое прошлогоднее Послание народу Казахстана. Оно оказалось своевременным.

Резкое обострение ситуации на южных рубежах СНГ и драматические события августа 2000 года в Кыргызстане и Узбекистане являются предвестниками серьезных испытаний, которые стоят перед государствами Центральной Азии в целом. Считаю необходимым проинформировать Парламент Казахстана о наших подходах по вопросам безопасности на этом важнейшем направлении.

В конце прошлого года на Совете Безопасности Республики Казахстан была принята Стратегия национальной безопасности страны на 1999-2005 годы.

В этом документе предельно четко обозначены основные угрозы национальной безопасности страны. В числе наиболее острых проблем названы международный терроризм и экстремизм. Правительством был разработан план мероприятий по реализации Стратегии национальной безопасности.

В развитие Стратегии мы приняли в начале 2000 года новую Военную доктрину страны, которая практически нацелила наши Вооруженные Силы на отражение новых угроз. Началось воплощение в жизнь программы военной реформы и военного строительства.

Мы приступили к созданию военных округов на территории страны, и первым начал создаваться Южный военный округ. Мною дано поручение о повышенном финансировании армии уже в текущем году. В бюджете 2001 года впервые закладывается фиксированный минимум военных расходов — 1% ВВП. Но этого может оказаться мало. Значительно укрепился пограничный и таможенный контроль границы Казахстана, особенно на проблемных направлениях. Найдена возможность дополнительного финансирования пограничных и таможенных служб, создаются новые погранотряды.

Впервые за многие годы проведены специализированные учения с отработкой взаимодействия различных силовых ведомств в горной местности. Создаются новые мобильные войска с учетом специфики конфликтов последнего времени.

Нам придется и дальше принимать меры по укреплению Вооруженных Сил, что, несомненно, полностью соответствует интересам обеспечения национальной безопасности. Мы будем вынуждены направлять на эти цели значительные средства.



Как известно, в Бишкеке государства Центральной Азии заявили о необходимости совместных действий против международного терроризма и обратились в Совет Безопасности ООН с целью рассмотрения сложившейся ситуации.

Я призываю к бдительности не только силовые структуры страны, но и все ветви исполнительной власти на местах. В этих условиях крайне необходимы сплоченность, единство нашего народа и всех политических сил.

Казахстан есть и будет полиэтническим государством.

Это не митинговая фраза, а истина. Вот почему для нас очень важна задача сохранения национально-культурных ценностей всех народов. Особенно это актуально сейчас, в Год поддержки культуры.

Для государства не менее важен и религиозный вопрос. Ведь наряду с мусульманами и христианами у нас живут представители многих других религий.

В целом религиозная ситуация стабильна. В стране насчитывается около 1800 зарегистрированных религиозных объединений. Они активно принимают участие в праздновании общенациональных дат, оказывают солидную благотворительную помощь.

Но, вместе с тем, имеется ряд проблем. Нам необходим законодательный за-слон распространению экстремистских религиозных течений, которые дестабилизируют общество и под религиозными лозунгами борются за власть. Надо усилить контроль за обучением нашей молодежи в зарубежных учебных заведениях и не допускать ее заражения идеями экстремизма, религиозного фанатизма.

### **Уважаемые господа депутаты!**

Основы либеральной социально ориентированной экономики, демократического общества в Казахстане заложены.

Мы привыкли говорить, что проводим реформы. Теперь мы должны констатировать, что реформы в основном проведены. Мы пережили с вами драматический и тяжелый, но исторический по масштабу период перемен в политике и экономике. Надо двигаться дальше.

Мы переходим к следующему этапу, где должны быть созданы условия для закрепления достигнутых позитивных результатов и обеспечена защита экономики как от внешних, так и от внутренних рисков.

Поэтому назрела объективная необходимость конкретизации перспективных направлений развития государственной политики Казахстана в рамках существующего стратегического программного документа «Казахстан-2030» для обозначения четких ориентиров и правильного перераспределения имеющихся в экономике возможностей.

## **БҰҰ мыңжылдық саммитінде сөйлеген сөзі**

*АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 2000 жылдың 6 қыркүйегі*

**Уважаемый господин Председатель!**

**Уважаемый господин Генеральный секретарь!**

**Уважаемые дамы и господа!**

Совершенно очевидно, что новое тысячелетие несет нам не просто глобальные изменения, но предполагает наступление переломного этапа в жизни человечества.

Но сегодня уже нет сомнения и в том, что глобализация, диктующая контуры нового миропорядка и, несомненно, относящаяся к явлениям прогресса, в то же время для многих государств может иметь немало негативных последствий.

Обусловлено это многими факторами, среди которых одним из главных является очевидное неравенство стран мирового сообщества. Это проявляется даже в нашей повседневной терминологии, отражающей градацию этого неравенства — богатые и бедные, развитые и экономически отсталые, имеющие ресурсный потенциал и уже исчерпавшие его и т.д.

Если достижениями и плодами глобализации будет пользоваться лишь небольшая группа высокоразвитых стран, то это неизбежно приведет к противостоянию, возникновению конфликтов и социальных катаклизмов намного тяжелее тех, которые земная цивилизация переживала в последнее и предыдущее столетия. Народы мира с надеждой смотрят на то, что их лидеры, ООН смогут найти оптимальные пути решения глобальных проблем.

В этой связи, как мне представляется, и ООН, и национальные правительства должны взять на себя взаимные обязательства. Во-первых, каждая страна должна четко и ответственно определить свои позиции в процессах глобализации, чтобы предусмотреть и максимально нейтрализовать возможные негативные проявления. Во-вторых, в рамках модернизации своей деятельности, в качестве одной из приоритетных задач ООН могла бы взять на себя разработку модели глобализации, максимально учитывающей интересы всех, условно говоря, обделенных стран. Но, одновременно, она должна быть и более адекватной для большинства населения развитых стран, поскольку и внутри них неизбежно будет углубляться дифференциация населения.

В этой модели должны быть предусмотрены и меры по повышению эффективности существующих и созданию новых, отвечающих требованиям времени систем безопасности. Не секрет, что, несмотря на большие достижения, ООН не всегда успешно справляется с задачами поддержания мира и безопасности. В этой связи наряду с усилением миротворческого потенциала ООН и, в первую очередь, его Совета Безопасности, весьма перспективным было бы использование возможностей региональных систем безопасности и налаживание взаимодействия с ними.

Не вызывает сомнения, что такие из них, как ОБСЕ, или уже принимающее конкретные очертания Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии, или «Шанхайская пятерка», могут во многих случаях действовать весьма результативно.

Активное включение в процессы поддержания стабильности и безопасности региональных систем позволит снять остроту и с проблемы «гуманитарной

интервенции». С их помощью при поддержке Совета Безопасности можно урегулировать многие конфликты без грубого вмешательства во внутренние дела суверенных государств.

О настоятельной необходимости таких подходов свидетельствуют и происходящие в настоящее время в Азии процессы. В одну из «болевых точек» планеты превратился Афганистан. Многострадальный народ этой страны более 20 лет после вторжения советских войск испытывает все ужасы войны. Нестабильность, бедность в этой стране превратили ее территорию в плацдарм распространения экстремизма, международного терроризма не только в Центральной Азии, но и по всему миру. В Афганистане ежегодно производится до 3 тысяч тонн опиума-сырца, который затем в переработанном виде доставляется в Европу и США.

Недавно главы государств Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана и Таджикистана вместе с Россией обсудили эту проблему и обратились к ООН и мировому сообществу с призывом об оказании содействия в нормализации ситуации. Мы считаем необходимым созвать специальное заседание Совета Безопасности, посвященное рассмотрению ситуации в Афганистане и Центральной Азии для разработки практических мер по стабилизации ситуации.

В число обсуждаемых вопросов может быть включена и проблема распространения ядерной угрозы в связи с тем, что наметилось устойчивое противостояние некоторых стран, обладающих ядерным оружием. Ряд стран региона находится на пороге обретения этого оружия. После распада СССР Казахстан остался обладателем громадного потенциала атомного оружия. Наша страна впервые создала прецедент добровольного отказа от этого арсенала. Поэтому сегодня мы вновь призываем все ядерные державы перейти к конкретным шагам по ликвидации ядерного оружия.

В плане совершенствования деятельности ООН в эпоху глобализации было бы целесообразным в ее структуре развивать такие институты, которые на основе глобального анализа ситуации могли бы заранее предупреждать о назревающих конфликтах, вырабатывать рекомендации для вмешательства в ситуацию на ранних стадиях и предотвращать военные методы решения конфликтов, эффективно используя превентивную дипломатию. Они могли бы стать незаменимым инструментом решения социальных и экономических проблем, являющихся источниками нестабильности.

### **Уважаемые дамы и господа!**

В конце 1943 года на тегеранской конференции, на которой впервые обсуждался вопрос будущего миропорядка, великий американец — Президент Соединенных Штатов Франклин Делано Рузвельт, обращаясь к участникам встречи, сказал: «У каждого из нас своя собственная философия, собственные обычаи и образ жизни. Но мы доказали здесь в Тегеране, что отличные друг от друга идеалы наших наций могут быть совмещены в единое гармоничное целое в ходе движения вместе к благополучию всего мира, увлекая нас к общему благу».

Думаю, что это пожелание актуально сегодня и для нас, стоящих на пороге XXI века — века бурных перемен, века глобализации, как мы все надеемся, несущих благо всему человечеству. Мир стал глобальным, взаимозависимым, где верховенствующим принципом должно стать глобальное партнерство.

## Түркістан қаласының 1 500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі

*Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, 2000 жылдың 20 қазаны*

**Ардақты отандастар!**

**Аса биік мәртебелі меймандар!**

**Қадірлі түркістандықтар!**

**Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгін қасиетті Түркістан топырағына қай-қайсымыз да тебірене қадым бастық. Бұл — баршамыздың көптен аңсай күткен күніміз. Бізбен бірге бұл қуанышты бөлісуге алыс-жақыннан ағылып, тегі бір туыстар мен тілегі бір достар келді.

Мен ең алдымен, бұл тойға қатысып отырған мемлекет және үкімет басшыларына, атап айтқанда:

Түрік Республикасының Президенті Ахмед Недждет Сезер мырзаға,  
Қырғыз Республикасының Премьер-министрі Муралиевке,  
Әзірбайжан Республикасының вице-премьері Эфендиевке,  
Тыва Республикасы Үкіметі Басшысының орынбасары Ондар Чилгычи Чилимге,  
Татарстан Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің төрағасы Мухаметшинге,  
Башқұртстан Республикасының мәдениет министрі Сагитовқа халқымның атынан, өзімнің атымнан риясыз алғысымды білдіргім келеді.

Сондай-ақ халықаралық ЮНЕСКО ұйымының Бас Директорының орынбасары Дуду Диен мырзаға және басқа да халықаралық ұйымдар мен шет ел қалалары мен аймақтарынан келген делегация басшыларына шын жүректен рахмет айтқым келеді.

Бұл — шынайы бауырмалдықтың, тату-тәтті көршілестіктің, рухани туыстық пен бірліктің айқын көрінісі.

Бұл — бүгін басымызды қосып отырған ежелгі Түркістан қаласының жалпы адамзаттық және өркениеттік тарихта қастерлі орын иемденетіндігінің даусыз куәсі.

Бұны сезіну — бәріміз үшін үлкен ғанибет.

Бүгін баршаңыздың көз алдарыңызда қызғалдақтай құлпырып тұрған ару қала, аруақты Түркістанның бастан кешкендері — айтып тауыстырмас шежіре.

Ол шежіре бүгінгі адамзат пен бүгінгі өркениетті құрап отырған халықтар мен мәдениеттердің тереңнен табысатын төркіндестігі мен тамырластығына, жарастығы мен жалғастығына көзімізді жеткізе түседі.

Қаратау бұйраттары мен сылаң Сырдың арасын алып жатқан осынау алқап көптен көзді арбап, көңілді аударып келген.

Онда әрідегі алғашқы қауым тұрақтарынан бастап, берідегі сан қилы өркениет орталықтарының жұрнақтары молынан ұшырасады. Соның өзі-ақ, бұл атыраптың Теріскей Еуразияның ойкуменаға айналуы тарихында атқарған орасан зор қызметін аңғарта алса керек.

Түркістан ендікпен өлшеген де, бойлықпен өлшегенде де жер шарының кіндік тұсына орналасқан. Отырықшы үрдістің ең терістік, көшпелі үрдістің ең түстік шебін

иемденген. Ежелгі дүниенің ең басты трансконтиненталық сауда арнасы — Ұлы Жібек жолының бойында тұрды. Сондықтан да оның есігі төрт тарапқа бірдей ашық болды. Шартараптың мәдени-рухани, саяси-дүниетанымдық, шаруашылық-тұрмыстық жетістіктері оған соқпай өте алмады. Эллинизм мен тіңіршілдік, зороастризм мен манихейлік, буддизм мен конфуцишілдік, христиан мен ислам оның төріне жарыса аттады.

Мұнда Түркістан, Тараз, Отырар, Испиджаб, Сығанақ, Жент сынды қалалар пайда болды. Сауда мен қол өнерінің, халықаралық қарым-қатынастардың, интеллектуалдық және рухани өмірдің ірі ошақтарына айналды. Адамзаттық руханияттың Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт, Қожа Ахмет Яссауи, Сөлеймен Бақырғани сынды алып тұлғаларын шығарды. Өз замандарында әлемге белгілі Бұқара, Мерв, Самарқанд, Герат қалаларымен бірге Шығыстық урбанизмнің жарқын шоғырын құрады.

Көпғасырлық көне тарих солардың арасынан бірте-бірте Түркістан мен оның төңірегіндегі кеңістіктің маңызын үстей түсті. Бұл өлке турандық өркениет кеңістігінде жыл санап жетекші маңызға ие бола бастады. Оған, негізінен, біздің дәуіріміздің бесінші ғасырынан басталған Орталық Азиядағы жаңаша жіктелу процесі түрткі болды.

Арктикадан экваторға, Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа дейінгі ұланбайтақ кеңістіктегі ерсілі-қарсылы миграциялық ағындар өрістеді. Оның ешқайсысы да соқпай өтпейтін бұл аймақ ұзақ уақыт демографиялық және өркениеттік шарпысулар кеңістігі ретінде күн кешті. Соның нәтижесінде жаңа этностар пайда болды. Олар аймақтық, еуразиялық, тіпті әлемдік үстемдіктерге жетуге ұмтылды. Әрідегі скифтер, сарматтар, масагеттер, берідегі гүндер, үйсіндер, оғыздар, қимақ-қыпшақтар, маңғолдардың құрлық аралық баса көктеулері Түркістан жатқан кеңістікке жеткенде түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырды. Айта қаларлықтай этникалық, демографиялық, мәдени-руханияттық жаңа сипаттарға ие болды. Соңғы бір жарым мың жылдықта Түркістан әлгіндей саяси-этникалық құбылыстардың межелік шебіне, тіпті кіндік өрісіне айналды. Оған түркі нәсілінің қалыптасуы мен таралуы, мұсылман дінінің көшпенділер әлеміне дендеп ене бастауы шешуші ықпал етті.

Бұл ықпалдың түбегейлі үстемдікке жетуін көне аңыздар анасынан мұсылман болып туып, дінсіздермен кескіліскен күрес ашқан Өғыз ханның Түркістанға ауып келіп, Иасы деген жерге бекінгеніне, сол арада қарсыластарын қирата жеңгеніне байланыстырады. Ал деректі тарих оғыз хандығының күшейіп, исламды таратушылардың ең ықпалды топтарын Сырдария бойына шоғырландыруымен түсіндіреді.

Қайткен күнде де, Түрік әлемінің қайта дәуірлеуінде бұл аймақтың атқарған қызметін ешкім жоққа шығара алмайды. Ежелгі Ясыдан бастау алған сельджуктер қозғалысы әуелі Орта Азияға, сосын Таяу Шығысқа, одан әрмен Анатолия мен Күнгей Азияға қанат жайып, ақыр аяғында Византияны құлатып тынғаны белгілі. Ол тұста бұл лекке ілеспей қалған түркі тайпалары кейін маңғолдармен қосылып, Балқан мен Балтыққа дейін барып, Алтын Орда мемлекетін құруға ат салысты.

Бұл көшпелі империяның мұсылмандануы да негізінен Түркістанға байланысты екендігі тарихтан мәлім.

Әуелі Еуразияда, сосын күллі әлемдік үстімдікке жеткісі келген Ақсақ Темір де жиһангерлік жорықтарының алдында осы бір киелі орынға арнайы ат басын бұрып тұрған.

Әлемдік-адамзаттық дамудың империялық үлгісі тоқырауға ұшыраған кезде Осман империясы мен Алтын Орда да, Ақсақ Темір мемлекеті де күйреді. Күшпен бағындыру үрдісі уақыт талабына жауап бере алмай, олардың қол астындағы елдер мен жерлер бет-бетіне шашырап кетті.

Бірақ, әлемдік-адамзаттық дамудың ұлттық-аумақтық үлгісі дәурендей бастаған тұста да Түркістан мен Түркістан төңірегі қайтадан шешуші маңызға ие болды.

Ол кездегі саяси күштер мен экономикалық үрдістердің ара салмағы Туран жазираларындағы көшпелі және отырықшы үрдістегі түркі элементтерін екі тарапқа жіктеді. Олардың әр қайсысы өз алдына мемлекеттік дербестікке ұмтылды. Бұрынғы Алтын Ордадан бөлінген Ноғай Ордасы, Дешті Қыпшақ пен Ақ Орда, Шағатай ұлысынан бөлінген Мағолстанның теріскей батыс ұлыстары далалық Қазақ хандығын құрады.

Он алтыншы ғасырдың соңына қарай қазақ астанасы Түркістан қаласына келіп біржолата бекінді. Бұл кездейсоқтық емес еді. Түркістанның мұндай геосаяси ықтималдығын тұсында Дешті Қыпшақ, Ақорда, Әбілқайыр хандығы сынды мемлекеттік бірлестіктер де мықтап ескерген еді. Өйткені, негізінен көшпелі тайпалардан құралған мемлекеттің одан арғы дамуы, нығаюы, саяси-экономикалық және мәдени өркендеуі көршілес отырықшы елдермен тығыз қарым-қатынас жүргізуге байланысты еді.

Қазақтардың этникалық аумағында соңғы дәуірде отырықшылық өріс алып, егіншілік қанат жая бастады. Сауда-саттық орын тепті. Ал мұның өзі қазақ мемлекетігі мен ұлттық-аумақтық тұтастығын нығайтуға оң ықпал етті. Сол заманда Түркістан көршілес өзбек, қарақалпақ, қалмақ, ноғай (маңғыт), мағол, қырғыз халықтарымен жан-жақты қарым-қатынас орнатуда шешуші қызмет атқарғаны белгілі. Рас, мұндай қарым-қатынастар ара-тұра әскери қақтығыстарға ұласып кеткен кездер де болды. Алайда мұндай келеңсіздік ұзаққа бармай, бұрынғы достық, татулық байланыстар қайтадан қалпына келіп отырды.

Түркістанды мұндай берекелі қонысқа айналдырып жүрген ең басты себептердің бірі Сырдария өзенінің бойына орналасқаны еді. Кезінде Ибн Рузбихан Исфакхани «Түркістан — ең әйгілі ел. Сейхун жағалауындағы Түркістан отыз қамалдан тұрады.

Сейхуннан таратылған арықтардың бойындағы қамалдар нағыз пейіш бағы іспеттес», — деп жазып еді.

Бірақ, Түркістанның жаңа қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес еді. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып алғанды. Бұл исламдық руханиятта ерекше орын иемденетін айтулы сопылық мектептің негізін салған шайқы, ғұлама ақын, Қожа Ахмет Яссауидің жан-жақты ұстаздық және уағызшылдық қызметінің арқасы еді.

Сайрамда дүниеге келіп, Отырарда Арыстанбабтан дәріс алып, Бұхарада Жүсіп Хамаданидің мүридін болып, сопылық іліміне жетілген Құл Қожа Ахмет Яссауи еліне оралып, мұсылмандық шығыста айырықша көзге түскен әулие саналды. Ол мәңгілік ақиқатты қалың бұқараға түсінікті тілмен насихаттап, ислам дінін көшпелі түрік әлемінің рухани дәстүрлерімен үйлестіре білді.

Өзінің әйгілі «Даналық кітабын» дүниеге әкелді. Сүйтіп, халық арасында Өзірет сұлтан атанған Қожа Ахметтің беделі арқасында Ясы қаласы ортағасырлық дүниеде алыс-жақынды ауызына қаратқан аса маңызды рухани ағартушылық орталығы ретінде танылды.

Кемеңгер ғұламаның қабірі басына Әмір Темір тұрғызған кесене Орта Азия мен Қазақстандағы ең қастерлі мінәжат орынына айналды. Еділден Ауғанға дейінгі, Қап тауынан Қашқарға дейінгі ұланғайыр кеңістіктегі мұсылмандар Қожа Ахмет Яссауи қабіріне келіп тауап етіп қайтуды дәстүр тұтты. Кейін ол әлгіндей ұлағатты зиярат орынынан аса ірі сауда, қолөнер орталығы ретінде де өз маңызын одан әрі күшейте түсті.

Бұл арада жаңа қалыптасқан түрік әлемінің көршілес иран, моңғол, қытай, үнді тектес халықтардың этномәдени кеңістігімен ықпалдасуына да, кейін құрылған Қазақ хандығының іргелес елдері мен бейбіт қарым-қатынас орнатуына да әулие Түркістанның айырықша ықпалы болғандығын ерекше атап өткен жөн.

Жан-жағымен мұндай жарастықты қатынас сахара тұрғындары арасында отырықшылық мәдениетінің, жазу-сызудың, кітаби білімнің, сауда-саттық пен кәсіпкерліктің, зайырлы тұрмыс-салттың кеңінен таралуына септігін тигізді.

Түркістан қаласы қазақ хандары тұсында да Еуразияның және күллі мұсылман дүниесінің ең ірі саяси, мәдени, рухани орталығы ретіндегі жоғары мәртебесін биіктете түспесе, еш аласартқан жоқ. Бұл кезеңде Қожа Ахмет кешені, аса жоғарғы билік орыны — хан сарайы қызметін де атқарды. Ақ сарай деген атаққа ие болған сәулетті жайда маңызды мемлекеттік мәжілістер мен салтанаттар өткізілді.

Сол себепті де, Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттілігі тағдырымен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі деп ардақ тұтады. Уақыт өте келе көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, әйгілі билер мен батырлардың «пантеонына» айналуы — ежелгі қаланың ұлттық санамыздағы аялы орынын бұрынғыдан да асқақтата түсті. XVII ғасырда Есім хан мен Жәңгір ханның мазарлары тұрғызылды. Бұл жерде Тәуке хан мен Абылай хан мәңгілік мекен тапты.

Түркістан қаласында қазақ хандары таққа отырғызылды. Көршілес мемлекеттердің елшілері қабылданды. Аса маңызды мемлекеттік мәселелер талқылаған аса жоғары мәртебелі жиындар өткізілді. Осындағы Күлтөбеде үш жүздің игі жақсылары Тәуке ханның басшылығымен қазақ мемлекеттілігін нығайтудың заңдық негізі — «Жеті жарғыны» қабылдады.

Қысқасы, Түркістан — қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін дүниеге әкелген алтын бесік әрі оны кемелдендірген өнегелі мектеп. Алайда заман ауып, заң тозатын жайлар болды. Жалпы планеталық геосаяси ахуал мен экономикалық қатынастар жүйесі әлемдік билікке ұмтылған империяшыл отаршылдықты қайта күшейтті. Ал ол біздің сайым сахарда жаңа қалыптасып, енді нығайып келе жатқан ұлттық тәуелсіздігіміз бен мемлекеттік дербестігіміздің көсегесін көктей солдырды. Жан-жақтан жармасқан басқыншылықты күшейтті.

Сонғы екі ғасырдағы озбырлық оқиғалары шалқыған шаһар мен оның төріндегі ғажайып сәулет кешенінің басына бар тауқыметті үйіп төкті. 1861 жылы Қожа Ахмет кешені мен бейбіт шаһар Ресей патшалығының зіркілдеген зеңбіректерінің төмпешіне түсті. Көне Қаланың жаңа әскери бекініске айналуы тарихи орынның



адам танымастай тозғындауына әкеліп соқты. Хандардың мазарлары тып-типыл құлатылды.

Пірдің кесенесі дінсіздік мұражайына айналдырылатын болды. Жәдігерліктерінен айырылып, қабырғасына жазылған құран сөздері өшіріле бастады. Мазар маңайындағы бағалы мұралар есепке алынбастан жойылып кетті. Ол ұзақ жылдар бойы азып-тозып, өткен дәуреніміздің, өшкен елдігіміздің, жоғалтқан ұлттық бостандығымыз бен жойылған мемлекеттігіміздің, естен шыға бастаған рухани ерекшелігіміздің ең ақырғы жұрнағындай болып, көзімізге оттай, көкірегімізге шоқтай басылып, құлазып тұрды. Бірақ бәрімізді өткенді ұмытпауға, өшкенді жоқтауға, өлгендердің өкініштері мен армандарын аяқсыз қалдырмауға шақырып, атой салып тұрды. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан егемендікке қолы жетер-жетпестен-ақ ғасырлар бойғы рухани мұраттарымыздың мүбәрәк нышаны — Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіруді қолға алды.

Міне, бүгін түрік достарымыздың риясыз көмегінің және қазақ сәулетшілерімен бірігіп атқарған қажырлы еңбегінің арқасында киелі ғимарат бастапқы көркі мен көрінісін қайта таба бастағанына куә болып отырмыз.

Бұл — шайқалған шаңырағымыздың қайта орынына келгендігінің жығылған еңсеміздің қайта көтерілгендігінің істеріміздің оңға баса бастағандығының даусыз айғағы бола алса керек.

Бұған шүкіршілік айта отырып, алды-артымызға бұрынғыдан да жітірек көз салып, белімізді бұрынғыдан да бекемірек бууымыз қажет.

Өйткені біз бүгін бұл араға асқандықтан, тасқандықтан, той тойлап, ойын ойнаудан басқа шаруа таппағандықтан жиналып отырған жоқпыз. Әлі де асар асуымыз, алар биігіміз, атқарар міндетіміз бастан асып жатыр.

Әйтсе де әлденеше ұрпақтардың әрдайым көкsep өткен ел болу, басқалармен тең болу мұраттарын жүзеге асыру жолындағы еселі еңбек пен кесекті күрестен бір сәт те айнымайтындығымызға сендіру үшін келіп тұрмыз.

Жалпақ әлем мен күллі адамзатқа енді танылып жатқан еңсемізді ешқашан жықпай, егемендік туын, теңдік туын бұрынғыдан да биік асқақтата беретіндігімізді паш етуге келіп тұрмыз.

Өткен аруақтардың, келер ұрпақтардың алдындағы: «Алған беттен таймаймыз. Алға, тек алға қарай адымдаймыз!», — деген сертімізге берік екендігімізді мәлімдеуге келіп тұрмыз.

Біздің бұл мүддеміз бен бұл мақсатымызды түсінетіндердің бәрі бізге дос. Оларға құшағымыз әрдайым айқара ашық.

Ал түсінбейтіндер бар болса, олардың да бұған көздері әбден жететіндігіне кәміл сенеміз.

Біз киелі Түркістан топырағын баса тұрып, ол бастан өткерген қилы оқиғалар тереңіне ой жүгіртеміз. Олардың жеңісінен тиісті өнеге, ал өкінішінен тиісті тағлым таба алуға міндеттіміз.

Киелі Түркістан тағдырының бүгінгі адамзат қауымдастығына да, ол орналасқан Еуразия кеңістігіндегілерге де, өзара өзектес түрік әлемі мен тәуелсіз қазақ жұртшылығына да ұқтырары аса мол.

Оның ең бастысы — жалпақ әлем мен іргелес кеңістіктегі уақыт талабынан туындап жатқан зәруліктер мен тосын дүмпулерге уақытылы жауап беріп, өрелі ізденістерге уақытылы ат салыса білу.

Бұл талаптың деңгейінен табылып, әлемдік ізденістер арнасына лайықты ат салыса білген тұстарда, Түркістанның бағы ашылып, басы төрге озған.

Ол деңгейден табылмай, өзімен өзі тұйықталып, ауыл арасы шырғалаңдарына шырматылып қалған тұстарда оның да бәсі кеміп, еңсесі жығылған.

Төрт қақпалы Түркістан төрт тараптың жақсылығына түгел айқара құшақ ашып, басын асырып, бағын өрлеткен. Төрт тараптың жаманына тоқтасын, жауыздығына тойтарыс таба алмағанда ғана басы етекке түсіп, бағы кері кеткен.

Бұндай бақтың да бірден бір кепілі — сыртқы ықпалдастық пен ішкі ынтымақты бірдей дамыта білу.

Бұндай дерттің де бірден бір емі — сыртқы ықпалдастық пен ішкі ынтымақты бірдей дамыта білу.

Біз бүгін көп жасап, көпті көрген киелі қаланың тойында отырып, бұл ақиқатты ең алдымен ойға алып, одан ең алдымен қортынды шығаруымыз шарт.

Біз бүгінгі дүниенің алға тосып отырған өрелі талаптарын терең түсінеміз. Отандық тәжірибе мен жалпы адамзаттық дамудың жетістіктерін бірдей қастерлеп, өркениет жолымен алға басып, тәуелсіздігімізді нығайтып, ұлттық кемелденуімізді жүзеге асырамыз. Өз мүдделерімізге мұқият, өзгелердің мүдделеріне сергек қарауға тырысамыз. Шектес елдермен тату-тәтті көршілікті, алыс әріптестерімізбен тең мүдделестікті, туыс елдермен тағдырластықты берік ұстанамыз. Сол арқылы аймақтық және жалпығаламдық қауіпсіздікті одан әрі бекіте түсуге белсене ат салысамыз. Өз төңірегіміздегі тарихи тағдырлас елдердің реформа және демократия жолымен дамуын, күнгейдегі және шығыстағы көршілеріміздің бейбіт қарым-қатынасты нығайтуын қалаймыз.

Жаңарып жатқан дүниенің жаңаша жарастығының тезірек қалыптасып, жеделдете жүзеге асуына мүдделіміз.

Ол үшін қазіргідей бір үрдістен екінші үрдіске көшер тұста өткеннен қорытынды шығарып, ертеңге дұрыс бағдар ұстана білудің маңызы зор. Өркениетті жұрттар мұндай өтпелі кезеңде ұлтын ұйытып, жорасын жолға түсіре алатындай киелі орындарда бір-бірімен айқұшақ қауышып, бастарын түгендесетін. «Кесір тезірек кетсін!» — деп, «Кемшін тезірек толсын!» — деп, «Кемел тезірек келсін!» — деп, тәубаға келіп, өткенге өреуіл, қалғанға салауат айтысатын. Ашу-аразды қойып, ауыз бірлікке ұмтылысатын. Жолдары сосын оңғарылып, жұлдыздары сосын жанатын.

Біз де — сондай өтпелі кезеңді бастан кешіп жатқан қоғамбыз. Түркістан да — сондай киелі орынымыз.

Күні ертеңдері егемендік алғанымызға, келесі күзде тәуелсіздік алғанымызға он жыл толады. Осындай жоралы жылда ұланбайтақ еліміздің жер-жерінде рух тазартып, ар арылтар, пейіл кеңейтіп, мерей өсірер жаппай жарастыққа жұмыла алсақ құба-құп. Жаңа ғасыр, жаңа мынжылдықты береке көбейтер бірлікпен, ырыс көбейтер ынтымақпен бастағанымыз лазым. Дәл осынау киелі Түркістан төрінде, әулие Әзірет Сұлтанның іргесінде өтіп жатқан ұлы думан сондай жалпы ұлттық жарастықтың, жаппай арылу мен тазарудың жиынына айналып, жақсы бастаманың басы болғай!

Бүгінгі думанда бар болмысымен жарқырай көрінген тату-тәтті көршілестігіміз, туысқандық бірлігіміз, ізгі ниетті ықпалдастығымыз бен ынтымағымыз баянды болғай!

Ойлағанымыз оңынан оралып, көздегеніміз көкейден шыға бергей!

Мен бір кезде ежелгі шығыстың ең қастерлі киелі орыны, бүгінде жалпы адамзаттық мәдениеттің аса мәртебелі тарихи жәдігерлігі ретінде ЮНЕСКО деңгейінде тойланып жатқан Түркістан қаласының мың жарым жылдық салтанатына қатысушыларды, күллі отандастарымызды тағы да шын жүректен құттықтап, дендеріне саулық, бастарына бақыт тілеймін.

Жан-жағымыз тыныш, отанымыз аман, ортамыз бүтін, заманымыз бейбіт болғай!

Қуанышымызға ат салысып, ізгі тілектерін білдіріп жатқан мемлекеттер мен халықтардың барлығына да бақ-береке тілейміз. Басымызды иіп, алғысымызды айтамыз.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Киелі Түркістан дүние тұрғанша тұрсын!

Той тойға ұлассын!

## «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Астана қаласы, 2000 жылдың 25 қазаны

### Қымбатты қазақстандықтар!

### Құрметті депутаттар!

Тарихта өткенді еске алу үшін ғана емес, сонымен қатар келешегімізді бағамдау үшін де еріксізден кешегімізге көз тіккізетін тұстар бар. Осыдан тура 10 жыл бұрын өзіміздің тәуелсіздікке бағыт алуымыздың заң жүзіндегі бастауы болған Мемлекеттік егемендігіміз туралы Декларация қабылдаған еді.

Өткенді өзгерту Құдайдың да қолынан келмейді дейтін сөз бар. Сондықтан да, қысқа ғана уақыттың — небәрі 10 жылдың ішінде өзіміз өткен ұлан-ғайыр жолда, енді қайтіп ешнәрсені өзгерте алмайтынымызды мойындағанымыз мақұл. Бұл жолдағы біздің жаңсақтығымыз бен жетістігіміз де, жеңісіміз бен жеңілісіміз де тарихтың еншісіне айналып отыр.

Егер тарихқа қарапайым деректердің жиынтығы ретінде қарамай, оны терең мәнді етене байланыстағы оқиғалардың сабақтастық ретінде екшейтін болсақ, онда осы 10 жылдың ауқымы мен тегеуріні келер ғасырдағы келешегімізді айқындайтындай жаңа қырынан ашыла түседі.

Біздің жас еліміздің кешегісі мен келешегінің арасындағы бұл байланысты мынадай қарапайым тұжырым бейнелей алады: тиімді экономика, либералдық қоғам, ұлттық қауіпсіздік.

Келесі 2001 жыл — біздің тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы. Ұлттық тарихтың бірде-бір 10 жылы өткен оқиғаларының шиеленісі мен шамырқанысы жағынан, жасампаздық істерінің маңызы жағынан дәл мұндай ширықпалы болған емес, мұның бағасын біз емес, келер ұрпақ беруі керек. 2001 жылғы күллі ахуал осы мезеттің мән-мағынасын пайымдауға арналса ләзім.

### I. Елдің экономикалық дамуының келешегі

Германияның соғыстан кейінгі канцлерінің бірі нарық дегеніміз ашық болған жағдайда ғана аман алып қалатын парашют сияқты деген екен. Бұл осыдан 10 жыл бұрын біз білмеген ақиқат, онда біздің экономикадағы қозғалысымыз қараңғыда қарманған адамның халіне ұқсайтын. Ол кезде ашық нарық жайлы әңгіме қозғаудың өзі мүмкін емес еді. Біз кеңестік экономиканың орасан зор сыртқы қарызынан қарманып, құрдымға кетіп бара жаттық. Сөрелерді бос қалдырған экономика қаңыраған сөрелер экономикасына айналды. Ақша дегеніңіз әдіпті қағазға айналып кетті. Мыңдаған кәсіпорындар тоқтап, жүздеген мың адам жылы орындарын суытуға мәжбүр болды. 1990 жылғы қазанда жан сақтаудың өзі қиын түйінге айналды. Адам жады жамандықты ұмытуға бейіл, сол кездегі жансыз қалған экономика бүгін бізге бағзы біреудің басынан өткен ертегідей елестейді.

Шұғыл әрекет жасау керек болды. Біз жекешелендіру жүргіздік, мүлде өзге салық жүйесін қолға алып, отандық кәсіпкерлікті жасақтай бастадық. Осы заманғы банк жүйесін құруды да жоқтан бастауымызға тура келді. Біз өте қатал бәсекешіл сыртқы нарықта табан тірер тауашамызды таба білдік. Ауылдағы экономикалық

қатынастарды қайта құрдық. Сонымен бір мезгілде ұлттық Қарулы Күштерімізді жасақтаудан бастап, әлемнің ондаған елдерінде елшіліктерімізді құруға дейін дербес мемлекет орнатудың аса қиын міндеттерін шеше бастадық. Біз жанға бататын реформаларға баруға мәжбүр болдық. Реформалардың әлеуметтік салмағы, әсіресе, оның бастапқы кезеңінде тым ауыр соқты. Міндеттің ауыр болғаны соншалық: тәуелсіз Қазақстан бола ма, жоқ па деген сауалдың өзі қабырғасынан қойылды.

Алайда, соңғы тоғыз жылда жүргізілген сол реформалардың есебінен ғана біз тұрақтылығымызды сақтап, ТМД-ның барлық елдеріндегі деңгейге қарағанда, ең жоғары экономикалық өрлеуге қажетті қарқын алдық.

Бұл бос сөздер емес. Бұл дау туғызбайтын дәйектер. Биылғы тоғыз айдың ішінде өнеркәсіп өнімін өндірудің өсімі 15% артып отыр. Сыртқы сауда айналымы 30% жуық, ал экспортымыз 80% өсті. Негізгі капиталға деген инвестициялар 13%, халықтың банктердегі салымдары 83%, ал нақты секторды несиелеу көлемі 60% артты.

8 айдың ішінде сауда теңгерімінің 2,6 млрд. доллар оң өзгеріміне қолымыз жетті, төлем теңгерімінің пайдалылығы да өсе түсті.

Халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай кірісі 21% жуық, ал орташа жылдық ақшалай шығысы 22% астам артып отыр.

Экономикалық тіршілігіміздің міндеттерін шеше отырып, біз бір сәтте келешегімізді естен шығарғамыз жоқ. Сондықтан да мен осыдан 3 жыл бұрын «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының Стратегиясында» келешекке деген көзқарасымды баян еткен едім.

Біздің экономикамызға тіке салқынын тигізген 1997–1998 жылдардағы бірқатар аймақтық дағдарыстарға қарамастан, стратегиямызға өрілген барлық экономикалық өлшемдеріміз іске асырылды.

Еліміз бүгін жаңа астанадан басқарылады. Жекелеген сенімсіздіктерге қарамастан, астана берік ірге тепті. Басқару жүйесі күйрейді дейтін күйкі сәуегейлікке қасақана біз күллі әлемге, бәрінен бұрын өзімізге алға қойған ұзақ мерзімді мақсатымызға жете алатынымызды дәлелдедік.

Біз өз стратегиямызда басымдықтарды рет-ретімен дұрыс қоя білдік. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің аумақтық тұтастығы, шекарамызды сенімді қорғау және саяси тұрақтылықты сақтау бағыттарында тындырылған істер аз емес. Осыдан үш жыл бұрын дағдарыс кезінде өмірден алшақ емес сияқты елестеген экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы бүгінгі таңда біртіндеп нақты шындыққа айналып келе жатыр. Біз еңбекақының деңгейі жөнінен ТМД-да бірінші орын аламыз. Біз бірінші болып жинақтаушы зейнетақы қорын құрдық. Бүгінгі күні зейнетақы қорларындағы салымдар 80 млрд. теңгені құрап отыр.

Стратегияда белгіленгендей, біз өзіміздің энергия ресурсымыздың әлеуетін дәйекті түрде дамытып келеміз. Бүгінгі таңда Қазақстан 32 млн. тонна мұнай өндірсе, енді 10 жылдан кейін 100 млн. тонна мұнай шығаруға жетеміз.

Осы қиын-қыстау жылдардың ішінде ең жоғары халықаралық өлшемдерге сай келетіндей етіп, Ақтау портын жаңғырттық. Соңғы 3 жылда жаңадан салынған көпірлер, жолдар, әуежайлар аз емес, ал жаңаланғандары одан да көп. Бұл ретте осы жуырда ғана Семейде ашылған Ертістегі тамаша көпірді атасақ та жеткілікті. Мұның бәрі де, сайып келгенде, стратегиялық инфрақұрылымға қосылған үлес, ал онсыз бірде бір елдің болашағы жоқ.

Біздің ең басты инвестицияларымыз — адамдарға жұмсалған инвестициялар. «Халық денсаулығы» бағдарламасы емдеу мекемелерін вакциналармен қамтамасыз ету проблемасын толығымен шешіп берді. Біз 1990 жылдары белең ала бастаған қатерлі нышанның бетін қайтардық, өкпе ауруымен науқастану азая бастады. Әлеуметтік бағдарламалардың ең бір тиімдісі мектептерді компьютерлендіру болып отыр. Біз таяу уақытта бүкіл білім жүйесін 100% компьютерлендіруге жетеміз.

Күні кеше біз Түркістаннан оралдық. Онда түркі мәдениетінің осынау бірегей орталығының мыңжарым жылдық мерекесі өткізілген еді. Осы мерекенің Мәдениетті қолдау жылы өткізіліп отырғаны ерекше мәнді. Бұл ғажайып мекенде «бәрі ұмытылса да, мәдениеттің ұмытылмай қалатын дүние» екенін пайымдайсың. Біздің өз мәдениетімізді ұмытуға қақымыз жоқ.

Тегінде, не ісі жоқ, не сөзі жоқ пәтуасыздар ғана сын тезіне түспейді дейтін түсінік бар. Әлбетте, біз мәдениетімізге қарыздармыз, алайда ештеңе істелмеді десек, мұнымыз шындыққа кереғар келер еді. Қазақстанда биылдың өзінде 468 кітапхана, 238 клуб, 5 театр, 5 мұражай ашылды. Барлығы мыңнан астам мәдениет объектілері жаңадан ашылады немесе бұрын жабылғандары қалпына келтіріледі. Біз мәдениет ошақтарын жаңарту мен жөндеуге 3, % млрд. теңгеден астам қаржы жұмсадық. Биылғы жылы ғана Астанада Мемлекеттік мұражай мен опера театры, Петропавлда музыкалық драма театры, Оралда музыкалық театр ашылды. Алматыда опера театрын жаңарту жұмысы аяқталады. Осы орайда елеусіз көрінгенмен, маңызы зор бір санды да атай кетейік: еліміздің ауылдық кітапханаларына 0,5 млн. астам жаңа кітаптар беріледі. Бюджеттің жобасында 2001 жылы мәдениетті дамытуға 600 млн. теңге артық жоспарланып отыр.

Біз мемлекеттік қызметшілерді іріктеу жүйесін түбегейлі өзгерттік. Басқа елдер ондаған жылдарын сарп еткен жұмысты біз соңғы екі жылдың ішінде іске асырдық. 9 мыңға жуық мемлекеттік қызметші ашық конкурстың нәтижесінде 2000 жылдың ішінде қызметке қабылданды. Ал мұның өзі мемлекеттік лауазымға конкурстық қабылдау жүйесін өткен-кеткен тарихында білмеген, мәселені үнемі телефон мен сыбайластық арқылы немесе саяси сенімділігі деген негізде шешіп келген елде іске асырылып отыр.

Ұзақ мерзімді стратегиямызда белгіленген реформалардың бірінші кезеңі аяқталды, ал алғашқы үш жылға алдымызға қойылған басты міндеттер орындалды.

«Жақсы жоспарларды жобалаушылардың желі оңынан тұрады, ал жаман жоспарларды орындаушылардың жұлдызы оңынан туады» дейтін нақыл бар. Өз стратегиямыздың осындай күйге ұшырамауы үшін оны әлеуметтік-экономикалық дамудың 5-жылдық индикативтік және онжылдық стратегиялық жоспарына жіктеп, бірсыпыра қысқа мерзімдік құжаттар мен қамту арқылы нақтылай түсу қажет. Бұл жоспарлардың қисыны экономикалық өрлеудің ұзақ мерзімдік басымдығына негізделуге тиіс. Біздің таяу жылдардың өзінде бірсыпыра міндеттерді шешуіміз керек.

Бірінші. Үкімет пен Ұлттық банк макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтаудың негізгі тұтқасы ретінде бюджет тапшылығының жедел қысқартылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттің 2001–2003 жылдарға арналған жобасында Үкімет мұндай міндеттерді қойып отыр. 2002 жылдың бюджетінен бастап, бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 1,5% аспауға тиіс.

Үкімет шикізат нарығында істейтін компаниялардың астан кірістерін алудың тетіктерін табуға тиіс.

Акциздер мен басқа да бірқатар салықтар бойынша алымдардың деңгейі төмен, көңіл көншітпейді. Әкімдердің қолдау қаржы мен алымдар алуды ғана көздеп кетпей, жергілікті жерлерде кірісті шоғырландырумен көбірек шұғылданғаны жөн. Бұған қажет заң жобалары мен бюджет қаражаты әзір. Ендігі жерде осы заңдарды қабылдап, кірістің негізін кеңейту керек. Биылғы жылдың соңына дейін 1 қыркүйекте мен ұсынған заңдар дестесі, ең алдымен Салық кодексі қабылданады деген үміттемін.

Әсіресе жергілікті жерлерде басқару буындарын қысқартып, оларды дәйекті түрде жеке секторға көшіру қажет.

Борыштар мен қарыз алудың іс-тәжірибесі де қанағаттанарлық емес. Қарыз алғанда қандайда қысқа мерзімді, қымбатқа түсетін қарыздардан бас тартып, ұзақ мерзімді жеңілдікті қаражатқа ден қою қажет.

2002 жылы мемлекеттік бюджеттің республика, облыстар мен аудандар арасындағы кіріс пен шығыс бөліктерінің бөлінісін аяқтаған жөн.

Икемді ауқымды саясат жүргізу мен дағдарысты жағдайда бюджет үшін резерв жасақтау міндетін іске асыру ұлттық қорда тиімді жинақтаулар жасау мен оның активтерін басқарудың жақсартылуын талап етеді.

Сақтандыру нарығын, құнды қағаздар нарығын жаңа деңгейге көтеріп, зейнетақылық жинақтауларды пайдалану қажет.

Біздің бизнесіміздің шет елдерде сақталатын, өзімізді емес, бөтен экономиканы асырап отырған немесе жамбастарында жатқан жинақтарының бәрін іске қосатын уақыт жетті. Оларға кеңшілік беру арқылы өз экономикамыздың мұқтажына жұмсау керек.

Екінші. Біздің нақтылы сектордың тым кейіндеп қалғаны өкінішті. Ол инвесторлар үшін бұлыңғыр, осы заманғы есеп пен есептілік жоқ, меншік иелері мен менеджерлері арасындағы қатынастарда жаңылысулар бар. Біз экономикамызда банктер мен инвесторларға ашық қуатты жеке сектор құруға тиіспіз. Бұл үшін, менің Жарлығымда көзделгендей, Үкімет 2001-2002 жылдары барлық тиісті жерлерде жекешелендіруді аяқтауы керек.

Үшінші. Әлеуметтік қорғау мен еңбек қатынастары саласында әлі де ақтаңдақтар көп. Бізге керегі — жеке сипаттағы бірсәттік ұмтылыстар емес, дәл қазіргі әлеуметтік саясаттың толық тұжырымдамасы. Бұл жерде кәсіподақтар да, жұмыс берушілер де талап етіп қана қоймай, білек сыбанып іс тындыруға тиіс.

Дағдарыс біздің адамдардың әл-ауқатын көтеру мәселесімен ден қойып шұғылдануға мұрша бермеді. Енді соның уақыты келді. Сондықтан да мен Үкіметке 2001 жылы: бюджет ұйымдары қызметкерлерінің (мемқызметшілерден басқасының) жалақысын 30%; әлеуетті құрылымдар қызметшілерінің жалақысын 30–40%; судьялар корпусының жалақысын арттыруды; ең төменгі зейнетақыны 4 000 теңгеге дейін өсіруді тапсырамын. Халық алдындағы 5 млрд. теңге шамасында қордаланған берешекті өтеу қолға алынсын, барлық борыш 2004 жылы өтелсін.

Барлық деңгейдегі бюджеттерден келетін ақшалай кірістің бүкіл өсімі 30 млрд. теңгеден асып түседі. Осы орайда Үкімет пен Ұлттық банктің инфляцияға жол бермеуі, ал әкімдердің, ауылшаруашылығының, шағын және орта бизнес пен халық тұтынатын товарлар саласының өндірісті кеңейте отырып, осынау ақша нөпірін бағаны көтермей «бойына сіңіре» білуі ерекше маңызды.



Үкімет 2002 жылы зейнетақыға, мемқызметшілердің жалақысын өсіруге, сондай-ақ халықтың алдындағы борышты өтеуге ғана жұмылуы керек.

Мен жеке секторды жалдамалы еңбеккерлердің алақысын көтеруге шақырамын. Адамдар өз жағдайының ындап жақсарғанын сезінетін, реформалардың жемісін көретін ақыт туды.

Төртінші. Биыл ауыл шаруашылығы борышының салмағын едәуір жеңілдеттік. Енді жер мәселесін бір жағына шығаратын кез келді. Шаруалар жер пайдалану құқығын нарық айналысына салатын тетіктерді қолына алуы, сол арқылы ақша қаражатына жол табуы керек. Таяудағы жылдары оларға лизинг компанияларына нақтылы жол ашылуын қамтамасыз ету қажет.

Бесінші. Даму үшін ең бастысы — моделендіру мен құрылысқа арналған ішкі және сыртқы инвестициялар.

Бұл — іші қор түзу мен жинақтар жасауға қажетті жағдай туғызу деген сөз. Бұл міндет шешіліп те жатыр.

Бізге болашаққа және нақты өткеру нарығына бағдарланған айқын да түсінікті индустриялық саясат керек. Бүгін біз оның жалпы сұлбасы жайлы ғана айта аламыз.

Таяудағы 10 жылда Каспий аймағы мен кен-металлургия кешенінің нарығы ең негізгі ішкі нарық болары өзінен-өзі түсінікті. Мұнай-газ машиналарын жасау саласының, химия мен мұнай химиясы, құрылыс материалдары өнеркәсібінің келешегі осында.

Отандық және шет ел капиталын, тікелей инвестицияларды нақ осында бағыттау қажет.

Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі де өзінің ішкі, сондай-ақ сыртқы нарықтағы тауашасын тауып отыр. Ендігі жерде оны кеңейте, батылырақ игере беру қажет.

Осыған орай біздің ұзақ жылдар бойы жолдар салып, модерлендіруіміз керек болады, демек жол құрылысын қамтамасыз ететін салалар технологиялық жағынан жарақтаулы әрі бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Дегенмен, көкейтесті стратегиялық бағытымыз — ең алдымен экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірістер жайлы да ойлануымыз қажет.

Сайып келгенде, даму міндеттері қуатты көлік — коммуникациялар желісін салып, модерлендіруді талап етеді.

Міне, сондықтан да 2001 жыл экономикалық жағынан Үкімет пен барлық әкімдер үшін автомобиль жолдарын салу мен жаңарту жылы болуға тиіс.

Тереңге бойламай-ақ айтатын болсам, таяудағы жылдары біздің: халықаралық нарықтарға жаңа көлік схемаларын тартуымыз; стратегиялық транзиттік даңғылдарды модерлендіруіміз; «Шығыс-Батыс» және «Оңтүстік-Солтүстік» бағыттарындағы схемаларды белсенді құруымыз; Каспий инфрақұрылымын жоғары қарқын мен ілгерілетуіміз, «Алматы-Астана» автожолын жаңартуды белсене жүргізу керек болады.

Биыл еліміздің экономикалық дамуының бірінші 5-жылдық индикативтік жоспары бекітіледі.

Цифрлар тілі мен айтқанда, біз енді 5 жылдан кейін қандай белеске шығуды жоспарлап отырмыз? Болжам жасау дегеніміз әрдайым тәуекелі көп іс, дегенмен біз есептерге сүйеніп, еліміз бен халқымыздың алдына жаңа міндеттер қоямыз, әрі 5-жылдықтың соңына дейін:

нақтылы жалпы ішкі өнімнің 30% өсетініне;  
 нақтылы жалақының өсімі 25-30% кем болмайтынына;  
 инфляцияның жылына 4–5% аспайтынына;  
 мемлекеттік бюджетке салық түсімі жалпы ішкі өнімнің 25% жететініне;  
 бюджет дефициті ЖІӨ-нің 1,5% артық болмайтын мөлшерге жететініне сенімдіміз.

Алыс болашақ әсем көрінер деген сөз бар. Мұның алысты меңзеген барлық жоспарларға қатысы бар сияқты. Дегенмен, өзіміздің таяу экономикалық болашағымыз жайлы, оның тұлғалы болары жайлы сеніммен айта аламыз. Үкіметтің бүкіл қызметі, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы осы мақсатқа жетуге бағдарланатын болады.

## **II. Қоғамды демократияландыру — уақыт талабы**

XX ғасырдың саяси тарихы күнтізбелік уақытынан бұрын, ескі қоғамның шаңырағы ортасына түскен 1991 жылғы тамызда тәмам болды. Жадымыз жақсы-ақ сияқты, бірақ кейде келтелік жасап жатады. Осы 10 жылдың ішінде өзіміз де өзгердік, дегенмен қандай қоғамнан шыққанымызды ұмытып қала беретін тәріздіміз.

Біз тарих әлемінде бұрын-соңды кездеспеген түрлі ұлттардан кескінсіз ұлтсыз дүбәрәәсіруге шынымен-ақ әрекет жасалған қоғамнан шықтық. Біз мемлекеттік емес ақпарат құралдары деген ұғым халық жауы деген ұғымға барабар саналатын қоғамнан шықтық. Біз өкіметті сынаудың ақыры, айналып келгенде, абақтымен немесе ақылы ауысқандар үйімен аяқталатын қоғамнан шықтық. Біз ақиқатқа бір өзінің дара құқығы бар жалғыз ғана партия билік жүргізетін қоғамнан шықтық.

Өткен 10 жыл ішінде біз еркін сайлау өткізілетін, 16 саяси партия жұмыс істеп жатқан, оның төртеуі Парламентте өкілдік ететін қоғам құрдық. 2,5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдары бар қоғам құрдық. Газеттердің, журналдардың, телерадиоарналарының 80% мемлекеттік емес қоғам құрдық. Жүздеген түрлі діни қауымдастықтар өзара байланыста қатар қалыпты өмір сүріп жатқан қоғам құрдық. Кәсіпқой екі палаталы парламенті мен тәуелсіз сот жүйесі бар қоғам құрдық. Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірде-бірі бізде болған емес. Ал кәзір үнемі болған сияқты көрініп тұрады. Ең бастысы, осы шырғалаңды жылдардың ішінде өткен онжылдықтың соңын ала арамызға алдағы қанды алауыздықтарға бастауды көздейтін араздық қоламтасы тасталса да, бізде ұлтаралық қақтығыстар болған жоқ, бірде бір адам ұлтаралық тайталас дегеннен опатқа ұшыраған жоқ.

Біздің саяси тарихымыздағы соңғы 10 жылға қатысты қандай құйтырқы лаққан сөздер айтылса да, біздің осы уақыттың ішінде ғасырға бара-бар жолдан өткеніміз анық, ендеше ертеңгі күні, дәннің қауызынан аршылып алынатынына еш күмән жоқ.

Әлемнің ондаған елдері осындай жолдан өтті. Біздің бір ерекшелігіміз сол: біз бұл жолдан, қантөгіссіз, қару кезенусіз, мыңдаған құрбандарсыз, азамат соғысынсыз, аумағымыздың тұтастығын сақтап, қоғамымыздың ұлтына немесе дініне қарай жіктелуіне жол бермей өттік. Дегенмен, демократиялану үрдісінің жалпы мазмұны ортақ.

XX ғасырдың соңындағы басты саяси тағылым демократияландыру қағидасының ортақтығында жатыр. Демократияның ерекше үлгісі жайындағы әңгімелердің бәрі де демократиялық принциптерден қалайда алшақтау әрекеттері ғана. Сондықтан

да біздің демократияландыру принциптерінен алшақтау жалпы әлемдік үрдістен алшақтау екенін, тұйыққа тірейтін жол екенін айқын пайымдап алуымыз керек. Қозғалыстың бұл бағыты демократиялық қоғамдардың сан ғасырлық тарихының барысында түзілген еді.

Тегінде демократиялану — қоғамның өзінің қалауы. ХХ ғасырдың соңындағы либерализмді сыртқа тарату әрекеті де, сондай-ақ саясатқа толық осынау жүз жылдықтың бірінші жартысындағыдай төңкерісті сыртқа тарату қарекеті де еш нәтиже берген емес. БҰҰ-ның мыңжылдыққа арналған 2000 жылғы 8 қыркүйектегі басқосуында қабылданған Декларациясында: «Қоғамның өз ішіндегі және қоғамдар арасындағы айырмашылық үрей туғызбауға, құдалаудың себебі болмауға тиіс, қайта адамзаттың қымбат игілігі ретінде шыңдалып сомдалуға тиіс. Әлемдік мәдениет пен барлық өркениеттер арасындағы үндестікті белсенді түрде қолдап отыру міндет», делінгені кездейсоқ емес. Адамның халықаралық тұрғыдан танылған барлық құқықтары мен бостандықтары жайлы айта келе, Әлемдік қоғамдастық өзінің Декларациясында «демократияны көтермелеу мен құқық тәртібін нығайту» үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Демократияландыру проблемасының нақ осы мәдени және өркениеттік қыры қоғамымыздағы ахуалды саралаған кезде мүлде назардан тыс қалдырып жүр.

Ендеше дәл біздегідей жағдайда 10 жылдың ішінде қай құрлықта, қай ғасырда демократиялық қоғам орнатылған екен?

Біріншіден, азаматтарының бойына дәл осындай құқықтық нигилизм жүз жыл бойы қай елде сіңірілген екен?

Екіншіден, мемлекеттің ыдырауы салдарынан экономикасы мүлде құлдырап, тұралаған осындай ел бар ма екен?

Үшіншіден, ұлттық, діни және нәсілдік белгілері жағынан сан алуан, ондаған ұлттардан құралған басқа осындай ел бар ма екен?

Төртіншіден, осындай жағдайда өзінің мемлекеттігін құрған ел бар ма екен? Жоқ, мұндай мемлекет іс жүзінде де, саяси теорияда да болған емес.

Демократия жолында, шынында да біршама ілгері кеткен Шығыс Еуропа, Балтық бойы мемлекеттерін немесе Шығыс Азияның кейбір мемлекеттерін мысалға алғанда, осы елдердің айта қаларлық мәдени, ұлттық, діни біртектілігі, әрі осы елдердің бәрінде үстіміздегі ғасырдың өзінде-ақ осы заманғы мемлекеттілік тәжірибесі болғаны, еске аларлық демократиялық дәстүрлері бар екені, басқасын былай қойғанда, жағрапиялық жағдайына дейін, неге екені белгісіз, оп-оңай ұмытылып кетеді.

Сондықтан да, біздің демократияға беттеген қозғалысымыз әмбебап заңдылықтарға бағына отырып, бірнеше мәселелерді шешуі керек. Бірінші — барлығы заңдарға сүйеніп өмір сүретін нақты құқықтық мемлекет құру. Әрине, ең алдымен, мемлекеттік құрылымдардың өздері заңда белгіленген ережелер бойынша қимыл жасауы керек. Саяси процестің басқа да субъектілеріне қойылатын талаптар да осындай. Барлық азаматтар заңға сәйкес өмір сүруді үйренуге тиіс. Бұл толыққанды демократияға көшудің сара жолы. Өйткені заң өзін мен өкіметтің арасындағы шарт. Жалған демократиялық ұрандар құқықтық мемлекетте құқық ауқымынан асып кетпеуі керек, ал асып кетсе, жанжалға, бөлшектелуге, қантөгіске әкеліп тіреді. Екінші — демократия дегеніміз, қанша маңызды әрі бағалы екеніне қарамастан, саяси бостандық қана емес. Бұл лайықты экономикалық өмір шарты

мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да бірсыпыра іргелі құқықтардың іске асырылуы деген сөз. Үшінші — саяси жүйені ырықтандырған кезде біз аймақтағы халықаралық экстремизм қысымының ұлғайып келе жатқанын, халықтың аса күрделі ұлттық және мәдени-діни құрамын ұдайы есте ұстауымыз қажет. Бұл жағдайды ескермесек, жеріміз әлдеқашан отқа оранған болар еді. Бұл біздің сыншыларымыздың оңды-солды ой сабақтауына оңды болар еді, алайда біз оларға мұндай мүмкіндік бере қоймаймыз.

Алайда біздің бүгін қоғамымыздағы саяси реформаның қарқыны экономикалық өзгерістеріміздің ауқымынан біршама кейіндеп қалғанын мойындауымыз керек. «Ілгері жүрмеген — кері кетер» деген көнеден қалған сөз бар.

Саяси жүйені демократияландыру бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Бірінші. Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, құқықтық реформа.

2000 жылғы 1 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойылды. Жоғарғы Соттың жанынан Сот әкімдігін жүргізу жөніндегі комитет құрылды. Сөйтіп, соттардың қызметін қамтамасыз ету міндеті Әділет министрлігінің құзырынан алынып, еліміздің жоғары сот органына берілді. Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың құқықтық жағдайын айқындайтын жаңа конституциялық заңның қабылдануы сот жүйесінің дербестігін қамтамасыз етудегі келесі қадам болды.

Сонымен қатар құқықтық реформаның аясында еңбекпен түзеу мекемелерінің жүйесі Ішкі істер министрінің қарауынан Әділет министрлігінің құрамына берілетін болады.

Екінші. Өкілді өкімет органдарының өкілеттігін кеңейту.

«Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» жаңа Заң жергілікті өкіметтің өкілді және атқарушы органдары өкілеттігінің ара-жігін айқын ажыратып беруге тиіс. Атап айтқанда, әкімдердің қызметі мен жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелерінде маслихаттардың өкілеттігін кеңейту қажет.

Бүгін Парламенттің қолында Конституцияны өзгертуге, Премьер-министрді шет-тету тетігіне дейін кез келген министрді қызметінен алуға жетерлік нақтылы билік бар. Есеп комитетін де негізінен Парламент жасақтайды.

Дегенмен турасын айтсақ, Есеп комитетінің белсенділігі жетімсіз. Парламенттің Есеп комитетін кадрлармен нығайта отырып, осы институт арқылы мемлекеттік бюджеттің атқарылуын нақтылы бақылауға барлық мүмкіндігі бар.

Үшінші. Сайланбалылықты кеңейту және сайлау заңнамасын жетілдіру.

Таяуақытта әкімдердің сайланбалылығын кезең-кезеңімен енгізудің мемлекеттік бағдарламасы әзірленеді. Бұл бағдарламада 2002 жылдан бастап ауылдық округтар әкімдерінің сайлауын өткізу көзделеді. Осы сайлаулар аяқталғаннан кейін аудандар мен қалалар әкімдерінің сайланбалылығына көшеміз. 2001 жылдан бастап республикада жергілікті жерлерде тиісті маслихаттардың сайлау комиссияларын жасақтауына көшу біртіндеп жүзеге асырыла бастайды.

Төртінші. Азаматтық қоғам институттарын нығайту.

«Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң қабылдау қажет. Осы заңға сәйкес қалалардың шағын аудандарында, ауылдар мен селоларда, сондай-ақ, қала үлгісіндегі кенттерде қолында жергілікті проблемаларды шеше алатын нақты өкілеттіктері бар қоғамдық өзін-өзі басқару құрылымдары жасақталады.

Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қазірдің өзінде Қазақстанда құқық қорғау қызметін де, халық топтарының айрықша мүдделерін жүзеге асыруда да, қоғамды

әлеуметтік тұрақтандыруда да үлкен роль атқарып отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік мәнді жобаларды жүзеге асыру үшін кепілдіктер жүйесі арқылы елеулі мемлекеттік қолдау керек. Осы саладағы ауқымды жұмыстарды қолға алатын уақыт жетті.

Бүгін біз үшін әлеуметтік қайшылықтарды құқықтық құралдармен шешудің, әлеуметтік шиеленістің саяси арнаға өтіп кетуіне жол бермейтін тетіктер жасаудың өмірлік маңызы бар. Сондықтан бұл саладағы басымдық «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» Заң жобасы деп білемін.

Маңызды заң жобаларын Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессияларында, қоғамдық күштердің басқа да форумдарында Үкіметтің қатысуымен талқылау тәжірибесі енгізілетін болады. Бұл ретте олар түрлі әлеуметтік және этникалық топтардың мүдделерін ескере отырып, Мемлекет басшысына да, Парламентке де, Үкіметке де өздерінің ұсыныстарын енгізу құқығына ие болады.

Қазақстан азаматтарының шет елге шығу тәртібін оңайлату керек. Осыған байланысты шет елге шығу үшін ИМ-нің арнайы рұқсатын ресімдеу сияқты тәртіптің күшін жойған жөн. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының қоғамдық-саяси бірлестіктердің жабық шараларына міндетті түрде қатысуының да күші жойылатын болады.

### **III. Ұлттық қауіпсіздік — мемлекеттік саясаттың негізі**

Бір тарихи заңдылық бар, ғасырлар тоғысындағы бетбұрыс кезеңде әрдайым қантөгіс қақтығыстардың белең алатыны білініп жүр. Бірақ бүгін мұның бір айырмашылығы сонда, соғыс лаңына әдетте әлемдегі шағын және орта мемлекеттер килігеді. Осы бір кереғарлықтан біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысты мәселе қылаң беріп отыр.

Ғаламдық тайталас соңғы 10 жылдың ішінде келмеске кетіп, есесіне миллиондаған адамдардың өмірін қиған оқшау соғыс ошақтары пайда бола бастады. Негізінен алғанда, бұлар жас тәуелсіз мемлекеттердегі ішкі діни және этникалық қақтығыстар. Ең қорқыныштысы да сол. Орталық Азия әлемнің жарылыс қатері күшті 5–6 аудандарының қатарына жатады, егер әрекет жасамай қарап қалатын болсақ, біздің халықтарымыздың болашақтағы тыныштығына ешкім де кепілдік бере алмайды.

Біз бұдан 10 жыл бұрын болған қауіпсіздік жүйесінің келмеске кеткенін айқын түсінуге тиіспіз. Өкініштісі сол, қауіпсіздік тұрғысынан алғанда аймақтағы жағдай осы 10 жылдың ішінде күрт нашарлап кетті. Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

Әңгіме қандай қатер туралы болып отыр?

Әңгіме, ең алдымен, халықаралық терроризм мен экстремизм қатері туралы болып отыр. Бұл нақтылы күш және осы заманғы дүниедегі ең қуатты деген мемлекеттердің өзі де экстремистер тарапынан жойқын соққыға ұшырап отыр. Адендегі американдық әскери-теңіз күштеріне осыдан бірнеше апта бұрын жасалған қатаң соққыны еске алсақ та жеткілікті. Бүгінгі экстремизм — бұл мол ақша, ұрыс қимылдарын жете меңгерген әрі әбден жаттыққан мыңдаған қарулы адамдар, бұл тығыз халықаралық байланыстар мен қатынастар, бұл жақсы жолға қойылған идеологиялық тұғырнама. Халықаралық терроризм мен экстремизм күшінің таяу арада Орталық Азияға қарай кезелетініне еш күмән келтіруге болмайды. Мұның бірнеше себептері бар. Ал ең бастысы - бұрынғы қауіпсіздік жүйесінің күйреуі.

Аймақтың айрықша проблемасы Ауғанстан болып отыр. Осы ел экстремистер шоғырланған аумақ қана емес, әрі есірткі мен есірткі бизнесінің де ошағына айналып отыр. Орталық Азия біртіндеп есірткі өтетін өлкеге ғана емес, ең зардапты есірткіні жаппай қолданатын аймаққа да айналып келеді. Ауған есірткі бизнесі Орталық Азия халықтарының ұлттық тек-тамырына да қатерлі зардабын тигізіп отыр. 2000 жыл әлі аяқталған жоқ, ал Қазақстан аумағында ғана Ауғанстаннан әкелінген 200 килограмға жуық героин қолға түсті.

Соңғы жылдары осы елдің айналысындағы дау-дамай мен сырқынды алыпсатарлық белең алып барады. Қазақстан ешқашан өзінің нық және нақты тұғырынан тайған емес. Біздің тұғырымыз ауғандықтардың өз ішінде ұлттық ымыраға келуінің, ал оның барлық көршілері мен халықаралық ұйымдардың тіл табысу мүмкіндіктерін іздестіруге саяды. Ауған тауларында тіпті Британ империясының не әскери қуатты держава Кеңестер Одағының армиялары да жеңіске жете алмағаны да белгілі. Ауған мәселесін бәз біреудің сырттан күшпен шешіп беретініне үміт арту дегеніміз тарихты білместік болып шығар еді.

Осымен тікелей байланысты келесі қатер — ол босқындардың жаппай қоныс аудару қатері, мұның өзі Орталық Азияға нағыз гуманитарлық апат төндіретін қатер. Бүгінгі күннің өзінде, қыс түсер кезде 100 мыңнан астам босқынның Ауғанстаннан біздің елдерімізге қарай жөңкілуі ықтимал. Егер осылай бола қалса, аймақтағы тұрақтылық жайлы көпке дейін ұмытуға тура келеді, өйткені, әңгіме қарттар, әйелдер мен балалар жайлы ғана емес, қару асынған мыңдаған адамдар жайлы да болып отыр.

Көзге ұрып тұрған экстремизм, террорлық әрекеттер, есірткілер, босқындардың шұбыруы қатерінен өзге, көзге көрінбейтін басқа қауіп те бар. Соғыс алдымен адамдардың санасында басталады деген сөз рас. Күн сайын, сағат сайын біздің адамдарымыздың санасы үшін де күрес жүріп жатыр. Діни экстремизмнің Қазақстанға қатысы жоқ, біздің тарихи дәстүріміз басқа, бізде ешқашан фанатизм болған емес деген оймен өзімізді алдаусырату ретсіз. Солай екені де рас, бірақ уақыт өз өзгерістерін енгізетінін ұмытпаған жөн.

Осындай көрініп тұрған және көрінбейтін қатерге қайтаратын біздің жауабымыз қандай?

Күрделі сауалдардың оңай жауабын іздейтін алдамшы пиғылдың болмай қалмайтыны да емес. Біздің қарапайым жауап емес, дәл жауап табуымыз қажет. Біздің іс-қимылымыздың бағдарламасы еліміздің Қауіпсіздік Кеңесінің өткен жылдың аяғында қабылданған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің Стратегиясында айқын тұжырымдалған.

Біріншіден, ұлттық қауіпсіздігіміз және өзіміз ұшырасып отырған орта мерзімдік қатерлер тұрғысынан алғанда, қазіргі ең маңыздысы, аймақтық қауіпсіздіктің сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақты жүйесін жасақтау. Міне нақ осы үшін де бізге Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім мен Шанхай бестігі аса қажет. 2000 жылы Ұжымдық қауіпсіздік келісімі аясында айқын және нақты шешімдер қабылданды. Дәл осы айдың өзінде Бішкекте аймақтық коалициялық әскери топтар құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл аймақтық қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің іргесін қалайды.

Бұл шешімге ұзақ жүріп жеттік. Бұл жауапты таңдау және мұнда ұпай алуды көздейтін саясат жоқ. Мемлекет қауіпсіздігі өте-мөте маңызды мәселе және

оны алдын-ала қамтамасыз ету қажет. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімнің айналасындағы айла-шарғы жетіп жатыр.

Қазақстан бұл келісімнен іс жүзінде нәтиже шығаруды көздейді. Біздің ешкімге шабуыл жасау ниетіміз де жоқ немесе әлдекімдердің геосаяси әпербақандығын күйттемек ойымыз да жоқ. Біздің жалғыз ғана қарапайым мақсатымыз — таяу және орта кезеңде еліміздің дамуына қажет қауіпсіз жағдай туғызу. Қазіргі кезеңде Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім осы міндетті жүзеге асыру құралы болып отыр.

Мұның артығы да жоқ, кемі де жоқ. Осы мүдделердің шегінен асатын нәрсенің бәрі, былайша айтқанда, қулыққа салу болар еді. ҰҚК-ға қоса біз Шанхай бестігінің қуатын еселеуге күш салып, Орталық Азия елдері арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге қарсы бірлескен күрес туралы шарттың мүмкіндігін арттыруға жұмылатын боламыз. Депутаттардың жаңа халықаралық келісімдердің тұтас бір шоғырын бекіту тұрғысында қолдаулары да керек.

Екіншіден, көршілерің қанша жақсы болса да, әдетте, әркім әлді көршілерін сыйлауға бейіл. Бұл ақиқат алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бергі мыңдаған жылдардың ішінде айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Біз осы заманғы қуатты әскер жасақтауымыз керек. Бұл ретте біз өткен соғысқа әзірлік жасауға бейім генералдарға ұқсамауымыз қажет. Біздің әскердің алдында тұрған бүгінгі міндет бұдан 10 жыл бұрынғы міндеттен мүлде басқа.

2000 жылы соңғы 10-жылдықтың ішінде тұңғыш рет әскерді нақтылы қаржыландыру молайып отыр. Біз Қазақстан аумағында әскери округтер, ең алдымен Оңтүстік және Шығыс әскери округтерін жасақтай бастадық. Қазіргі кезде оқшау ұрыс жүргізуге бейімделген жаңа арнаулы бөлімшелер даярлау қолға алынды. Біз шекарамызды анағұрлым нығайттық. Айналасы бір жылдың ішінде бұрын пәрменді шекаралық бақылау болмай келген бағыттарда жаңа шекаралық отрядтар құрылды. Кедендік желілерде де осындай жұмыстар жүргізілді. Биыл көші-қон бақылау әжептәуір күшейтілді. Біздің арнаулы қызметтер Қазақстан аумағында экстремистік топтардың әрекетінің алдын алу мен тыйып тастауға бағытталған жөнінде ұтымды шаралар жүзеге асырды.

Кейде баршаға мәлім ақиқатты қайталап жатуға тура келеді, яғни нағыз шындық мынаған саяды, Қазақстан аймақтағы ең тұрақты және ең қауіпсіз мемлекет болып келді және алдағы уақытта да болып қала береді, өйткені біз жағдайдың тамырын тап басып, танып отырмыз.

Қауіпсіздік саласындағы проблемалардың күрделілігі сонда, ол мемлекет тарапынан әрдайым алдын ала іс-қимыл жасалуын талап етеді. Мен Қауіпсіздік Кеңесіне және әлеуетті құрылымдарға терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің 2001–2003 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жасауды тапсырдым. Әлеуетті құрылымдар жұмысы көп реттерде олардың осы бағыттағы жұмыстарының пәрменділігіне қарай бағаланады. Қарулы күштердің ахуалды да айрықша назар аударуды талап етеді. Еліміздің Үкіметі үш міндетті шешуге:

жыл сайын жалпы ішкі өнімнің кемінде 1% Қорғаныс министрлігінің қажеті үшін бөліп отыруға;

осы заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыруға;

жұмылдыру даярлығының толымды жүйесін қайтадан қалпына келтіруге тиіс.

Үшіншіден, есірткі дертіне ұшыраған қоғам қауіпсіз қоғам бола алмайды. Бұл жөнінде мен өткен жылғы Жолдауымда да айтқан едім. Иә, биыл есірткі құмарлық



пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 5-жылдық стратегиясы мен 2-жылдық мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Алайда, қандай да бір алға басушылық байқалар емес, ал деректер ахуалдың қайта нашарлап бара жатқанын көрсетіп отыр. Біз орасан зор есірткі арнасының бойында отырып, өзіміздің ішкі күш-қимылымызбен ғана мәселені шеше алмайтынымызды да түсінеміз. Дегенмен, мұның өзі, қол қусырып қарап отыру керек деген сөз емес.

Дереу бірқатар қатал және нақты шаралар қолдану керек. Мен Үкіметке әр облыста есірткі құмарлық пен есірткі бизнесіне қарсы бағдарлама әзірлеу мен енгізуді және әр аймақтың бюджетінде осы бағдарламаны қаржыландыруға қажетті қаражат қарастыруды тапсырамын. Еліміздің әрбір облысында есірткі диспансерлерін ашу немесе жұмыс істеп тұрған диспансерлер мен медициналық әлеуметтік оңалту орталықтарын нығайту керек. Есірткі таратқаны үшін және есірткі бизнесіне тікелей қатысты экстремистік әрекет үшін жауапкершілікті күшейту жөнінде ұсыныстар берілсін. Мен бұл мәселені шешуде депутаттық корпустың қолдауына үміт арттамын. Еліміздің Қауіпсіздік кеңесі есірткіні анықтау жөніндегі кедендік және шекаралық бақылауға нақты талдау жасап, осыған байланысты түскен ұсыныстар мен тұжырымдарды 2001 жылдың басында қарауға тиіс.

Төртіншіден, 2001 жылдан бастап, менің тапсырмам бойынша әзірленген еліміздің Экономикалық қауіпсіздігінің стратегиясы жүзеге асырыла бастайды.

Таяу уақытта ол Қауіпсіздік Кеңесінде талқыланатын болады. Әлемдік тәжірибені, сондай-ақ осындай өзгерістерді басынан кешкен елдердің тәжірибелерін зерделеу экономикалық қауіпсіздіктің негізгі төрт элементін — құрылымдық, технологиялық, институционалдық және қаржылық элементін қарастыратын үлгісін құруға мүмкіндік берді. Осы стратегияның негізінде үкіметтің іс-шараларының нақты жо-спары жасалатын болады.

Егер біз, біздің ұрпақ, құқықтық негіздерінің бірі осындай күз күндерінің бірінде осыдан 10 жыл бұрын қабылданған Еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан арна тартатын стратегиялық міндетті — азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасақ, онда біздің экономикалық және саяси жоспарларымыздың бәрі де тарих үшін және біздің ұрпақтарымыз үшін су бетіндегі үйірілген майда толқындай ғана болып қала береді.

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің IV отырысында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 2000 жылдың 8 желтоқсаны

### Уважаемые члены Совета иностранных инвесторов!

Со времени проведения III заседания нашего Совета прошел год. Думаю, у нас накопилось достаточно вопросов, по которым надо обменяться мнениями, подвести итоги и высказать соображения на перспективу.

В будущем году мы отметим 10-летие независимости нашей страны. Для нас, казахстанцев, это важное историческое событие. За это короткое время мы добились макроэкономической стабилизации, сформировали законодательство, необходимое для успешного ведения бизнеса, провели структурные реформы, которые создали прочную основу для ускоренного развития нашей страны в средне- и долгосрочной перспективе. В стране появился динамично растущий частный сектор, активно реализующий свои проекты в различных отраслях экономики. Постепенно складывается современная инфраструктура в сфере финансов, банков, энергетики, транспорта и телекоммуникаций.

В текущем году валовой внутренний продукт превысил 10%, индекс физического объема роста промышленной продукции составил порядка 15%, экспорт углеводородов возрос на 26%, внешнеторговый оборот Казахстана увеличился на 59%, причем с большим положительным сальдо для нашей страны. При этом инфляция по итогам текущего года не превысит 8-9%.

Как вам известно, только в 1999 году в Казахстан было привлечено более 1,5 млрд. долларов инвестиций, что, по данным Европейского банка реконструкции и развития вывело Казахстан на первое место среди стран СНГ, на третье — среди стран Центральной Азии, Центральной и Восточной Европы и Прибалтики, после Польши и Венгрии.

Свидетельством того, что меры, принимаемые Казахстаном в сфере экономики и привлечения прямых инвестиций, получают все большее признание, стало проведение здесь, в Алматы, в апреле этого года I Евразийского экономического саммита под эгидой Давоса. Многие из вас были его участниками.

Мы намерены и дальше повышать инвестиционную привлекательность нашей страны в различных секторах экономики. В Парламент внесен проект нового Налогового кодекса, который призван закрепить принципы либеральной рыночной экономики, создающие благоприятные условия для всех хозяйствующих субъектов. На моем личном контроле находится рассматриваемый Правительством законопроект, связанный с государственной защитой и поддержкой инвесторов, разработанный на основе действующего закона об иностранных инвестициях и государственной поддержке прямых инвестиций. Цель этих документов — создание равных условий и прав для иностранных и отечественных инвесторов, оптимизация гарантий государства в отношении инвестиций.

В целях защиты интересов государства готовится законопроект о внесении изменений и дополнений в законы Республики Казахстан о недрах, недропользо-

вани, нефти. Основной объем инвестиций приходится на нефтегазовый сектор. Более того, как вам известно, в связи с последними открытиями на Каспийском шельфе интерес к казахстанской нефти возрастает.

Традиционно сильна казахстанская цветная и черная металлургия. Значительным экспортным потенциалом обладает сельское хозяйство. И мы будем продолжать наращивать инвестиционные возможности в этих секторах экономики.

Я полагаю, что сегодня надо сконцентрировать наши усилия на следующих основных направлениях.

Во-первых, мы обращаем особое внимание на развитие транспортной и коммуникационной инфраструктуры страны с целью реализации транзитного потенциала, обеспечивающего наиболее оптимальный сухопутный маршрут между Европой и Азией, учитывая огромную территорию страны, развитие коммуникаций внутри страны.

Во-вторых, наши добывающие предприятия уже способны сегодня увеличить долю добавленной стоимости путем повышения степени готовности своей продукции, прежде всего экспортной. Иными словами, добываясь обеспечения более высоких переделов добываемого сырья.

Мы ставим конкретные задачи по развитию нефтепереработки, нефтехимии, а также по развитию четвертого-пятого переделов в горно-металлургической отрасли. Правительство будет ставить эти задачи, мы будем настойчиво просить вас работать в этом направлении в интересах Казахстана, нашего народа и в интересах вашего бизнеса.

В-третьих, в крупных инвестиционных проектах в нефтегазовой и горнодобывающей промышленности должна возрастать казахстанская составляющая, на конкурентных началах, разумеется, за счет привлечения местных подрядчиков на строительные работы, обеспечения получения товаров и услуг от казахстанских предприятий, а также неуклонного повышения занятости казахстанского населения, казахстанских специалистов.

В этом году наше Правительство вместе с вами провело, я считаю, огромную работу, когда заказы от инвесторов, работающих в Казахстане, на казахстанские предприятия поступили в объеме 120 млн. долларов. Подписанные контракты говорят о том, что мы можем расширить объем размещения заказов и услуг на казахстанских предприятиях до 300 млн. долларов. За это все казахстанцы будут вам благодарны. Многие люди получили работу, и это работает на экономику страны и на ваш бизнес.

Хочу акцентировать ваше внимание на одном из важнейших аспектов деятельности инвесторов в Казахстане. Вы, наверное, все обратили внимание на повышенный интерес общественности, парламентариев, средств массовой информации к деятельности ряда иностранных инвесторов, особенно тех, кто работает на переработке богатств нашей страны. Речь идет о необходимости большей транспарентности вашей работы, большей прозрачности в наших взаимоотношениях, большей информированности населения о вкладе в социально-экономическое развитие Казахстана.

Время, когда мы приступали к поиску зарубежных партнеров, как вы помните, было временем крайне нестабильной экономической обстановки, временем становления нашей государственности после обретения независимости, временем кризиса. Мы отдавали себе отчет в том, что переживаемый период представлял немалый риск и для вас как инвесторов. Мы были открыты для вас. Риски мы вынуждены были компенсировать созданием более чем благоприятных условий для инвесторов, в некоторых случаях осознанно шли на нарушение принципов международной конкуренции.

Думаю, что это было в то время оправданным шагом. Это сказывалось на качестве заключенных контрактов, вело к несбалансированности интересов инвесторов и государства. В качестве примеров можно привести ситуацию в нефтяной отрасли в этом году. При себестоимости добычи 1 барреля нефти 5–6 долларов предприятия по добыче нефти имеют рентабельность не менее 400%, а некоторые 1000%. Если средняя стоимость одного барреля равна 26 долларам, то за вычетом 5-6 долларов прибыль составляет 20 долларов за баррель. При добыче 30 млн. тонн, которые мы добыли, это 4,2 млрд. долларов. В сложные периоды, например, когда разразился мировой экономический кризис в 1997–1998 годах, государство оказывало вам поддержку через снижение тарифов, объемов, акцизов и т.д.

Напомню, что обычная практика распределения сверхдоходов нефтедобывающих стран определяется соотношением 85 и 15. В Казахстане это соотношение составляет 75 и 25. Сегодня ситуация изменилась. Риски для инвесторов существенно уменьшились. Мы будем обеспечивать оптимальный баланс интересов инвесторов и интересов государства в дальнейшем, как мы это делали всегда. Но там, где необходимо отстаивать интересы государства, государственного бюджета, интересы народа Казахстана, мы хотели бы увидеть с вашей стороны встречные движения как партнеров, как друзей.

Наши проблемы не могут обходить стороной и вас, хотя мы ни на кого не собираемся сваливать свои проблемы, мы будем решать их сами. Но пора уже поговорить и о фактах неуважительного отношения к стране, к нашим законам и к нашим гражданам. Наше граждане — экономисты и политики, журналисты, рядовые казахстанцы — все чаще задаются вопросами: насколько оптимальны условия заключенных в те годы контрактов, является ли оптимальным уровень отчисления в государственный бюджет от деятельности крупных компаний, которые мы привлекли в страну. Почему то, что называют «прямыми» инвестициями, оказывается кредитами казахстанским предприятиям, что, в общем-то, является внешним долгом нашей страны. Затем для оплаты по процентам снижают, естественно, налоги, которые должны были бы поступить в наш бюджет. Почему в Казахстан, испытывающий проблему безработицы, зарубежные компании завозят огромное количество своих специалистов, которые за одинаковый труд получают заработную плату порой в 100 раз большую, чем местные специалисты, имеющие соответствующую квалификацию? Чтобы не принимать на работу местных специалистов, придумываются совершенно невыносимые требования. В газетах иногда публикуются такие объявления: «Приму на работу мужчин в возрасте от 30 до 35 лет, владеющих венгерским языком».

Почему соответствующие казахстанские законы не соблюдаются? Причем подобные вопросы мы слышим не только от наших, но и от международных финансовых институтов, которых в большей степени интересует соблюдение равных условий международных договоренностей.

Я считаю, что мы взаимно должны беречь репутацию. Поэтому я не буду сегодня называть компании, имена их руководителей, потому что уверен, что все будет правильно понято, сделаны необходимые выводы, поскольку нам еще вместе с вами долго работать.

Думаю, что любая уважающая себя компания, занимающая достойное место в мировых экономических процессах, должна дорожить образом справедливого

партнера, образом, который соответствует новой философии бизнеса, роли в истории народа, на территории которого эти компании работают.

Мы требуем, чтобы вы работали в Казахстане так, как вы работаете у себя дома, по таким же правилам.

Создание имиджа справедливого партнера, думающего и заботящегося об укреплении благосостояния народа, на мой взгляд, для вас должно быть так же важно, как и для нас. Поэтому, принимая во внимание общественный резонанс и пристальный интерес к вашей деятельности, хотел бы, чтобы вы по-новому взглянули на некоторые аспекты своей работы.

Предлагаю ряду компаний хорошо взвесить справедливость подписанных с нами контрактов и правильность уплаты налогов. При необходимости изменения некоторых условий контрактов как с целью защиты прав инвесторов, так и защиты интересов государства не стоит нам устраивать вокруг этого ажиотаж. Все должно проходить в рабочей, деловой атмосфере партнеров, заинтересованных работать нормально.

В соответствии с законодательством о труде, с 1 января 2001 года в Казахстане будет восстановлена мощная вертикальная структура государственной инспекции по труду, главной задачей которой будет контроль за исполнением законодательства о труде и рынке труда. Я призываю всех инвесторов сегодня к открытому диалогу.

Мне импонирует, что многие члены Совета разделяют мою точку зрения. Я и впредь буду высоко ценить ваше мнение относительно дальнейших путей повышения инвестиционной привлекательности Казахстана и в целом развития страны. Всегда готов выслушать ваши конкретные предложения, тем более что в ходе нашего развития они нам очень сильно помогли.

Благодаря вашим советам мы внесли соответствующие изменения в законодательные акты, мы работали с правоохранительными органами, мы создавали все условия для вашей нормальной работы, за что благодарны.

Я имею намерение эти встречи с вами продолжить, чтобы нам совместно обсуждать наши общие проблемы.

